

ISSN 1999-4214

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 4/2021

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2021

Нур-Султан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Редакция алқасы

- Аймұхамбет Ж.Ә.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Ақтаева К.** ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
- Әбсадық А.А.** ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Бредихин С.Н.** ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** ф.ғ.к., доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
- Ермекова Т.Н.** ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- Есиркепова К.Қ.** ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Жүсіпов Н.Қ.** ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
- Курбанова М.М.** ф.ғ.д., проф., Алишер Навои атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
- Қамзабек Д.** ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Құрысжан Л.Ә.** ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
- Онер М.** ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Туркия
- Пименова М.В.** ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген № 1854-Ж 27.03.2001

Басуға 15.12.2021ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 86

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-
Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

- Аймухамбет Ж.А.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Актаева К.** д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
- Абсадық А.А.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Бредихин С.Н.** д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
- Ермекова Т.Н.** д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
- Есиркепова К.К.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Жусипов Н.К.** д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
- Курбанова М.М.** д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
- Камзабек Д.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Курысжан Л.А.** д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
- Онер М.** д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
- Пименова М.В.** д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан № 1854-Ж 27.03.2001.
Подписано в печать 15.12.2021ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ №86
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities
Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Aktayeva K. D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan,
Poland
Absadyk A.A. D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after
A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N. D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University,
Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А. C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey,
Kazakhstan
Yermekova T.N. D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University.
Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K. D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after
A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K. D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M. D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language
and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D. D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Kartayeva A.M. D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S.
Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan
Kuryszhn L.A. D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seul,
South Korea
Oner M. D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V. D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S. D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan № 1854-Ж 27.03.2001.

Signed for printing 15.12.2021 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 86

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АЮПОВА Г.К., ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ КОНЦЕПТ «ҚАРА
БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т. ШАҢЫРАҚ» ДОМ В КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ
МИРА6

ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. Ә. НҮРПЕЙІСОВТИҢ «ҚАН МЕН ТЕР»
ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ «СӨЙЛЕЙТІН» КІСІ ЕСІМДЕРІ14

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

БАЙТАНАСОВА Қ.М. ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ МЕКЕНШАҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ20

БАЛТОҒАЕВА Ж.Е. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ӨМІРМӘНДІК
КӨРКЕМ ОЙДЫҢ (ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМНІҢ)
ҚАЛЫПТАСУЫ26

МҰСАЛЫ Л., АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ
ДАУТОВА Б. КОНЦЕПТІЛЕРІ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ.....35

МҰСАЛЫ Л. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ СИМВОЛИСТ
АҚЫНДАР43

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ҚҰТТЫМҰРАТОВА Ғ. Б. Ғ. АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕР53

АЗАТБАҚЫТ А.А., М. ӘУЕЗОВТИҢ ӘҢГІМЕ-ПОВЕСТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ... 63
КАРТАЕВА А.М.

САРЕКЕНОВА Қ.Қ. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША
ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ71

Г.К. АЮПОВА

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан

Ж.Т. БАЛМАГАМБЕТОВА

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан
(E-mail: bagira_03_05@mail.ru, janna1965@rambler.ru)

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ КОНЦЕПТ «ҚАРА ШАҢЫРАҚ»/ДОМ В КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

Аннотация. Данная статья посвящена проблемам наиболее активно развивающегося направления современной антропоцентрической научной парадигмы – лингвокультурологии. Предметом исследования в статье является один из базовых, общечеловеческих концептов и способы его вербализации в национальной языковой картине мира. В рамках данного исследования рассматривается универсальный концепт, который представлен в казахском языке лексемой *қара шаңырақ/дом*. В качестве языкового материала выступают единицы паремиологического фонда и фразеологического запаса казахского языка, в которых репрезентирован исследуемый концепт. Основная цель заключается в описании концепта «*қара шаңырақ*»/дом как целостной ментальной единицы, рассмотрении способов его репрезентации в казахском языке, выявлении наиболее специфических черт национальной картины мира. Для достижения поставленной цели использованы следующие методы: описательный, функциональный, когнитивный, метод сплошной выборки и др.

Ключевые слова: лингвокультурология, языковая картина мира, концепт, лексема, дом.

Введение. Одной из магистральных наук XXI века, получившей широкое распространение, стала лингвокультурология, «основным объектом которой являются взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в процессе его функционирования и изучения интерпретации этого взаимодействия как единой системной целостности» [1, 32]. Предметом исследования лингвокультурологии, то есть ее содержанием, оправдывающим его выделение в самостоятельное направление знания, по В.В. Воробьеву, является материальная и духовная культура, созданная человечеством, воспроизводимая в системе языковой коммуникации, основанная на культурных «ценностях конкретно-исторического общества» [1, 32]. По мнению В.Н. Телия, предметом лингвокультурологии является исследование и описание синхронно действующих средств и способов взаимодействия языка и культуры [2]. Предметом лингвокультурологии, на наш взгляд, является также изучение культурного смысла и культурной семантики языковых знаков, концептов национальных языков, формирующихся при взаимодействии двух различных кодов – языка и культуры.

На сегодняшний день лингвокультурология уже сформировалась как научная филологическая дисциплина синтезирующего типа, использующая данные других гуманитарных наук. Ответвлением лингвокультурологии являются научные отрасли «Сопоставительная лингвокультурология» и «Лингвоконцептология».

Лингвокультурология (в отличие от этнолингвистики и лингвокультуроведения) «исследует проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [3, 12]. Несмотря на сходство ее предмета с рядом смежных дисциплин, лингвокультурология имеет ряд отличий, заключающихся в ином аспекте изучения связи языка и культуры. Если этнолингвистика акцентирует внимание реконструкции по данным языка культурных, народно-психологических и мифологических представлений и «переживаний» в их диахроническом движении [1], изучает язык сквозь призму человеческого сознания,

менталитета и обрядового поведения, мифологических представлений и мифологического творчества [2], то лингвокультурология считает своей основной целью выявление «повседневной» культурно-языковой компетенции субъектов лингвокультурного сообщества. Основными задачами ее являются:

- 1) выявление способов проявления культурно-маркированных сигналов;
- 2) уточнение понятия культурной коннотации;
- 3) разработка типологии культурных коннотаций [1, 17].

Лингвокультурологические единицы характеризуются учеными как синтезированные единицы, совмещающие в себе свойства лингвистического и культурного знаков. Когнитивный аспект лексикологии, культурологии сегодня становится одним из ключевых направлений лингвокультурологии и когнитивной лингвистики.

Обращение к исследованию лингвокультурологических концептов в когнитивном аспекте обусловлено, во-первых, тем обстоятельством, что лингвокультурология, как одно из молодых ответвлений этнолингвистики, в последнее время все больше сближается с когнитивной лингвистикой. Многие ученые трактуют лингвокультурологию как пограничную область науки между лингвистикой и когнитивной лингвистикой и предлагают говорить о лингвоконцептологии, формирующейся на стыке лингвокультурологии и когнитивной лингвистики [4].

По мнению же большинства исследователей (В.И. Карасика, В.А. Масловой) предпочтительней говорить о лингвокультурологии как самостоятельного направления лингвистики, специальной области науки, поскольку «основу категориального аппарата лингвокультурологии составляют понятия языковой личности и концепта» [5]. Поскольку, во-первых, категориальный аппарат лингвоконцептологии и лингвокультурологии все еще полностью не сформирован, поэтому актуальным становится исследование системы ее базовых терминов-концептов, лингвокультурем. Во-вторых, обращение к изучению лингвокультурологических концептов продиктовано стремлением рассмотреть особенности функционирования концептов в междисциплинарном аспекте, т.е. изучить, как концепты, репрезентирующие в своей структуре представления о культуре и менталитете какого-либо народа, системы его поведения, способствуют унификации и модификации поведения личности.

Методы исследования. Изучение базовых и универсальных концептов в аспекте антропоцентризма позволяет выявить значимость языка и культуры, языковой и культурной концептосферы для самого человека. Эти две сферы познания играют важную роль в познавательной речемыслительной деятельности человека, позволяя ему выявить сходства и различия в разных языках и локальных культурах с целью получения знаний о культураносных единицах языка, вербализованных и невербализованных символах культуры, уяснить их смысл, усвоить фоновые знания и применить их в процессе межкультурного общения с целью взаимопонимания с партнером.

Основными методами исследования является: описательный, функциональный, сравнительный, метод сплошной выборки метод контрастивного анализа, метод сопоставления, когнитивный анализ, метод компонентного анализа.

Обсуждение и результаты. При определении концепта в лингвокультурологии акцентируют внимание на выявлении таких его признаков как объективность, структурированность, глобальность и историчность. Концепт в лингвокультурологическом понимании это «не оперативная единица речемышления, а часть концептосферы, которая имеет свою историю» [6, 12].

Лингвокультурологический концепт имеет сложную структуру. По мысли Ю.С. Степанова, сложное строение концепта объясняется тем, что в нем отражаются разные слои, являются результатом, «осадком культурной жизни разных эпох. Он складывается из исторических разных слоев, различных по времени образования, и по происхождению, и по семантике и имеет особую структуру, включающую в себя:

- 1) основной (актуальный) признак;
- 2) дополнительный (пассивный, исторический) признак;
- 3) внутреннюю (обычно не осознаваемую) форму» [7, 21].

На наш взгляд, лингвокультурный концепт имеет структуру, складывающуюся из следующих компонентов:

- 1) понятийный компонент, дающий представление о концепте;
- 2) значимостная составляющая, показывающая место концепта и вербализованного знака в лексико-семантической системе какого-либо языка;
- 3) образная составляющая, дающая сведения о том, как репрезентируется концепт в образном виде, при помощи каких тропов;
- 4) культурно-ментальная составляющая, дающая представление о культуре, менталитете какого-либо народа, этноса в разные эпохи;
- 5) номинативная составляющая, отражающая периферию концепта.

Последняя характеризуется В.И. Карасиком как «номинативная плотность концепта, показывающая степень детализации обозначаемого фрагмента реальности, вариативное обозначение и сложные смысловые оттенки обозначаемого» [5, 112].

Рассмотрим и охарактеризуем концепт «*қара шаңырақ*». В казахско-русском фразеологическом словаре: «Тысяча метких и образных выражений» академик А. Кайдар дает следующее толкование фразеологизма «*қара шаңырақ*» – «хранитель традиций предков», «уважаемый, почитаемый дом». Далее он объясняет использование в качестве стержневого компонента наименования, важного для казаха предмета, *шаңырақ* – «*круглый остов с перекрестьем внутри, которым завершается сферический купол юрты и который служит одновременно окном и отверстием для выхода дыма*». Сочетание слова *шаңырақ* с определением «*қара*», нецветовым значением которого является «*древний и почетный*», придающий его обладателю покровительство предков, придает ему сакральный смысл [8, 209].

Понятийная составляющая данного концепта включает в себя представление об отчем доме, о главе, имеющем много потомков. Известный этнограф С. Кенжеахметов так объясняет значение данного слова: «*Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да білдіреді. Шаңырақ – киелі мүлік. Атадан балаға мұра бола жатқан үйді «қара шаңырақ» деп құрметтейді*» [9, 210].

Значимостная составляющая показывает, что «*қара шаңырақ*» в значении «*үлкен үй – отчий дом*» включается в синонимические и антонимические ряды лексико-семантической системы казахского и русского языков, ср.: синонимические ряды: *үй, шаңырақ, қара шаңырақ, қара үй, киіз үй, қос, ақ үйлер, отбасы жолым үй, қоңыр төбелі үй, ақ шаққан үй, ошақ антонимические ряды қара шаңырақ отау, ақ шаққан шаңырақ қоңыр төбелі үй, шаңырақ көтеру шаңырағы қирады*. В русском языке «шаңырақ» в значении «дом» включается в следующий синонимический ряд с доминантой «дом»: *дом, изба, терем, замок*; антонимические: *изба-терем, изба-дом, построить дом, возводит дом-разрушить дом*.

Сравним также использование понятий «*қара шаңырақ*», «дом» в художественном контексте: «*Ауыл он бір, он екі үй. Бұлардың төртеуі үлкен, ақ үйлер. Бірі байдың өз үйі, екеуі балаларынікі, төртіншісі жаңа киізден істелген, сырты манатпен оюланған бес қанат ақ отау – ұзатылған қыздың үйі*» [10, 209].

«*Алдындағы қалған үйлердің көбі кішкене, үш қанат, жыртықтау қара үйлер. Малшы, қосшының үйлері*», «*Сендер келгенше отауды осындай тігіп алдық, – деді Мүсреп*», «*Әйгерім аспасын, сені паналаса қайтейін. Қайда отырғанын, кім ауылына Байшора қызы басымен келін боп отырғанын біле ме? Шаңыраққа қарасын*», «*Дом есть дом. Дома и собака ходит гордо. Дома и ученье идет впрок. Те, что живут везде, не имеют дома. Дома каждый горазд песню спеть*».

Образная составляющая концепта «шаңырақ» показывает при помощи каких средств (метафора, метонимия, сравнение) формируется образное содержание концепта. Оно может

быть когнитивным, когда представление о доме передается через персонифицированные метафоры, метонимические средства. «Шанырақу» приписываются свойства человека, например, крепкий («шаңырағы берік»), высокий («шаңырағы биік»), семейный человек («шаңырағы бар»), женатый человек («шаңырақ көтерді»), разведенный человек («шаңырағы ортасына түсті»), глава семьи, рода (қара шаңырақ иесі).

«Шаңырақ» отождествляется с домом. Үй, отау представляется в сознании казахов в виде шанырака: шаңырақ көтеру (в значении «образовать новую семью, обзаводиться семьей»), шаңырақ иесі («глава семьи», «хранитель шанырака»), шаңырақтан бір өзі қалды («остался один из одного семейства»), шаңыраққа қара (дословно «действуй осторожно, ты не в своем доме»), шаңырағы ортасына түсті (в значении «потерять опору семьи»), шаңырағы қирады (в значении «разрушена семья», «уход благополучия»).

Шаңырақ отождествляется с Родиной. Дом – часть Родины. Дом, находящийся на родине, отождествляется с ней как атрибут родного края (родной дом – дом – родина). В процессе такого отождествления реализуется метонимическая модель «часть-целое», эта модель согласно Дж. Лакоффу и М. Джонсону используется в случаях, когда «мы используем одну сущность для ссылки на другую, которая с ней связана. Это пример того, что мы будем называть метонимией» [10, 61]. Ср. примеры метонимического отождествления: Родина – наш общий дом; Қазақстан – алтын шаңырақ, Ақ үй, Ақ орда, Наш дом – Россия; Белый дом и др.

В культурно-ментальной составляющей концепта «шаңырақ» реализуются мифические представления казахов о трех частях Космоса, о создании Гармонии из Хаоса. Юрта олицетворяла это мифическое представление: при разборке юрты разбирали сначала кереге, затем уйки и шанырақ. Это создавало хаос. Для того, чтобы создавалась гармония, необходимо было собрать юрту снова. Распадение юрты на три части, по мысли Ж.К. Каракузовой и М.Ш. Хасанова, осознается казахами как наступление Хаоса, в котором есть все для жизни, но нет ритма, нет четкости. Круг солнца, полукруг неба и полукруг юрты сформировали у казахов представление о трех частях Космоса: Верхнем мире (мире обитания богов, предков), срединном мире (мире обитания людей) и низшем мире (мире обитания мертвых). При сборке юрты сначала ставятся кереге, затем шанырақ и уйки. Эти три принадлежности юрты имеют символическое значение, они в символическом виде передают представления о трех частях Космоса: 1) шанырақ – голова (солнце); уйки – туловище юрты (лучи солнца); 3) кереге – ноги (земля) [11, 5].

Рассмотрим, как в художественном контексте реализуется представление о космосе: «Юрта была гостевая, шестикрылая, верхний срез каждого крыла подвижной решетки заканчивался шестьюдесятью крестцами, своего рода гнездами для уиков. Всего крестцов, как и положено, было столько, сколько дней в году. Вообще юрта была добротна, точно исполнена. Изгиб уиков, выполненных из кизила, был легкий, стремителен, и юрта, когда ее собрали девушки, как бы повторяла видимое над землей: она вписывалась в небосвод. Наверху дом завершается круглым шаныраком, сводом, с изогнутыми вверх крестовинными, несущими на себе символ четырех времен года» [11, 15].

Результаты. В концепте «шаңырақ» представлены наслоения различных эпох. Если первоначально в мифическом представлении казахов «шаңырақ» олицетворял солнце, то позже он приобрел значение «власть, могущество». Ср. «Предметом особой гордости Чокана Валиханова был черный шанырақ, черный обруч, опоясывающий его юрту. Со времен Чингизхана, – утверждали сказители, знатоки устной истории, – множество раз менялись и остов юрты, и кошмы. Но черный шанырақ передавался из поколения в поколение и сохранял свой первоначанный вид. Вырезанный старинными мастерами из дубовой колоды, этот обруч из года в год, из века в век впитывал в себя и конский жир, которым заботливо смазывали гладкую его поверхность, и копоть дымного очага юрты. Сохраняя свои первоначальные очертания, он стал иссиня черным, приобрел твердость и блеск железа. Поэтому за ним закрепилось название черного шанырака, звучащее в степи знаком

могущества и власти» [11, 23].

«Среди драгоценностей, доставшихся ему от предков, сказители на первом месте называли черный шанырак, отныне скреплял остов Большой белой юрты, став лучшим украшением и символом власти Орды» [11, 26].

В настоящее время слово «шаңырақ» развивает новые значения: «место, где живут люди, объединенные общими интересами» (*Алтын шаңырақ – Қазақстан*); учреждение, обслуживающее нужды населения; место, оказывающее услуги гостеприимства (гостиница «Шаңырақ»), программы доступного жилья (государственная жилищная программа «Шаңырақ»).

Во фразеологизмах со словом «шаңырақ» отражаются особенности менталитета народа, связанные с пониманием дома, где получили воспитание дети; дом, где живут родители, ср.: «Менің үйім осы ауылдың үлкен үйі. Сол қара шаңырағының құруға айналып отырғаны мынау», «қара шаңыраққа берген құдайдың бақытын біреуге қиям деп рас айтып отырсың ба?» [11, 28].

В словосочетаниях, связанных со словом «шаңырақ», выражаются ментальные представления народа о благословениях (бата): «шаңырағың биік болсын» (дословно «пусть будет высоко поднят ваш шанырак»), обычаи этноса «қара шаңыраққа сәлем беру» (дословно «приветствие отчего дома»), «қара шаңырақтан дәм тату» («принять угощение в отчем доме»); традиции: когда выдавали девушку замуж, то ее приданое навьючивали на верблюда, которого именовали «шаңырақ түйе»; запреты: «шаңырақты аттама», т.е. если девушка стала невесткой этого дома, она должна крепко подумать о том, чтобы не переступить порог этого Большого дома. Тех, кто развелся со своим мужем и вновь создал семью, называют «шаңырақ аттаған, босаға аттаған».

С понятием «шаңырақ» связаны и проклятия: «шаңырағын қирасын», «шаңырағың құласын» (дословно «пусть разрушится твой шанырак»).

Номинативная плотность концепта показывает частоту его языковых репрезентаций, их дробность со словом «шаңырақ» связываются как однословные наименования, так и словосочетания, фразеологизмы, пословицы, поговорки.

В номинативном поле концепта «шаңырақ» функционируют синонимы: *қара шаңырақ – үлкен үй, тәрбие алған үй; қара шаңырақ – жас отау*; фразеологизмы: *шаңырақты ұстау, шаңырақ тігу* [12], *шаңырақтағы отқа май құю* (т.е. подливали масло в огонь в доме родителей, куда вводили невестку), *шаңырақ басы* и др.

Пословицы и поговорки: «*оты өшкен үйдің шаңырағына байғыз самғайды*», «*ата-анасы жақынның шаңырағы аңырап тұрады*», «*ата-ана – шаңырақ, бала – жапырақ*», «*шаңырағыңа қара, шаңырағыңа қонақ келсін, алыстан сұрап келсін*», «*шаңырағына қарай үйі-қонағына қарай сыйы*» и др.

Ассоциации, связанные с понятием «шаңырақ», «қара шаңырақ»: *үлкен, ата үйі, отбасы, қалқан, тәрбие, отан, ошақ, туған ел, туған жер, үй, өз үйім – өлең төсегім, қорған, баспана, ақыл-ес, құрды, қирады, шаңырақтың шырағын жандыру, шаңырақтың төңірегінде, үй қожасы, шаңырақ ішінен, шаңырақ көтеру, отау, керегесін майлау, билік* и др.

Заключение. Ассоциативное поле формируется через перечисление ассоциатов, которые испытуемый называет в ответ на предъявленный стимул – ключевую лексему «шаңырақ». Ассоциативное поле образуется в данном случае совокупностью ассоциатов.

Концепт «шаңырақ» имеет национальную специфику. *Қара шаңырақ* в казахской культуре имеет сокральное значение «*отчий дом*», «*могущество*», «*святой*», «*священный*», для русской и других культур это понятие не имеет существенного значения. Хотя в русской, немецкой, английской культурах имеются представления, связанные с понятием «дом», «русское слово «дом» шире, чем слово «*hause*». Оно включает в свою семантику любое здание, где живет и работает человек. Оно совпадает со словом «*haus*» в двух значениях: 1) «здание», «строение»; 2) «династия». Значение русского слова «очаг» совпадает с английским

словом «home». Казахское «үй», «шаңырақ» совпадает с русским «дом» в значении «очаг», но имеет и значение «большой дом, где дается воспитание».

Таким образом, анализ лингвокультурологического концепта «шаңырақ» показывает, что когнитивная модель его включает две взаимодополняющие процедуры:

1) выявление и описание макроструктуры концепта через характеристику понятийной, значимостной, образной, когнитивно-ментальной составляющих, установление их соотношения в структуре концепта;

2) описание номинативного поля концепта через посредство языковых единиц, выявление его ассоциативного поля.

Литература

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: РУДН, 2008. – 340 с.
2. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурный аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
3. Манакин В.Н. Сопоставительная лексикология. – Киев: Знання, 2004. – 326 с.
4. Воркачев С.Г. Методологические основания лингвоконцептологии// Теоретическая и прикладная лингвистика. Вып.3. Аспекты коммуникативной деятельности. – Воронеж, 2002. – С. 79 – 95.
5. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гнозис, 2004. – 389 с.
6. Токарев Г.В. Концепт как объект лингвокультурологии (на материале репрезентации концепта «Труд» в русском языке). – Волгоград: Перемена, 2003. – 233 с.
7. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001. – С. 40-45.
8. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений: (казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана: Білге, 2003. – 368 с.
9. Кенжеахметов С. Быт и культура казахского народа. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 384 с.
10. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.
11. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 218 с.
12. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 605 б.

Г.К. АЮПОВА

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Ж.Т. БАЛМАГАМБЕТОВА

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ КОНЦЕПТ «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ДОМ В КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

Андатпа. Бұл мақала қазіргі антропоцентрилік ғылыми парадигманың белсенді дамып келе жатқан бағыты – лингвомәдениеттану мәселелеріне арналған. Мақалада қазақ тіліндегі әмбебап концепті *қара шаңырақ/үй* лексемасы жан-жақты қарастырылады. Тілдік материал ретінде зерттеліп отырған тұжырымдама репрезентацияланған қазақ тілінің паремиологиялық қоры мен фразеологиялық қорының бірліктері қолданылады. Негізгі мақсат *қара шаңырақ/үй* тұжырымдамасын тұтас ментальді бірлік ретінде сипаттап, қазақ тіліндегі репрезентация тәсілдерінің орнын

қарастыру. Сол арқылы әлемнің ұлттық бейнесінің айрықша ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін: сипаттамалық, функционалды, танымдық, үздіксіз іріктеу т.б. әдістер қолданылды.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, әлемнің тілдік бейнесі, тұжырымдама, лексема, үй.

G.K. AYUPOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University; Nur-Sultan, Kazakhstan

Ж.Т. BALMAGAMBETOVA

Academician E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan

LINGUOCULTUROLOGICAL CONCEPT «KARA SHANYRAK» HOUSE IN THE KAZAKH LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD

Abstract. The article is devoted to the problems of the most actively developing direction of the modern anthropocentric scientific paradigm – linguoculturology. The research subject in the article is one of the basic, universal concepts and the ways of its verbalization in the national linguistic picture of the world. Within the framework of this study, the universal concept represented in the Kazakh language by the lexeme *kara shanyrak* / house is considered. The units of the paremiological and phraseological fund of the Kazakh language, in which the investigated concept is represented, serve as the language material. The main goal is describing the concept "kara shanyrak" / house as an integral mental unit, considering the ways of its representation in the Kazakh language, identifying the most specific features of the national picture of the world. To achieve this goal, the following methods were used: descriptive, functional, cognitive, the method of continuous sampling, etc.

Key words: linguoculturology, language picture of the world, concept, lexeme, house.

References

1. Vorob'ev V.V. Lingvokul'turologija. Teorija i metody. – M.: RUDN, 2008. – 340 s.
2. Telija V.N. Russkaja frazeologija. Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turnyj aspekty, M.: Shkola «Jazyki russkoj kul'tury», 1996. – 288 s. – (Jazyk. Semiotika. Kul'tura).
3. Manakin V.N. Sopostavitel'naja leksikologija. – Kiev: Znannja, 2004. – 326 s.
4. Vorkachev S.G. Metodologicheskie osnovanija lingvokonceptologii// Teoreticheskaja i prikladnaja lingvistika. Vyp.3. Aspekty kommunikativnoj dejatel'nosti. – Voronezh, 2002. – S. 79- 95.
5. Karasik V.I. Jazykovoju krug: lichnost', koncepty, diskurs. – M.: Gnozis, 2004. – 389 s.
6. Tokarev G.V. Koncept kak ob#ekt lingvokul'turologii (na materiale reprezentacii koncepta «Trud» v russkom jazyke). – Volgograd: Peremena, 2003. – 233 s.
7. Stepanov Ju.S. Konstanty: Slovar' russkoj kul'tury. – M.: Akademicheskij proekt, 2001. – S. 40-45.
8. Kajdar A. Tysjacha metkih i obraznyh vyrazhenij: (kazahsko-russkij frazeologicheskij slovar' s jetnolingvisticheskimi pojasnenijami). Astana: TOO «Bilge», 2003. – 368 s.
9. Kenzheahmetov S. Byt i kul'tura kazahskogo naroda. – Almaty: TOO «Almatykitap», 2006. – 384 s.
10. Lakoff Dzh., Dzhonson M. Metaforы, kotorymi my zhivem. – M.: Editorial URSS, 2004. – 256 s.
11. Karakuzova Zh.K., Hasanov M.Sh. Kosmos kazahskoj kul'tury. – Almaty: Evrazija, 1993. – 218 s.
12. Kenesbaev I. Frazeologicheskij slovar' kazahskogo jazyka. – Almaty: Nauka, 1977. – 605 s.

Информация об авторах (соавторах):

Аюпова Гульбагира Каирбекқызы – ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аюпова Гульбагира Каирбековна – к.ф.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

Gulbagira Ayupova Kairbekovna – candidate of philology, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Балмагамбетова Жаннат Төлеуқызы – ф.ғ.д., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Балмагамбетова Жаннат Төлеуовна – д.ф.н., профессор, Карагандинский государственный университет им. Академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

Zhannat Balmagambetova Toleuovna – d.ph.n., professor, Academician E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan.

С.Қ. ИМАНБЕРДИЕВА

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан (E-mail: imansaule@mail.ru)

Ә. НҰРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ «СӨЙЛЕЙТІН» КІСІ ЕСІМДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы «сөйлейтін» кісі есімдері қарастырылған. Осы мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, антропонимдердің жалпы қызметі зерттелген. Ұлттық танымға сәйкес келетін әлемнің тілдік бейнесін автор «сөйлейтін» кісі есімдері арқылы жеткізуі айқындалған. Кісі есімдері мәтін түзушілік қызметінен тыс ақпараттық-стилистикалық қызметі анықталған. Автор шығармада жағымды/жағымсыз коннотациялы кісі есімдерін кейіпкер тұлғасы, болмысын ашу үшін қолданғаны ашылған. Шығармада сонымен бірге лақап аттардың да, кей тұстарында «сөйлейтін» кісі есімдерінің мағынасы автор тарапынан ашылғаны қарастырылып, оларды қолдану мақсаты айқындалған. Мақалада «сөйлейтін» кісі есімдері лексика-семантикалық тұрғыдан талданып, олардың мәтін түзушілік қызметінен басқа кейіпкерлердің тұлғасын ашудағы автор шеберлігі мысалдар негізінде дәйектелді. Сонымен бірге «сөйлейтін» есімді кейіпкерлерді суреттеуде автор барынша тәсілдерді, соның ішінде айрықша антитеза, теңеуді қолданғаны анықталған.

«Сөйлейтін» кісі есімдері кейіпкерлердің түр-әлпеті, яғни сыртқы пішіні емес, ішкі дүниесін ашу мақсатында қолданылуы мәтін идеясын айқындаудағы басты құрал болып табылады.

Түйін сөздер: антропоним, лақап ат, мәтін, қызмет, коннотация.

Кіріспе. Жалпы мәтін жүйесінде, мейлі ол көркем шығарма болсын, ғылыми трактат болсын, жалқы есімдер шығарманың жалпы мағыналық құрылымына қатысады, сол арқылы жалпы ұғыммен байланысты болады. Жалқы есімдер мәтін ішінде өздігінен емес, ұғым жүйесінде алатын орнына, яғни мәтін идеясына байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда «сөйлейтін» антропонимдердің рөлі ерекше. Шығарма контексті негізінде басты кейіпкердің бейнесі, оның іс-әрекеті, тұрмысы, қатынас жасау әдебі, мінезі анықталады. Антропонимде анықталған «бет-бейнесі, мінезі» оның іс-әрекеті арқылы шығарманың өн бойында айқындалып отырады.

Кісі есімдері қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады, себебі белгілі бір адамның сол қоғамның өкілі екендігін көрсететін, оны сол қоғамда жекелейтін тілдік бірлік – антропоним, яғни ол тек атау, жекелеу қызметі ғана емес, сонымен бірге идентификациялау қызметін де атқарады. Кез келген тіл өкілдері кісі есіміне (атауға) ерекше көңіл бөлген, себебі оның сыртында бірнеше себептері бар: 1) адамзат қоршаған ортаны тану барысында тылсым күштерге сенуден кейбір елдерде кісі есімдеріне қатысты табу қалыптасқан; 2) адамзаттың өзін-өзі тануы, соның нәтижесінде өзіне қандай да бір ерекшеліктерді телуге байланысты; 3) әр елдің мәдени құндылықтарына байланысты ат беру ерекшеліктері (мысалы, қазақ халқында Ұлбала, Төреқыз т.б.); 4) тек қазақ халқына ғана тән кісі есімін қысқарту (мәселен, Мәке, Әбеке, Төке т.б.); 5) әр халықтың ат беру ресми формуласының өзгермелі болуы; 6) антропонимдік жүйе бір семантикалық ерекшеліктеріне қарай әйел және еркек есімдері болып бөлінеді; 7) қоғамдағы жеке тұлғаны ажырату, яғни идентификациялау қызметінің болуы; 8) антропонимдік жүйеде кірме атаулардың енуі; 9) антропонимдік жүйедегі ресми және бейресми есімдердің ара-қатысы; 10) антропонимдердің белгілі бір жағдайда ерекше семантикалық реңкке ие болу

қасиеті, т.б.

Көркем шығармада кейіпкердің есімі о бастан оның мінезі, өмір сүрген кезеңі, кеңістігін анықтау мақсатында таңдалғандықтан өмірдегіге қарағанда бұл антропонимдердің осы қызметі айқынырақ көрініс береді. Сондықтан көркем шығармада тек бірегейлендіру қызметі ғана емес, сонымен бірге кейіпкердің мінезін анықтау қызметі де іске қосылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақала жазу барысында талдау, салыстыру, түсіндірмелі әдістер басшылыққа алынды.

Антропонимдердің осы қызметіне байланысты В.Д.Бондалетов мынадай түрлерін белгілейді: «атауыштық, идеологиялық, сипаттаушы, эстетикалық, символдық» [1]. Антропонимдердің атауыштық, яғни жекелеуші қызметі шығармада болғанымен, оны бірінші орынға шығарудың қажеті жоқ деп ой түйіндейді Ю.А.Карпенко [2]. А.Щетининнің пікірінше, көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдерін таңдау екі қағидаға сүйенуі керек: «аталмыш тілдің ономастикалық жүйесіне енуі керек және белгілі бір кейіпкердің алдына қойып отырған міндеттерді шешуге көмектесуі керек» [3]. «Сөйлейтін» есімдердің басты қызметі ақпараттық-стилистикалық, яғни жалқы есімнің ақпараты логиялық, түсіндірмелі түрде беріледі, оны жеңіл сипаттап, сөзбен жеткізуге болады. Сол арқылы шығармадағы «сөйлейтін» кісі есімдері жалпы есімдерге жақын болады.

Шығу тегі айқын, ішкі формасы «сөйлейтін» жалқы есімдер көркем мәтінде тура уәжді болып келеді, яғни аталған кейіпкер, әлеуметтік тип, мінезі атау семантикасы немесе формасы арқылы «тура анықталатын» болып табылады. Мәселен, *Ториолақ бала, Жүзбай, Жылқыбай, Итбай, Алдаберген софы, Жөнеуіт хан, Қарақатын, Судыр Ахмет* т.б. *Құдайменде* байды ел арасы *Қаратаз* деп кемітіп атайтын. Аузы дуалы қарияның сол айтқаны елдің есінде қап, *Рәбіл* баланың атын жұрт әр саққа шаптырып: «*Қара Мөңке*», «*тоқпақбас Мөңке*», «*балықшы Мөңке*», – деп атап кетті т.б.

Лақап ат – көркем мәтін антропонимиясында тура немесе жанама семантикалық мағыналы ең уәждеген түрі. «Сөйлейтін» тегі мен лақап аттарында бағалауыштық стилистикалық экспрессия этимологиялық мағынаның атауда айқын болуынан шығады. Бұл туралы В.А. Никонов жақсы жазған: «Сөйлейтін», «мағыналы» есімдер туралы көп жазылған. Бұл терминдер лексикалық негіздің этимологиялық мағынасы кейіпкердің мінезін бірден ашады: Правдин, Свињин, Скотинин ... Бұл есімдер зұлымның немесе орта ғасырлық театр кейіпкерінің бетпердесі сияқты, көрермендер бірден кейіпкердің қандай екенін аңғарады. Мұндай тура мінездеме XVIII ғасырдың екінші жартысындағы орыс комедиясында көп кездеседі» [4].

Талқылау мен бақылау. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасында «сөйлейтін» антропонимдер мейлінше көп қолданылған. Шығарма *Қарақатын* есімімен басталады, автор бұл кейіпкерге әдейі осы есімді таңдап алған. Бұл кейіпкер шығарманың өн бойында өзінің осы есімге лайық тұрпатын басқаша айтқанда «қорғап» шығады, яғни өсекшіл, ұрысқақ, тұмсығын әр іске тығатын, өзімшіл, басқаның ғана кемшілігін көретін, бір беткей әйел. Кейіпкердің есімін тек оның мінезі ғана емес, сонымен бірге түр-сипаты айқындай түседі, мысалы: «*Ақкемпір келініне бұрылып қарап еді, төсегінен жылан көргендей, тұла бойы тітіркеніп кетті. Арық әйелдің қан-сөлсіз беті қара сұр тастай қатып қапты. Қасы, кірпігі үйтілгендей, құйқасы шығып тұр. Аузы үлкен. Еріндері түрік. Қара кешке дейін салғыласып, ерінбей ұрысатын кейіп бар. Екі елі аласа маңдай мен қалақ қара бетінде рақымның ізі жоқ екен*».

Келесі кейіпкер – *Ақкемпір* қартайған анаға лайық сипатта берілген, автор мұны мынадай жолдармен берген: «*Қарт ананың жүзі көрінбейді. Тек ананың қақырадай биік ақ жаулығы ғана бозғылданады. Ақ жаулық тартқан тәкаппар басын шалқая ұстап, сыртын беріп отыр. Келіні тұрам дегенше Ақкемпір от жақты. ... Ел анасы болған кешегі қадірлі жан – Ақкемпірді еске алды: «тірісінде сыйламап еді, өлгесін де байғұстың артын дұрыстап күтпей отыр екен*».

Бұл кейіпкер *Қарақатынға* қарама-қарсы бағытта суреттеледі. Ол үйдің берекесін,

тыныштығын тілейді. Сонымен бірге «сөйлейтін» антропонимдерді жасауда автор жағымды коннотацияда «ақ», «кемпір» жалпы есімдерін қолданса, екінші кемпірді сипаттауда жағымсыз коннотацияда «қара», «қатын» жалпы есімдерін қолданылған. Мұны автор Қарақатын ойы арқылы әдемі жеткізе білген: *Осы жұрттың өзін Қарақатын, ал оны Ақкемпір деп атайтыны да есіне түсіп, күйініп кетті.*

Аталған антропонимдер мәтіндегі қолданысы арқылы оқырмандардың санасында жағымды немесе жағымсыз ой тудыратыны сөзсіз, бұл автордың бастапқы мақсатына жетудің бір жолы.

Дос «сөйлейтін» есімі шығармада оқырманның санасында бастапқыда апеллятив мағынасымен ассоциация тудырғанымен, кейіннен автор бұл кейіпкердің іс-әрекеті арқылы мүлде басқа пікір қалыптастырады: «Дос әзілге жоқ болатын. Дос Тәңірбергеннің аржақ ойын аңғармады. Қандай сөзді де тура қабылдайтын дөкір жан осы арада оған өз көңіліндегі ойын ашық айтты».

Шығарманың басты идеясын жеткізуде бүкіл ауыртпалық бас кейіпкер Еламанға жүктелген. Басты кейіпкер шығарманың басынан аяғына жеткенше ой-өрісі өсіп, ел қамын күйттеген нағыз азамат болып шығады. Аты затына сай бұл кейіпкер өзінің есімін ойы, ісі, келбеті, мінезі арқылы барынша ашқан: *«Ел боп еңсеңді көтере алмай-ақ, кез келгеннің табаны астында тапталып кете берер ме екенсің? – деді Еламан күрсініп... Бірақ басқа түскеннің бәрін көрсең де, көнгенің қалай? Осы қазақ неге көңіш? Мына сұрапыл соғыс тоқтап, мына халық титықтап қолынан қару түскенше, мына сұр шинельді солдат иығынан жұлып тастағанша әлі қанша қан төгіледі. Ел ұлтаны қазақ... Мал баққан момын халық болса да, баяғы арғы заманда батырлары көп бопты. Бір ғана осы өңірде Қөтібар батыр, Арыстан батыр, Есет батыр бопты. Еламанның да жетінші атасы Тойғожа деген батыр көрінеді. Көп соғыстың бірінде оң аяғын жуан саннан садақ көктеп кетіп, қансырап ұшына тиетін болған соң сынықшыға кескізіп тастапты. Сонан ел арасына «ақсақ бері» атанып кетті дейді. Ендеше, бұл ел қазір ғана қолына құрық, қауға ұстап мал соңында тірлік кешіп кетсе де, баяғы заманда іргесінен жау арылмай, ер-аза-маты ат үстінде жортуыл-жорықта күн кешкен. Сырты жуас көрінгенмен ер-азамат бойындағы ерлік ірілігі екі талай сын сағатта жарқ етіп бой көрсетеді. Еламан қай тұста осалдық көрсетті?».*

Автор бұл есімнің де жалпы есімге жақын екенін көрсетеді, басты мақсат – халықтың амандығы, яғни «ел», «аман» сөздері «сөйлейтін» антропонимде үйлесін тауып, халық қамын ойлау мақсатын айқындайды.

Басты кейіпкерді жақтаушы, қол үшін беруші кейіпкерлерді де автор ойластырған, олар: Сүйеу, Есбол. Олардың бірі Есбол кәрия Еламанның жақыны, естияр үлкені, яғни есімі айтып тұрғандай әулет Еламанның өзін-өзі танып, өмірдегі бағыт-бағдарын анықтағанға дейін Есболды ақылшы, жанашыры ретінде қалдырғандай. Сүйеу қарттың шығармадағы рөлін атвордың өзі анықтап бергендей: *«Еламанға Сүйеу қарттың да ықыласы басқа. Күйеу баласын «балықшы» деп атап, оған айтқан бар сөзін әзілге шаптырып, өзінен-өзі оқырынып күліп отырады. Жақсы көріп, әлде шынымен жек көріп отырғанын айыру қиын. Ондайда шал көңілін жалғыз Еламан ғана дәл танып, қажап айтқан әзілдің арғы жағынан әке жүрегінің ыстық ықыласын сезетін».* Ол қызы Ақбаланың күйеуі болғанынан емес, Еламанның адал жүрегі үшін жақсы көретін, оған дәлел – Кенжекейге үйленгеннен кейін балалар ағарған ішсін деп, жалғыз түйесін әкеп беруі.

«Сөйлейтін» есімдер қатарынан Мөңке есімін көруге болады, себебі дене бітіміне, төзімділігіне қарай бұл есімді оған екінші кейіпкер – Есбол таққан болатын: *«Ол Мөңкені баяғы бала кезінен біледі. Ел қыдырып жүріп бір жолы біраз адам түстеніп отырғанда бұлардың үстіне аласа, бірақ шойындай сом тұлғалы қара бала кіріп сәлем берді. Сонда оған көп ішінен Есбол назар аударып: «Мынау қай бала? Бадамшасын-ай өзінің. Көлдің тоқпақбас қара мөңкесіндей екен - деп жұртты ду күлдіріп еді. Аузы дуалы қарияның сол айтқаны елдің есінде қап, Рәбіл баланың атын жұрт әр саққа шаптырып: «Қара Мөңке»,*

«тоқпақбас Мөңке», «балықшы Мөңке», – деп атап кетті». Демек, антропонимдердің бейнелеуші рөлі апелляция негізіндегі лексикалық мағынаға байланысты болады.

Нәтижелер. Антропонимдердің ішкі формасы «сөйлейтін», анық этимологиялық мағыналы жалқы есімдер көркем мәтінде тура уәжделген болады, яғни аталатын кейіпкерді мінезі, әлеуметтік жағдайына қарай «тура сипаттайды».

Шығармада ерекше орын алатын кейіпкерлердің бірі – Судыр Ахмет. Бұл істі тындырмай, бос сөйлейтін, заты нашар тұлғаға тағылған есім. Тіптен екінші компоненті түсіп қалып, *Судырақ* деп нағыз сипаттаушы компонентімен аталып та жүреді. Мұны автор мынадай жолдармен берген: «*Судыр Ахмет оңаша қалғасын жидені бүлдіріп алғанын көрді.*

- *Судыр Ахметтен сұрауың зой, – деді Рай күліп. – Ол байғұс, сені талай ізге салар еді-ау!*

- *Қой, қой, жарқыным. Жағына жылан жұмыртқаласын, ол Судырақтың, - деді».*

Шығарма авторының бояуын келістіре жасаған образы – Судыр Ахмет, көк мылжын, қуыс кеуде, есі кірмеген пәруайсыз жан. Еңбекке қыры жоқтығы жағынан Қалау мен Төлеуге ұқсас. Айырмашылығы – қолынан дәнеңе келмейтін. Бір бақаннан бір қазық шығара алмайтын, қандай да іске орашалақ, бос белбеу. Бар жақсылықтан жұрдай, бар кеселді мойнына артқан сорлы тәлкекке ұшырайды да жүреді.

Келесі «сөйлейтін» есімдер қатарына *Тәңірберген, Алдаберген, Құдайменде, Жасағанберген, Құдайбергенді* жатқызуға болады. Олардың әлеуметтік жағдайы да сол кезеңге сай және мұны басқа кейіпкерлер сөзі арқылы автор жақсы жеткізе білген: - *Құдайменде деген болыс бар емес пе?*

- *Аты қалай еді, патшағардың?! – деді кемпір күбірлеп.*

Осыдан кейін сүт пісірімдей үнсіз отырды да, кенет өзінен өзі оқырына мырс етіп, - Құдайберген деді? Бұл күшігі – Құдайберген... Әкесі – Тәңірберген. Ал, ал, әнебіреулер Алдаберген... Жасағанберген ... – деп ызалы сөздер алқымына тығылғандай, үзіп-үзіп сөйледі. – Әй-әй, о несі? О несі екен?... Абыралы аулының балаларын Құдай береді... Алла береді ... Тәңір береді ... Жасаған береді ...Әй, сонда біздің балаларымызды кім берген екен? О несі, әй?

В.Зейбике «сөйлейтін» есімдерді төрт топқа бөлген, соның негізінде шығарма бойынша келесі мысалдарды келтіруге болады [5]:

1. Этимологиясы есім иесінің ерекше қасиеті, түрі немесе болашақ тағдырына сілтейтін барлық ерекше есімдер. Мәселен, *Қарақатын, Судырақ, Мөңке, Ақкемпір* т.б.

2. Қалыптасқан есімдерге сілтеу арқылы, соған телу, жамау, жан бітіру. Мысалы, *Напалеонсымақтар, Гаргантюа, Рябушинский, Рокфеллер* т.б.

3. Дыбыстық қабаты оқырмандарда қандай да бір ассоциация тудыратын дыбыстық-символдық есімдер. Мысалы, *Құдайменде, Темірке* т.б.

4. Діни, ұлттық, әлеуметтік белгісіне немесе қоғамның белгілі бір әлеуметтік тобына тән таптастырушы кісі есімдері. Мәселен, *Тәңірберген, Жасағанберген, Алдаберген, Құдайберген, Мыңбай, Жүзбай, Жылқыбай* т.б.

Қорытынды. Көркем шығарма антропонимиясы мен ақиқат өмірдегі антропонимдердің қатынасында едәуір алшақтық бар, себебі топонимдер мен басқа да жеке есімдер таңдауда автор болмыспен шектелуі мүмкін немесе одан еркін, ал антропонимдерді таңдауда толығымен еркін, алайда жазушы, узус, шығарма міндеттері, идеясына байланысты еркіндігі шектеулі. Осы тұрғыдан алғанда Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында антропонимдерді ақиқатпен байланыстыра отырып, өз идеясымен ұштастыра пайдалана білген.

Көркем шығарма – бұл жеке есімдер қызмет атқаратын ерекше аясы. Мәтінде сөздер ақиқат және суреттелетін бейақиқат, қазіргі әдеби тіл және көркем шығарма тілімен сабақтасып жатыр. Оқырманның сөздің ассоциативті байланысын жаңадан қалыптастыруына әсер етеді, бұл семантикасын, сөздер бір уақытта объективті шындық пен жазушы жасаған көркем әлемді білдіретін болғандықтан автордың шығарма идеясын қайта қарауға ықпал етеді. Бұл жағдайда жеке есімдер көркем сөз құралы жүйесінде құнды компоненті болып

табылады. Сөздер, фразалар және олардың көркем мәтінде байланысы нақты көп функционалдықта ие. Ойдан шығарылған оқиғалар мен ойдан шығарылған әлемді ақиқат өмірге ұқсастығына қарай бейнелеу арқылы олар әлем ішіндегі өзара байланыспен қатар, ақиқат әлемге аналогын да түзейді. Мұндай сана ерекшелігі, мысалы, өз тәжірибесі мен қалыптасқан теория, сонымен қатар ақиқат болмыстағы индивидуумның ісі бойынша кейіпкердің әрекетін талқылайды. Сонымен бірге өз сезімін ақиқаттағы қоршаған нысандарға да, көркем бейнелерге де бірдей білдіру адамға тән. Осының арқасында кейіпкерлер, эпизодтар, мәтін бөліктері ассоциация түрінде тұтас бір ұғыммен байланыстырылуы мүмкін, сонымен бірге символдық, мифтік, идеологиялық және психологиялық мәнге ие болуы мүмкін.

Тарихи мәтіннің семантиканың құрылымында көркем шығарма авторының ойын ашуда өзіндік бір кілт болып табылатын жеке есімдер қызығушылық тудырады.

Әрине, әр жазушы атауды таңдағанда экспрессивті реңк беруіне әсер ететін оның фонемикасына, морфемикасына назар аударады. Атау таңдауда автор әлеуметтік, ұлттық, жас мөлшері туралы ақпарат беруге болатын жалпы қабылданған формула, ақиқат есімдер жиынтығына сүйенеді. Сонымен бірге антропонимдердің құрамы мен тіркесі көркем мәтін авторының әлеуметтік және эстетикалық позицияны жазушының жалпы мәдениеті мен кейіпкер ортасының мәдениетіне байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда жазушы Ә.Нұрпейісов шығарманы «сөйлейтін» кісі есімдері негізінде тамаша құра білген. Әр антропоним өзіне тән қызметті атқарады. Автор «сөйлейтін» кісі есімдері негізінде ұлттық болмысты, халықтың өтпелі кезеңдегі жағдайын және әр кейіпкердің өз есіміне тән әрекеттерін тамаша үйлестіре білген. Жай ғана үйлестіріп қоймаған, өзге кейіпкерлер немесе сол кейіпкердің өзіне «сөйлейтін» есімін тағдырына байланыстыра талқылатып, мағынасын аштыра білген.

Ақын-жазушылар шығармасы негізінде «сөйлейтін» кісі есімдер тізбесін жасап, жалпы қазақ халқының ұлттық әлемнің тілдік бейнесін анықтау, халық тарихында орын алған оқиғалардың «сөйлейтін» кісі есімдерінің қалыптасуына ықпал анықтау.

Әдебиеттер

1. Бондалетов В.Д. Русская ономастика. – М.: Просвещение, 1983. – 224 с.
2. Карпенко Ю.О. Назватвору як объект ономастики (Переважно на матеріалі творчості Миколи Бажана) // Повідомлення Укр. Ономаст. Коміс. – Київ, 1975, вып. 13. – С. 3-10.
3. Щетинин Л.М. Актуальные проблемы прикладной ономастики. Монография. / Л.М. Щетинин. Ростов-на-Дону: РЮИ МВД России, 1999 – 56 с.
4. Никонов В.А. Имена персонажей. – М.: Наука, 1965. – 413 с.
5. Seibicke, W Die Personenamen im Deutschen: Eine Einführung. – 2. Überarb. Auflage. – Berlin; New York, 2008. – 235 p.

С.К. ИМАНБЕРДИЕВА

Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина,
Нур-Султан, Казахстан

«ГОВОРЯЩИЕ» ИМЕНА В ТРИЛОГИИ А. НУРПЕЙСОВА «КРОВЬ И ПОТ»

Аннотация. В статье исследуются «говорящие» имена персонажей трилогии А. Нурпейсова «Кровь и пот». На основе обзора работ ученых, освещающих эту проблему, изучаются общие функции антропонимов. Выявлено использование автором сугубо национальных «говорящих» имен персонажей для раскрытия языковой картины мира.

Помимо текстообразующей функции антропонимов определены информационно-стилистические функции. В статье показано, что автор использует имена людей с положительной / отрицательной коннотацией, чтобы раскрыть сущность и характер персонажей.

Также раскрывается цель автора произведения, специально раскрывающего значение прозвищ и «говорящих» имен. В статье проведен лексико-семантический анализ «говорящих» имен, на основе примеров выявлено мастерство автора в раскрытии образа персонажа. Кроме того автор в описании персонаж с «говорящими» именами использовал такие приемы как антитеза, сравнение и др.

Определили, что использование «говорящих» имен (для раскрытия не только внешних данных персонажей, но и внутренних) является основным приёмом произведения.

Ключевые слова: антропоним, прозвища, текст, функция, коннотация.

S.K IMANBERDIYEVA

S.Seifullin Kazakh AgroTechnical university, Nur-Sultan, Kazakhstan

**«TALKING» PERSONAL NAMES OF THE TRILOGY
A. NURPEISOVA «BLOOD AND SWEAT»**

Abstract. The article is devoted to the «speaking» names of the characters in A. Nurpeisov's trilogy «Blood and Sweat». On the basis of a review of the works of scientists illuminating this problem, the general functions of antroponyms are studied. The author reveals the use of purely national «speaking» names of characters to reveal the linguistic picture of the world. In addition to the text-forming function of antroponyms, informational and stylistic functions have been determined. The author uses the names of people with positive / negative connotations to reveal the essence and nature of the characters. Also, the purpose of the author of the work is revealed, who deliberately reveals the meaning of nicknames and «speaking» names. The article provides a lexical and semantic analysis of «speaking» names, based on examples, the author's skill in revealing the character's image is revealed. In addition, the author in the description of a character with «speaking» names used such techniques as antithesis, comparison, etc.

It was determined that the use of «speaking» names in the work to reveal not only the external data of the characters, but also the internal ones, is the main means.

Key words: antroponym, nickname, text, function, connotation.

References

1. Bondaletov V.D. Russkaja onomastika. – М.: Prosveshhenie, 1983. – 224 s.
2. Karpenko Ju.O. Nazvatvoru jak ob#ekt onomastiki (Perevazhno na materialitvorchosti Mikoli Bazhana) // PovidomlennjaUkr. Onomast. Komis. – Kiiv, 1975, vyp. 13. – S. 3-10.
3. Shhetinin, L.M. Aktual'nye problemy prikladnoj onomastiki. Monografija* Tekst. / L.M. Shhetinin. Rostov-na-Donu: RJuI MVD Rossii; 1999. – 56 s.
4. Nikonov V.A. Imena personazhej. – М., 1965. – S. 413.
5. Seibicke, W Die PersonenamenimDeutschen: EineEinfuhrung. – 2 Uberard. Auflage. – Berlin; NewYork, 2008. – 235 p.

Автор жайлы мәлімет:

Иманбердиева Сәуле Құрманбайқызы – ф.ғ.д., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Иманбердиева Сауле Курманбаевна – профессор Казахского агротехнического университета имени С. Сейфуллина, д.ф.н., Нур-Султан, Казахстан

Imanberdiyeva Saule Kurmanbayevna – professor of the S. Seifullin Kazakh AgroTechnical university, doctor of philology, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Қ.М. БАЙТАНАСОВА

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: k.baitanasova@mail.ru)

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ МЕКЕНШАҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Аңдатпа. Кеңістік пен уақыт – қоғамдағы адам болмысының атрибуттық сипаты. Қабылдау ең алдымен субъектінің танымдық, практикалық, эмоционалдық қызметі ретінде дүниетанымға ықпал етеді. Ұлттық әдебиеттану ғылымында мекеншақ категориясы зерттеу нысанына алынып келеді. Мұның себебі мекеншақ әдеби туындыдағы сюжет, композиция, автор мен кейіпкерлер секілді басты ұғымдармен тікелей байланысты. Сонымен бірге әдебиеттің тарихи, көркемдік сипатын айқындауға да бұл ұғымдардың қатысы бар. Қаламгер сюжет жүйесін, кейіпкерлер әрекетін суреттеген кезде белгілі бір кеңістік пен уақытты меже етеді. Әрі ол тек астрономиялық түсініктің аясында ғана емес, дәуір, тарих, тұрмыстық, психологиялық, көркемдік жағынан кешенді алынады. Осы ретте мәтіннің ішкі және сыртқы құрылымын қатар алу қажет. Мәтін кешенді ұғым ретінде лингвистикалық, стилистикалық, филологиялық талдауды қамтитыны белгілі. Мәтіндік функция күрделі әрі көп компонентті психологиялық-интеллектуалдық қарым-қатынасты да айқындайды. Мақалада уақыт пен кеңістіктің кешенді сипаты талданып, көркем туындыдан алынған мысалдар арқылы дәйектеледі.

Түйін сөздер: мекеншақ, жүйе, мәдениеттану, психология, контекст.

Кіріспе. Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтінге қатысты проблема әр қырынан зерттеу нысанына алынып отыр. Оның да өзіндік заңдылығы бар. Мәтін – филологиялық талдаудың негізгі нысаны. Мәтіннің ішкі және сыртқы құрылымы болады. Мәтін кешенді ұғым ретінде лингвистикалық, стилистикалық, филологиялық талдау түрлерін біріктіреді. Мәтін – мәдени құбылыс. Мәтінді филологиялық тұрғыда талдау – әдеби және әлеуметтік-тарихи контекст аясында жүзеге асады. Мәтін құрылымында автор, оқырман, бейнеленетін шынайылық пен тілдік жүйе болады. Мәтіндік функция – күрделі әрі көп компонентті психологиялық-интеллектуалдық қарым-қатынасты көрсетеді.

Филология ғылымы көркем шығарманың табиғатын терең тану үстінде ондағы көптеген категориялардың мән-маңызын саралайды. Соңғы кездері уақыт-кеңістік ұғымының көркемдік сипаты талдау нысанына алынып отыр. Көркем мәтін тұтас құрылымдық жүйе бола отырып, өзінің әлеуметтік, тарихи, эстетикалық сипатын аңдатып отырады. Осы ретте, туындының сюжеті, құрылымы, кейіпкерлер жүйесі, стилі – қаламгердің дүниетанымын, ой-қиялын көрсетеді. Қаламгер өзі нысан еткен тақырыпты неғұрлым толық, жан-жақты ашуға ұмтылады. Суреткер оқиғалар жүйесін, кейіпкерлер әрекетін суреттеген кезде белгілі бір кеңістік пен уақытты меже етеді. Әрі ол тек астрономиялық түсініктің аясында ғана емес, дәуір, тарих, тұрмыстық, психологиялық, көркемдік жағынан кешенді алынады. Сол сияқты автордың көркем дүниесі оқырманға да қатысты алынады. Яғни көркем туындыны оқырманның қабылдау уақыты мен кеңістігі де орнығуы тиіс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Кеңістік пен уақыт – қоғамдағы адам болмысының атрибуттық сипаты. Қабылдау ең алдымен дүниетанымға ықпал етеді. Ол – субъектінің танымдық, практикалық, эмоционалдық қызметі. Қабылдаудың нейрофизиологиялық сипаты И.П. Павлов, И.М. Сеченов, Б.Г. Ананьев, А. Гелен, Я. Дембовский, К. Лоренц, Р. Шовен секілді физиолог ғалымдар; қабылдаудың экологиялық-психологиялық теориясы

этнограф ғалымдар В. Штерн, М. Мид, К. Леви-Стросс, Б. Малиновский; психоаналитиктер З. Фрейд, К. Юнг, К. Абрахам, О. Ранк; кеңес дәуірінің психологтары С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, С.А. Лури, Ш. Надарашвили; философтар Г. Буркхардт, М. Шелер, Дж. Брунер, Г. Гельмгольц еңбектерінде көрініс берді. Экологтар қабылдау процесіндегі бастысы қабылдау механизмі емес, қоршаған ортаның реакциясы мен адамның қабылдаудағы өзіндік болмысы, ішкі сенімі екендігін айтады. Психологтар қабылдауды биологиялық, әлеуметтік салаға тәуелсіз индивидтің жеке қабылдауындағы құрылым дейді. Дәстүрлі философиялық концепция қабылдау процесін адам санасындағы қоршаған ортаның шынайылық актісі дегенге саяды. Кеңістік пен уақытты қабылдауды талдаудың мәдениеттанушылық әдісі мәдениеттегі адам тұрмысының субъектілі категориясы ретіндегі тұжырым орыстың христиандық ойшылдарының еңбектерінде орын алды. Н.А. Бердяев, П.А. Флоренский, Н. Грот, К.Э. Циалковский, Н.Ф. Федоров адамның өмір сүруін болашақта кеңістік пен уақыт шегіне қатыссыз тұрғыда көрсетеді. Олардың пікірінше кеңістік-уақыт шегін игеру сананың қызметімен байланысты. Мәдениеттің қолданбалы аксиологиясында бірнеше зерттеушілер кеңістік пен уақыт ұғымын мәдениет аясында жүйелеп, құрылымын бекітуге тырысады да, сол арқылы қабылдаудың құндылық негізін бөліп алуға ұмтылады. Олардың арасында М.Б. Абсалямов, А.И. Мартынов, Д.С. Раевскийлер бар. Олардың еңбектерінде қабылдау процесі кезіндегі кеңістік пен уақыттың мәні, оның әрбір мәдени-тарихи дәуірдегі құндылығын анықтаудың мәдениеттанушылық маңызы айқындалады. Кеңістік пен уақытты қабылдаудың мәдениеттанушылық тәсілі екі бағытта қарастырылады: 1) мәдениеттегі кеңістік пен уақытты қабылдау; 2) мәдениеттің кеңістік пен уақытты қабылдауы. Мәдениеттанушылық тәсілдің бірінші бағыты 1) әр түрлі мәдениеттегі кеңістік пен уақытты қабылдаудың сипатын; 2) бейнелер жүйесі (философия, өнер, дін, әдебиет және тағы басқа) ретіндегі мәдени құбылыстардың қатарында кеңістік пен уақытты қабылдау ерекшелігін қарастырады. Осы ретте, орыс әдебиеті мен ұлттық әдебиеттануда да мекеншақ (хронотоп) ұғымы теориялық тұрғыда (Т.Есембеков, Б.Майтанов, А.Темірболат) негізделі бастады.

Талқылау мен бақылау. Әлемді, қоршаған кеңістікті бейнелеудегі негізгі форма уақыт пен кеңістік. Әдебиеттегі уақыт пен кеңістіктің шартты болатыны белгілі. Өнердің басқа түріне қарағанда әдебиет мекеншақ проблемасына еркін қарайды. Мәселен, әдеби туынды бір мезетте әр жерде өтіп жатқан оқиғаны бере алады. Ол үшін баяндау формуласын жұмсаса болғаны. Яғни негізгі сюжеттің аясында баяншы (автор) тап сол уақытта өзге кеңістікте өтіп жатқан оқиғаны қатар бейнелей алады. Кейде ілгеріде өткен оқиғалар еске алу тұрғысында шегініс арқылы баяндалып жатады. «Мекеншақ» ұғымының мағынасы да осылайша өзгеріске ұшырайды. Тіпті әдебиет зерттеушілерінің өзі де мекеншақтың әдебиеттануға соншалықты кірігіп кететінін аңғарған. Орыс зерттеушісі М. Бахтин «хронотоптың» мәнін «әдебиеттің пішіндік-мазмұндық категориясы» [1, 15] ретінде енгізді де осы мағына өткен ғасырдың 70- жылдарында тұрақталып қалды. Он жылдан соң кеңістік пен уақыт категориясы нақты уақыт-кеңістік қатынасының жалпы ғылыми тұрғыда игерілу аспектісі ретінде үлкен қызығушылық тудырды. Әдеби туындыларда ұлттың, халықтың келбеті, тұрмыс-тіршілігі, көзқарасы суреттеліп, олардың әрқайсысына тән мәдени ортасы, этнографиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастары көрінеді. Бұл арқылы елдің мәдени-рухани дамуы, ой-парасаты байқалады. Адамзатты ежелден-ақ әлемдік кеңістіктегі – ғарыш, әрекет, болмыс, сана, өмір, өлім, от, кездейсоқтық, өң мен түс, елес, ізгілік, зұлымдық, қорқыныш секілді онтологиялық ұғымдар толғандырған. Осы құбылыстардың сырын адам табиғаттан, мифтен, жаратылыс құбылыстарынан, өздерінің ішкі әлемінен іздеді. Міне, мұндай мәңгілік түсініктерді адам баласының игеруі өнер туындыларында бейнеленді. Көркем шарттылықтың ерекшелігіне орай әдебиеттегі уақыт пен кеңістікті абстрактілі және нақтылы деп бөлуге болады. Абстрактілі уақыт/кеңістікті жалпылық тұрғысында қабылдауға жағдайдан тыс мезетте көрінеді. Мұнда субъектілі-иллюзиялы уақыт ақиқаттың ашылуына себеп болады. Субъектілі уақыттың екінші түрі – мүлдем басқа ырғақта және сыртқы оқиғаның басқа уақыттағы мазмұны өтетін кездегі «сана ағымы» уақыты. Қалыпты

(өмірбаяндық) уақытта кейіпкердің өмірі әсіресе, шытырманды (авантюралық) оқиғалы романдарда ерекше «сынақ уақытына» (время испытаний) қарама-қайшы болады. Мәселен, әлем әдебиетінде Дюманың әлеуметтік-қылмыстық романдарын (граф Монте-Кристонның өзге «бөгде» өмірі), Бальзақтың «Шегірен былғары» шытырманды - философиялық романын атауға болады. Бұл шығармаларда кейіпкерлердің (адамдардың) әдепкі өміріне дағдарысты кезең болмысы қарама-қайшы қойылады. Адам бойындағы мұндай дағдарысты кезең салдарынан оның қай кеңістікте (нақты немесе ойдан шығарылған) болғаны ажыратылмай араласып кететіні, нақтылық пен ойдан шығарылған, қиялдағы әрекеттердің бір кеңістікте өтіп жататыны көркем туындыларда кездеседі. Оған дәлел ретінде бүгінгі модернистік прозадағы сюжет құру ерекшелігін алуға болады. Қаламгер Т. Әбдіктің «Ақиқат», «Тозақ оттары жымыңдайды», «Парасат майданы» туындыларында нақты әрекеттен гөрі адам санасында жүріп жатқан құбылыстарға көбірек мән беріледі. Мұндағы кейіпкерлер кейде қалыпты тұрмыс-тіршіліктің ортасында жүрсе де, беймәлім бір құбылыстардың ықпалында болады. Өздерінің мінезін, әрекеттерін де өзге адамның әрекетіне балап, кейде өң мен түстің, ақиқат пен елестің ортасына ғұмыр кешеді [4, 36].

Өнер туындысының құрылымы автордың идеясымен, көзқарасымен бірлікте қарастырылады. Автордың көзқарасы мәселесі бірқатар проблеманы тоғыстырады. Жалпы алғанда көзқарас ұғымы өнердің барлық түріне тән. Көркем туындыдағы автордың ұстанымы (көзқарасы) шығарманың болмыс-бітімін айқындайды. Автор – шығарманы жасаушы. Ендеше, туындының тақырыбынан бастап, соңына дейін көркем туындының құрылымын ұйымдастыру автордың құзіретінде. Бұл тұста авторға қатысты мәселені де айқындап алу керек.

Қазіргі әдебиеттануда «баяншы», «әңгімеші», «автор», «кейіпкер» мәселесі қатар алынып, зерттелуде. Бұл ретте, аталған ұғымдардың мәні көркем мәтіннің аясында анықталады. Әдебиеттің нысаны – адам, пәні – өмір болса, автор – өмірдегі адамның тіршілігін, қасиет-құндылықтарын көркем шығармаға айналдырады. Көркем туынды автор мен қабылдаушының байланысын, қарым-қатынасын қалыптастырады. Бұл ретте шығармашылық иесінің дербес ерекшелігі де айқындалады. Мәселен, қаламгер Ә. Кекілбаевтың көркем балладаларының философиялық та, психологиялық та сипаттары тең түсіп жатады. Оны туындысының басынан-ақ байқай аламыз. «Күз таңының сұйқылт суық нұры шатырдың ішіне енді-енді жайыла бастағанда ол ұйқысынан оянды. Бүгінде таңертең төсектен тұрғанда таңдайынан дәмі кетпей тамсанып отыратын баяғы балқаймақ ұйқы жоғалған. Жан-жағындағы сатыр-сұтыр ат дүсірін де естімей, ердің басына қамшыңды тіреп, маңдайыңды соған қойып, сәл мызғысаң, көңілің бүрлеп сала беретін қунақылық та ұмыт болыпты [5, 61]. Шығарма неғұрлым шағын болған сайын ондағы оқиғаның өту әрекеті де жылдам болады.

Жазушы бір тәулік немесе бірнеше сағат ішіндегі оқиғаны беру арқылы сюжет құрайды. Сюжетте нақты таңғы кездегі ұйқыдан оянған адамның әрекеті (бүгінде) беріліп тұрғанмен, әмірші алыста қалған өмір елесін де (баяғыда) еске түсіріп үлгереді. Көңіл-күйі ортайып отырған кейіпкер ұйқыдан тұрысымен, өзінің саусақтарынан бастап, айналасындағы дүниенің бүтіндігін тексеріп отырады. Ондағысы өзінің де аман-сау екендігіне көзін жеткізуі, тағы бір таңды аман-сау қарсы алуы. Алайда, кейіпкердің көңілін күпті ететін, үрейге де бой алдырып, алағызып отыратын сәті көп. Әмірші ең бірінші асыл жүзіктер тізілген он саусағын түгендеп шығады. Бұл жүзіктердің әміршінің саусағына киірудің өз тарихы бар. Осы таңғы мезетте әмірші саусағындағы жүзіктердің салалап, көз алдына өткізе отырып, әрқайсысының тарихын жадынан өткеріп шығады. Автор кейіпкерінің бір мезеттегі көңіл-күйі арқылы ғұмыр бойғы әрекетінен, мінезінен хабар береді. Көркем шығарманың табиғаты әр қилы болады. Бұл ретте автор қолданатын тәсілдің ерекшелігі де айқын байқалады. Зерттеуші Б. Успенский өзінің ертеректе шыққан «Поэтика композиции» зерттеуінде: «Шығарма құрылымындағы баяншының ұстанымы кейде бір кейіпкерден екіншісіне, бір детальдан басқасына сырғып отырады. Осы арқылы

оқырманға осы жекелеген суреттеулердің басын құрап, өзінше ой топшылауға мүмкіндік береді», - дейді [6, 104-105]. Біз бұл суреттеуді қаламгер Ә. Кекілбаевтың шығармаларынан да көреміз. Автор «Ханша-Дария хикаясының» бірінші-екінші бөлімінде он жеті жылдың ішінде өткен оқиғаны тізбелеп суреттеп өтеді. Олардың бастысы – жаугершілік тарихы, қолға түскен тұтқындардың бейнесі, аңға шығу сапары, түс көру, таңның атуы. Осы эпизодтық түрдегі баяндаулар негізінен оқиғаларды суреттеп, шолып айтуға құрылады да, оқырман одан кейін болатын басты сюжетті күтіп отырады.

Нәтижелер. Әдеби туындыда автордан басқа қатысушылардың ойлары мен әрекеттері беріледі. Яғни өзге адамның ойы мен әрекеті шығармаға өзек болады. Көркем мәтіндегі сюжет тек автордың атынан баяндала бермей, өзге ойдың иесі – кейіпкердің де атынан беріледі. Яғни баяндаудың бірінші жағы кейіпкердің субъектілі болмысын тереңдете түседі. Сол арқылы оқырман кейіпкердің ішкі ойына ене алады. Осы көркем мәтіндегі фикционалдылық (бірінші жақтағы баяндау) мәтін құрылымындағы кейіпкердің болмысын, ішкі ой-толғанысын ашады. Сол арқылы оқырман да кейіпкерді терең танып, кейде өзі де сол кейіпкерге еліктеп, өз әлемін қалдырып, басқа адамның кейіпін, мінезін қабылдап та кетуі мүмкін. Бұл құбылыстың екі жағы бар. Оқырман кейіпкердің басынан кешкен ахуалын тани отырып, өз болмысын, мінез қалпын өзгертіп те жібере алады. Яғни басқа адамның (кейіпкердің) субъектілік болмысы өзгеге әсер етуі арқылы объективтенеді. Осыдан келіп көркем шығарманың ішкі ерекшеліктері туындайды. «Ханша-Дария хикаясында» Шыңғысханның жаушылық әрекетінің мынадай бір көрінісі суреттеледі: «Шыңғысхан онша күш шашпай, шаһарды шыр айнала қоршап жатып алды. Таңғұттардың тас қамалының сыртынан қатар-қатар шатырлар, киіз үйлер тігілді. Тас шаһардың тап іргесіне улыған-шулығын көп ауыл кеп қонды. Шыңғысхан таңғұттарды әбден арам қатырғанша, осы арада тапжылмай отыра беруге бел буды. Шаһарға ұрыс салмады. Осы бір мылқау егес жылға ұласты» [5, 54]. Бұл тұста автор бас кейіпкердің жеке бас сипатының тұтас елдің тағдырына тигізген әрекетін көрсетеді. Әміршінің жыл бойы егескен елді судан-астан тұралатып, бір шаһарды жойып жіберуі арқылы тарихи оқиғаның мәнін тиянақтап отырады. Тарихи оқиғалар елдің, халықтың тағдырын тұтастай қамтығанымен, онда жекелеген тұлғалардың бейнесі даралай көрінеді. Автор Шыңғысханның әрекеті арқылы қалың әскердің, қарсы жақтың болмысын да ашып отырады. Баяндау тәсілі – көркем шығарманың композициялық құрылымына ықпал етеді. Баяндаудың ерекшелігі көркем шығармадағы автордың да, кейіпкердің де, суреттелетін оқиғаның да ерекшелігін ашады. Осы тұста шығарма кеңістігінен тыс баяндау сипаты көркем мәтінде жиі кездесетінін байқаймыз. Мәселен, қаламгер Ә. Кекілбаев тарихи оқиғаның өтуін Ханша-Дария желісімен өрбіте отырып, Шыңғысханның тарихына қатысты үзік оқиғаны баяндайды. Осындағы оқиғалардың бірқатары туындыдағы негізгі сюжетті толықтырып тұр. Мәселен, шығармада түс көру эпизоды бірнеше рет қайталанатын. Түстегі үзік оқиғалар әміршінің басынан өткен әлдебір оқиғаны қайта есіне түсіртіп, әр түрлі көңіл-күй тудырады. Түс әміршінің басынан өткен жағдайларға баға беріп, қайта ой елегінен өткізуіне мүмкіндік береді. Сол арқылы сюжет аясы кеңейіп отырады. Автордың ұстанымы кейіпкердің функциясын түрлендіруге ықпал етеді. Себебі автор сюжет таңдаған кезде, шығарманың ерекшелігін ашып, туындының идеясын тереңдететін оқиғаларға мән береді. Қаламгер Ә. Кекілбаевтың тағы бір балладасы «Күй» деп аталады. Әдебиет тарихында көркем шығармаға өзек болатын тақырыптардың біршамасы аспан денелеріне, жаратылыс құбылыстарына, сол сияқты өнер түрлеріне арналады. Солардың ішінде жиі қолданылатыны – күй тақырыбы. Әдебиет те сөз өнері болатын болса, музыкалық шығармалардың әннің, күйдің, бидің көркем шығармаға өзек болуы заңдылық. Өнер тақырыбы әдеби туындының көркемдік сипатын тереңдетеді. Театрда «үнсіз сахна» деген ұғым бар. Бұл әдеби шығармадан да алыс емес. Бұл кезде баяншының қызметі әлсірейді. Себебі үнсіз сахнадағы әрекет баяншыға қол жетімді емес. Кейде осы сөзбен айтылатын баяндауды ірке тұрып, оның орнын әуен (күй) басады. Автор күйдің тартылуын былайша сипаттайды: «Әуелі жасқаншақтап шыққан жаңа күй бірте-бірте ширығып, серпіліп, көшеленіп келеді. Көмейіне кептелген ыза-реніш те, мұң-нала да былай

ығысып, бір кейуана саз төгілді. Құсаға тұншыққан қапалы жүрекке басу айтқан көсем атаның көкірегінен шыққан сөздей ақылды да аялы саз» [5, 118]. Осы кездегі күйдің сипаты көптеп айтылатын сөздің, кемерінен асып төгілетін көңіл-күйдің орнына жұмсалып тұр. Көркем туындыдағы уақыт қатынасы әр түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Яғни автор қолданатын уақыт категориясының болмысы әр қилы тәсілдермен беріледі. Мәселен, күйге қатысты үзіндіде күйдің орындалуы ұзаққа созылған адам басындағы тағдыр-талайынан хабар беріп отыр.

Қорытынды. Көркем шығармадағы мекеншақ онда бейнеленетін заттар мен құбылыстардың жағдайын, ретін, болмысын ашады. Сондықтан да кеңістік пен уақыт кіріге жұмсалады. Яғни уақыттың белгілері кеңістікте айқындалса, ал кеңістік уақыт арқылы түсініліп, өлшенеді. Бұл екі ұғым туындыларда әр түрлі дәуірдің, қоғамның, адамдардың ерекшеліктері арқылы ашылады. Әдебиеттану ғылымында уақыт пен кеңістік қатынасының көркемдік болмысын талдау аса мәнді. Белгілі бір дәрежеде ол сөз өнерінің маңызды сипатын да ашады. Себебі, өнерді біз тікелей ғана қабылдай бермейміз. Оны көріп, оқи отыра, оны қабылдаудың, елестетудің әр түрлі тәсілдері (ишаралау, меңзеу, реминисценция, метафоралық жүйе, метафизика) де жүзеге асады. Бүгінгі әдебиет, көркем мәтін құрылымы, кейіпкер тұлғасы – тек филологиялық ұғымдар ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылым саласының кешенді қарастыратын ортақ категориясы. Бүгінгі суреткер тек сөз өнері қырларын меңгерген қаламгер ғана емес, қоғамдық, жаһандық құбылыстарды саралап, зерделей алатын философ, психолог, мәдениеттанушы, әрі әлеуметтанушы болуы тиіс. Сонда ғана барша адамзатқа тән әдеби-мәдени құндылықтардың иесіне айналады.

Әдебиеттер

1. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М.: Прогресс, 1978. – 325 с.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1996. – 320 б.
3. Хализев В.Е. Теория литературы. 6-е издание. – М.: Академия, 2013. – 432 с.
4. Әбдік Т. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2012. – 352 б.
5. Кекілбаев Ә. Ханша-Дария хикаясы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.
6. Успенский Б. Поэтика композиции. – Санкт-Петербург: Азбука, 2000. – 347 с.

Қ.М. БАЙТАНАСОВА

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Қазақстан

КОНЦЕПЦИЯ ХРОНОТОПА В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

Аннотация. Пространство и время – характерные черты человеческой природы в обществе. Восприятие, прежде всего, влияет на мировоззрение как познавательную, практическую и эмоциональную деятельность субъекта. В отечественном литературоведении объектом исследования является категория хронотопа. Причина этого в том, что хронотоп напрямую связан с основными понятиями литературного произведения, такими как сюжет, композиция, автор и персонажи. В то же время эти понятия связаны с определением историко-художественной природы литературы. Писатель разграничивает определенное пространство и время при описании сюжетной системы, действий персонажей. Это воспринимается не только в контексте астрономических представлений, но и комплексно в контексте эпох, истории, повседневности, психологии, искусства. В этом случае необходимо рассмотреть как внутреннюю, так и внешнюю структуру текста. Известно, что текст как сложное понятие включает лингвистический, стилистический, филологический анализ. Функция текста также определяет сложные и поликомпонентные психолого-интеллектуальные отношения. В статье анализируется комплексная природа времени и пространства на примерах из художественного произведения.

Ключевые слова: хронотоп, система, культурология, контекст, психология.

K.M. BAITANASOVA

ENU named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

THE CONCEPT OF CHRONOTOPE IN LITERATURE STUDIES

Abstract. Space and time are characteristic features of human nature in society. Perception, first of all, affects the worldview as a cognitive, practical and emotional activity of the subject. In Kazakh literature criticism, the object of research is the category of chronotope. The reason for this is that the chronotope is directly related to the basic concepts of a literary work, such as plot, composition, author, and characters. At the same time, these concepts are associated with the definition of the historical and artistic nature of literature. The writer distinguishes between a certain space and time when describing the plot system, the actions of the characters. And this is perceived not only in the context of astronomical concepts, but also comprehensively in the context of eras, history, everyday life, psychology and art. The author analyzes the complex nature of time and space.

Key words: *chronotope, system, cultural studies, context, psychology*

References

1. Bahtin M. *Jestetika slovesnogo tvorcestva*. – M.: Progress, 1978. – 325 s.
2. Bajtursynov A. *Sochinenija*. – Almaty: Zhazushy, 1996. – 320 s.
3. Halizev V.E. *Teorija literatury*. 6-e izdanie. – M.: Akademija, 2013. – 432 s.
4. Abdik T. *On kol. Povesti i rasskazy*. – Almaty: Atamura, 2012. – 352 s.
5. Kekilbaev A. *Povest' Hansha-Darija*. – Almaty: Atamura, 2003. – 320 s.
6. Uspenskij B. *Pojetika kompozicii*. Sankt-Peterburg: Azbuka, 2000. – 347 s.

Автор жайлы мәлімет:

Байтанасова Карлыгаш Медетовна – ф.ғ.к., профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Байтанасова Карлыгаш Медетовна – к.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

Baytanasova Karlygash Medetovna – candidate of Philology, Acting Professor of Kazakh Literature, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Ж.Е. БАЛТОҒАЕВА

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

E-mail: zhaili_1965@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ӨМІРМӘНДІК КӨРКЕМ ОЙДЫҢ (экзистенциализмнің) ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақала қазақ әдебиетінің табиғи (ресурстар негізінде) қалыптанған сипатын дәуірлей отырып, ежелден қалыптасқан халықтық шығармашылық бойындағы болмыс мәні, өмір сүру философиясы туралы сіңісті ой-толғамдарының әдебиеттану ғылымындағы экзистенциализммен сәйкестігін зерделейді.

Түп тамырын түркіге ортақ ежелгі дәуір әдебиетінен өрбітетін қазақ әдебиетіндегі тіршіліктің бітетіні, жарық сәуленің сөнетіні туралы өмірмәндік философиялық сарынның бастау арнасы да әрі де жатыр.

Бүгінгі тіршіліктің мәнін зерттейтін философиялық ағымның идеясынан туындаған әдебиеттану ғылымының басты бағыттарының бірі – экзистенциализм болып табылады. Осы жалпы адамзат жаратылысына тән құбылыстың дүниелік мәнін қазақ философиясы да түбегейлі зерттеп, осы құбылыстың көркем әдебиеттегі көрінісімен байланыста қарастырды.

Сонымен әр ел әдебиетінің тарихынан танылар сарындар – оның ғасырлық кезеңдерінен үзілмей жалғасып келе жатқан поэтикалық әуенінің көрінісі десек, қазақ әдебиетінің шетел әдебиеті ағымдарымен ұғымдық ұқсастығы, табиғаты және әлемі бөлек екі түрлі руханияттың әдеби сәйкестігі деп қаралуы керек.

Түйін сөздер: экзистенциализм, философия, әдебиет, поэтика, әдебиеттану, ғылым, идея, форма, мотив.

Кіріспе. Ұлттық әдебиетіміздің бүгінгі келбетінің негізі – халықтық дүниетанымда және ежелгі дәуір әдебиетінің тарихында жатыр. Өлбетте, әдебиетіміздің пайда болуы және қалыптасуы алдымен ұлт тарихының ұлы себептерімен тығыз байланысты. Ғасырлық ой – толғамдармен жетіліп, толыққан қазақ поэзиясының түп тамыры көне замандардан тартылған. Осындай ежелгі тарихы бар ұлт әдебиетін бүгінгі қазақ әдебиеттанушыларының жаңаша көзқараспен талдауы, ғылым саласында ізденістің жаңа көздерін ашты. Бұл – үлкен жетістік. Әрине, өз әдебиетінің тарихын білуде әр ұлт үшін ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі құбылысты ғылыми тұрғыдан жан – жақты талдап, қыр – сырын, жеке сипатын айыра танудың рухани әсері мол екені сөзсіз. Себебі, өзінің әдебиеттану ғылымын кәсіби тұрғыдан дамыта алған халық қана, сөз өнерінің ұлттық келбетін ғылыми түрде бағдарлай алмақ.

Мақала әдебиеттану ғылымы мәселелерінің қазіргі қазақ әдебиетіндегі зерттелу бағыттары негізінде жазылды. Осы мақсатта қазақ сөз өнерінің ұлттық сипаты туралы зерттейді. Соның ішінде қазіргі экзистенциализмге рухы жағынан жақындау келетін ұлт руханияты ұғымындағы «өмір сүру философиясының» өзіндік табиғаты, пайда болу мен қалыптасу жолдарын қарастыру, ұлт әдебиетіндегі өмірдің мәні туралы поэтикалық жолдардың, философиялық ойлардың негізгі арналарын зерделеу болып табылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада салыстырмалы, жинақтау, талдау, денотативті әдістер қолданылды.

Өлемдік әдебиетте танылып өзіндік бағытын айқындаған ағымдар, кеңес тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылымында саяси цензура әсерінен ашық жазылып, талданбады. Бүгінгі күні жаңаша қаралып ұлттық әдебиетіміздің бойында болған көріністер әлем әдебиетіндегі әдіс-тәсілдермен байланыстырыла және салыстырыла қарастырылуда. Сонымен бірге,

өзіндік жасалу және даму жолдарын сақтай отырып пайымдалады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі жетістігі мен даму дәрежесінің кәсіптік деңгейі жоғары. Әйтседе, әу, баста Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышымен» бастау алып, кейіннен, заман ағымымен назардан тыс қалған үлкен мәселе бар, ол бүгінде ішінара айтылып жүрген – сөз өнерінің ұлттық сипаты туралы зерттеу. Ғалымның айтуынша, «біздің көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі – не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе... Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады, адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі – өнер дүниесі болады. Ал, өнердің өзі «тіршілік үшін жасалатын тірнек өнері және көркемшілік үшін жасалған көрнек өнері» [1,137] – деп бөлінеді.

Зерттеуші көрнек өнерінің өзін былайша бес тарауға саралайды: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері және сөз өнері қазақша асыл сөз. Осылайша негізгі нысанына (объектісіне) сатылап келе жатқан автор: «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады, «өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар – мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама – шарқынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән – күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіретпен көрсетуге, танытуға болады» [1,138] – дей келіп, одан әрі әдебиеттану ғылымының салаларын жіктеп, өз қолданысқа енгізген кейбір ұғым атауларына анықтама беріп түсіндіреді, яки, автор өзінің төл терминдерін қолданады. Ұлттық әдебиет теориясының негізін жасаушы, ғалым А. Байтұрсынов осы белгілі «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде өзінің эстетикалық принциптерге негізделген ойларын (түсіндіруде), яки жүзеге асыруда, сөз өнері құралдарын (терминдерді) тіліміздің ерекшелігіне, оның құбылыстарын қазақ халқының психологиялық ерекшелігіне қарай егжей-тегжейлі зерттей түсіндірген. Сонымен, ғалым сөз өнері табиғатын тануда халықтық әдебиетті, яғни салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық этнография, ұлттық мәдениет, аңыз, эпос, тарихи жырларды негізге алады. Ол табиғат құбылыстарын таңбалауда әлемдік немесе орыстан енген атауларға балама іздемей ұлттық сипат салып төл атау берген. Қазақ философтары Ә. Нысанбаев пен Ғ. Есімов пікірлеріне жүгінетін болсақ, онда былай деп келтіріледі: «қандай биік әрі терең философиялық жүйе болмасын, ол өмір, тұрмыс болмысынан алшақ кете алмайды. Миллиондаған адамдардың күнделікті тұрмысында қандай сана қызмет етуде. Әр адамның өмір, өлім туралы түсінігі бар, өмір сүруге, әрекет етудегі ынтасы бар, ал сонда ол бұл қоғамның шытырман қойыртпаққа толы қайшылықтың, толып жатқан саяси, идеологиялық қағидаларын қалай ұғынып, қалайша шешіп өмір сүрмек? Сондықтан бүгінде философия нақтылы адам қажеттілігіне айналуы керек. Ол үшін философия өмірге жақындап, адам үшін қызмет етуі қажет. Байқап отырсақ қазақ дүниетанымы осы мәнде қалыптасқан.

Қазақ философиясы – «өмір сүру философиясы», яғни рухы жағынан қазіргі экзистенциализмге жақындау. Халықтың «жалған өмір» туралы түсінігі тек діни бойкүйездікке құрылмаған, ол белсенді әрекетті де жоққа шығармайды. Қазақ түстік ғұмырың болса, кештік мал жина» [2, 3] – дейді.

Міне, осы тұрғыдан келетін болсақ, адам санасында сомдалып барып сөз өнерінде бейнеленетін табиғат, жаратылыс құбылыстары туралы айтылар ойды астарлап, мәнерлеп, меңзеп жеткізуге жұмсалады. Олар көбіне адам жанының жай-күйін беруде психологиялық параллелизм қатарын түзеді десек, бұл да ұлттың тұрмыстық болмысына негізделері сөзсіз. Қазақ философиясы сияқты, қазақ сөз өнері де қоғамның рухани қажеттілігін өтеп, әрбір көркем туынды өмірдің өзекті мәселелеріне жауап беру үшін қызмет етеді. Бұл үшін көркем туындының жасалу жолдары, табиғаты, тақырыбы, идеясы сол ұлттың рухани әлемімен етене жақын, қоян-қолтық аралас болуы өз алдына, жазушының өз ойын көркемдеп сомдауындағы көрнекілік құралдары мән-маңызы терең, мағынасы бай, ұлт рухының сансалалы табиғатын жан-жақты ашатындай дәл әрі нақты болуы қажет.

Әдетте, философия қоғамдық сананың өзін объект етсе, әдебиет әр дәуірдің келбеті

болып табылар сөз өнерін зерттейді. Өйткені қоғамдық сана жасайтын тарихи құбылыстар ақындар шығармашылығының астарына айналып көркемдік шешім тауып жатады. Сол қоғамды бір жүйеге бағындырып реттеуші күш – саясат пен идеология адамдар санасын өз тәртібіне бағындырып белгілі бір ортаны қалыптастырады. Әр қоғамда өзін қоршаған ортаның ахуалы, халықтың жағдайы, жеке адамдардың рухани моральдық құқы, жалпы саяси-әлеуметтік жағдайы туралы философиялық ой-толғамдарын поэзияға өріп жүретін ақындары (шығармашылық тұлғалар) болады. Осы шығармашылық тұлға өзінің туған халқының тұрмыс-қалін дүние құбылыстарымен айшықтап, өмір мәндік көркем ойлармен философиялық астар салып жеткізеді. Шын мәніне келсек, қазақ философтарының қарастыратын және өздерінің пікірлеріне негіз ететін деректері әдеби шығармалар болып табылады. Яғни, қазақ дүниетанымындағы өмір сүру философиясы немесе экзистенциалдық сипат артық дәлелдеуді қажет етпейтін, айқын мысалдар арқылы да көзге көрініп тұрған дүниелер. «Әдебиет тарихы, әдеби мұра нұсқалары арқылы ұлт тарихы, халық санасының қалыптасу жолы танылады. Әдебиет – ұлттың көркемдік- эстетикалық талғам таразысы болумен қатар, халық тарихының сан қырлы, көп қатпарлы қалтарыстарын кейінгі ұрпақ санасына сақтап жеткізді. Бұл заңдылықтың дәйектілігін қазіргі заманғы, нақтылап айтқанда, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларының даму жолының өзінде тарихилық сипаттың әлі де болса, ерекше басым түсіп отырғандығымен түсіндіруге болар еді. Әдебиет белгілі дәрежеде ұлттық көркемдік танымның, шежірелі ұлттық тарихтың міндетін қатар атқарып келеді» [3, 17]. Яғни, ұлт өмірінің летописі, рухани айнасындай – көркем сөз өнері, ел тарихымен бірге қалыптасып дамыды.

Талқылау мен бақылау. Сонымен, қазақ әдебиетінің негізі – ежелгі дәуірлерден бастау алады. Мысалы, өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі, Иранның ұлы ақыны Фирдоусидің «Шаһнама» кітабының (XI ғ.) кейіпкері болған Алып – Ер Тұңға ақыл – айласымен аты аңызға айналған, күшімен, біліктілігімен ел есінде мәңгілік қалған тарихи тұлға. «Тұран елінің батыры Алып Ер Тоңғаны ұлы шайыр өз дастанында Афрасиаб деп атаған. Көне парсы тілінде «Афрасиаб» сөзі «дүлей қара күш иесі» деген мағына береді» [4, 29]. «Алып – Ер Тұңға – Иранның ұлы жазушысы Фирдоусидің «Шаһнама» кітабына кейіпкер болған. Онда Афрасияп, тұран патшасы болып суреттеледі. «Тұран» – Тұр елі – түріктер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасияптың соғысы Сейхун (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шекарасында болған. Афрасияптың аңыздағы бейнесі Қорқытқа ұқсас. Ол өмірінің ақырында адам бойынан мың есе ұзын, есік – тесігі түгел бекітілген қорған салып алып, тығылып жатыпты. Алтын мен күмістің бірі – ай, бірі – күн, екі шам орнатыпты. Қорғанның іші асыл тастардың жарқылынан күндізгідей жарық болып тұрады екен. Бірақ ажалдан құтыла алмапты. Ажал адам кейпіне еніп келіп, жанын алыпты. Афрасияп сияқты, Қорқыт ата да ажалдан қашқан. Өздері өлсе де, жасаған жақсы ісі, даналық сөздері қалды. Өлмеудің жолы сол екен» [5, 7]. Ежелгі түркі әдебиеті мен фольклорының алғашқы нұсқаларының бірі – Ер Тұңға туралы жоқтау, қазақтағы жоқтау айту салтының өте көне заманнан келе жатқанының дәлелі. Ғалымдардың пікірлеріне негізделер болсақ, жоқтау мәтінінің мазмұны, үлгісі қазіргі заманғы үлгіге сәйкес келеді. Жырда, әдеттегідей, «дүние опасыздығы», «жоқтаушының ішкі күйзелісі», «өлген адамға деген сағынышы» орын алған, сондай – ақ, бүкіл тіршілікті: «мағынасыз, мұнды» етіп көрсету, мысалы: «опасыз дүние қалды ма», «көңілім ішті жандырды», «қайғы тоздыртты», «жүзі запыран жаққандай сарғайды», «тағдырдың күнін тербетер», «пенденің күшін мендетер», «пәниді жұрттан тазартар», «тауды атса көздеп кеп», «шың шатқалы қақырар», «заман түгел күйреді», «білімді жақсы сиреді», «жаман – жәутік түптеді», «ізгі бектер шетінер», «білімді батыр жүнжіді» т.б. Әйтпесе, тағдырдың ісіне пенденің шарасыздығын танытар жан азабын бейнелеген мына жолдардағы:

Тәңірім торын құрғанда,
Тұтылмай адам тұрған ба,
Кертілер алып шыңдар да,
Тағдырдың оғы қадалған.

Көңілімді қайғы жандырды,
 Жазылмас жара қалдырды,
 Кешегі күнге зар қылды,

Кеткенді қайдан табасың – адамның ақыл-ойын, санасын «улаған» қайғының күші мен салмағы рух пен жігерді жаншып налытқандай қуатты жолдармен жазылған. Жырда өзіне мақсат, күш беріп отыратын басшысынан (идеалы) айырылған адам жанының «жоғалту» сезімінен үмітсіздікке ұрынып, тіршіліктен түңілу деңгейіне дейін жеткен жай-күйі суреттеледі. Бірақ бұл ерлік жырларында патриоттық оптимистік көңіл-күй алдыңғы планға шығып, өлім мотиві айтылмайды, өкіну мен аяу сезімдері ғана эмоциялық күш алады. Яғни, бұл табиғат заңдылығы, жазмыш. Байқағанымыздай, халықтық әдебиетіміздің түпкі күре тамырының тартылар қайнар көздерінің өзінде айтар ойдың өмірмәндік (экзистенциалдық) астары болған. Адамның ішкі дүниесінде болар жан күйзелісі мен сыртқы дүние жаратылысы бір – бірінен айқын ажыратыла отырып, сол сәтте ішкі эмоция сыртқы дүниенің сипатын, мәнін өзіне бағындырады. Яғни, «шың шатқалы қақыраған» қайғылы пенденің бұл пәниден, жеке тағдырынан үміті азайып, дүние мағынасыздық сипат алады.

Сөйтіп, жырда өмірдің мәнін «жоғалту» концепциясы тұрғысынан қаралады. Және қаһарманның өмірін жырлар тұста нұрлы, қуатты бояулармен әсірелеп беріледі. Осының бәрі адамның ішкі қайғыны бастан кешірген сәттегі дүние құбылыстарын түсінуге ұмтылу әрекеттерінен туындайды. Яғни, өмір туралы өздерінің көркем ойларын сомдайды.

Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған ілкі орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасалды. «Қазақ әдебиетінің он томдық тарихында» (2006 ж.) былай деп беріледі: «Бізге жеткен авторлық поэзияның ең ертедегі үлгісі – «Ұлы жыршы» атанған Кетбұға (ХУ) жырларының үзінділері. Олардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары туралы деректер өте жұтаң және негізінен аңыз күйінде жеткен. Мазмұны мен жанры жағынан әр түрлі мәтіндер сол дәуірдегі Алтын Орда қоғамының көркемдік шығармашылығында ақындар мен жыраулар басым болғанын дәлелдейді. Осындай жырдың бірі – Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұғаның естірту жыры. Жыр мәтінінің үзінділерін ХІІІ ғасырда араб тарихшысы Ибн әл-Асир жазып алған» [6, 12]. Бұнда ұлы жыршы Кетбұға ұлы билеуші Шыңғыс ханға оның үлкен ұлы Жошының қаза тапқаны туралы астарлап былайша хабарлайды:

Теңіз бастан былғанды,
 Кім тұндырар, уа, ханым?!
 Терек түптен жығылды,
 Кім тұрғызар, уа ханым?!

Бұған Шыңғыс былай деп жауап қайтарады:

Теңіз бастан былғанса,
 Тұндырар ұлым Жошы – дүр!
 Терек түптен жығылса,
 Тұрғызар ұлым Жошы – дүр!
 Көзің жасың жүгіртер,
 Көңілің тұлды болғай – ма?
 Жырың көңіл өкіртер,
 Жошы өлді болғай – ма?
 Сонда Кетбұға былай деп жырлайды:
 Сөйлемеске еркім жоқ,
 Сен сөйледің, уа ханым!
 Өз жарлығың – өзіңе жауап,
 Ой ойладың, уа, ханым!
 Шыңғыс – хан былай деп қорытады:
 Құлын [ын] алған құландай,
 Құлынымнан айырылдым!

Айырылысқан аққудай
Ер ұлымнан айырылдым.

Поэтикалық жоғары шеберлікті танытатын бұл жолдарда қайғылы оқиға тура айтылмай, астарланып, айшықталып жеткізіледі. Жырда кейіпкер қамыққан көңілдің қайғысын бейнелейтін «түптен жығылған терек», «құлынын алған құлан», «айырылысқан аққу» секілді образдармен сипатталады. Ал ұлынан айырылған адамның жай – күйі тап басылып, психологиялық параллелизм, метафоралар, эпитеттер мен теңеулер көмегімен суреттеледі. Мұнда автордың да, қайғылы қазаға ұшыраған кейіпкердің де, ішкі күйзелісі жанын шыдатпаған әкенің де көркемдік бейнелері бар. Мифтік психологизмнің элементтері де айқын көрінеді. Жырда жеке бас қайғысы дүниенің әрбір құбылыстарымен байланыстырыла күрделене бейнеленген. Адамның құлаған мұраты, асқақ арманының күйреуі – жырдың жалпы көңіл-күйін, ой-толғамын анықтап тұр.

Қорқыт образындағы өмірмәндік ізденіс. Қорқыттың ғылыми деректерге сүйенген тарихи тұлғасы: Әлкей Марғұланның деректерінен: «ескі заманның асқан данасы Қорқыт бейнесін тереңірек зерттеп, ол туралы айтылатын аңыз-әңгімелерді жарыққа шығаруға қажымай еңбек еткен ғалымдар Э. Диваев, А.Н. Самойлович, М. Әуезов, А.В. Затаевич, А. Жұбанов, Ә. Қоңыратбаев. Қорқыт туралы айтылатын аңыздар тобын, оның ішінде қазақ, қарақалпақ, түркмендер айтатын түрлерін кеңінен алып, ғылыми терең зерттеген ғалым – В.М. Жирмунский» [7, 204].

Дарынды ғалымымыз Ә. Марғұланның өзі жүгінген В.М. Жирмунский мақаласы тарихи деректерді, ғылыми еңбектерді, пікірлерді дәлелді түрде негізге ала отырып, халық аңызымен шебер байланыстыра білгенімен құнды. «Қорқыт ата кітабының» 1989 жылы Бакуден жарық көрген нұсқасында да тың деректер мен пікірлер берілген. Кітаптың алғысөзін жазған азербайжанның көрнекті ғалымы Х.Көрұғлы. Сондай-ақ, дәл осы азербайжан эпосының мотивімен берілген жазушы Рзаев Анар Расулұлының «Қорқыт ата» повесінде: «Қорқытқа да уәж бермей қырылысқан майдан даласында бір кезде тірі пенде қалмай, бәрі ғажайып образды тастарға айналады. Бұл оғыз тайпасынан бүгін бізге қалған өркеш-өркеш тастар ғой. Шынында да тасқа жазылған ескерткіш жырдан басқа не қалды. Кенет өзіне қазылып жатқан көр тықырынан селк еткен Қорқыт айналаға көз салады: жапырақтар өзді-өзі саулап жерге түсуде, бұтақтар сынуда, жалаңаш қалған ағаш та сола бастады, өзен тоқтады, құс ұшпады, шөптер қурады, бар тіршілік бір мезетте жоғалды. Тіпті тау бұғысы да сол қалпында қалшып қатып қалды. Қайғы басқан Қорқыт маңдайында ақ жұлдызы бар інгеннің еріне таңылған қобызын алып жырлап кетті, өлім - у-жылан да бір сәт ұйып қалғандай, тыңдайық ендеше: О, жалған, мен жырлаған, «бүкіл дүние біздікі» деп күркіреген сол бектерім қайда кеттің? Оларды ажал ұрлап, жер жұтты. Жалған дүние кімге опа қылған? Жер бетіндегі өмір мәңгі емес. Адам келеді, кетеді, оның түбі қайыр емес деді. Қобыз күйінен қайта тірілген табиғат, батырлар тағы да ұзақ өмірге енеді» [8, 104]. Бірақ бұл физикалық тіршіліктен алшақ символдық жүйеде өмір сүру. Ол оғыз ұрпақтарының бүгінгі жалғасқанының куәсі.

Ә. Марғұлан: «Қорқыт тірліктің тұрақсыз, өзгергіш түріне күйзелген. Өлу, жоғалу, тозу оның көзіне тоймайтын бір обыр дүние, азнаған көр болып көрінген. Қорқыттың бұл идеясы қазақтың бірнеше жазуларында суреттеліп отырады» [7, 204]. Қазақ аңызына әлемдік биіктік беріп тұрған Қорқыттың өлім қақындағы фәлсафасы – кейіннен қазақ әдебиетінің ғасырлар бойғы тарихына мотив болып жалғасты. Әлбетте, мәңгілік немесе жоғалу туралы ой нұсқасында қоғамдық сана сипатының өзіндік ерекшелігі мен құндылығы ажыратылады. Мысалы, «опасыз дүние» қолданысында адамның алдану, шошу, қорқу сезімдері басым болса, «жалған дүние» қолданысында өмірдің өткіншілігін саналы түрде қабылдаған көңілден туындайтын шарасыздыққа салыну, мағынасыздыққа берілу, өкіну, сюжеттерінде де көптеп кездеседі. Бұл өзіміз куә болып отырғандай ғасырдан-ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан мәңгілік мотив. «Кейде олар сараланып, іріктеліп қалыптасқан дәстүрлі сарындар болады. Немесе шығарманың құрамындағы бір айшық жеке бөлігі сияқты келеді. Кейбір жанрда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Кейде мотив

пен тақырып ұғымын бір деп қарайды. Мотивке кейде сұлулық, ізгілік, ар, қорқыныш, махаббат, өлім секілді мәңгілік тақырыптарды жатқызады. Көптеген мотивтер мифологиямен бірге адамзат мәдениетінің рухани қазынасына келіп қосылады» [9, 75]. Қорқыт аңызының да түйіні:

Қайда барсам қазулы қара көрім,
Құтылмақ жоқ өлімнен жетті көзім.
Өлім бар да – өмір бар, құтылмайсың,
Қайда барсаң, қазаға тұтылғайсың.
Домбырасы дыңғырлап берді кеңес,
Өмір жолы өлімнен қашу емес.
Сызылып домбырада соңғы мұны,
Жалғасты жеті ықылымға өмір үні.
Өлмеді ол, қос ішекте күйі қалды,
Күйшілер көкейіне құйып алды.
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді!
Артында өшпес өмір үні қалды.

(Жыр «Жас қазақ» газетінің 09.04.92 ж. нөмерінен алынды).

Нәтижелер. Сақтар мен ғұндардан кейін тарих сахнасына шығып, бүкіл дүниені дүр сілкіндірген халық – ежелгі түркілер болды. Көркемдік дәрежесі мейлінше жоғары, шешендік сөздері мол, көріктеу құралдары айшықты болып келетін «Күлтегін» және «Тоныкөк» сияқты ғажайып дастандардың ғайыптан өзінен – өзі өмірге келуі мүмкін емес. Демек, бұл дастандарды жазған Йоллығтегін өзінен бұрынғы түркі поэзиясының көркем сөз дәстүрін жақсы меңгерген ақын. Ғұндар дәуірінің ауыз әдебиетінде қолданылған көріктеу құралдары, қанатты сөздер мақал-мәтелдер кейде Орхон жазба жәдігерліктерінде қайталанып отырады. Ежелгі түркі жұртына қалың қол бастап, халқын сыртқы жаудан қорғаған дарабоз батырлары қайтыс болғанда бүкіл ел болып күңіреніп, аза тұтып, жүрек тебіренерліктей қасіретті жоқтау жырларын айтатын дәстүр болған. Бір адамның қайғысы бүкіл елдің қайғысына айналған. Сол арқылы ел қорғаудың киелі, қасиетті іс екенін күллі қауымға жария етілген. Түркі қағанатының әскери қолбасшысы Күлтегін батыр қайтыс болғанда күллі көк түркілер жұрты шексіз қайғыға батады. Ауыр қасіреттен аспан айналып жерге түскендей болады. Бүкіл ел болып аза тұтқан сәттегі жоқтау сөздерін ақын Йоллығтегін төмендегідей жыр жолдары арқылы жеткізген:

Інім Күлтегін қаза болды
Өзім қайғырдым
Көрер көзім көрместей
Білгір ақылым білместей болды...
...Қайғырғаным соншама,
Көзге ыстық жас келер,
Көңілге ауыр шер келер.
Шексіз қайғырдым,
Қатты қайғырдым...
...Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.

Қалай болған күнде де тарихта ерлік дәуірі деп аталған ғұндар заманының ауыз әдебиеті Күлтегін, Білге қаған сияқты батырлар бейнесін жасауға өзіндік ықпал-әсерін тигізді.

Идеяның формамен мінсіз үйлесіміне негізделген миф пен эпостың күні осы уақытқа дейін тендесі болмай келе жатқан сұлулығын, бүгінгі тілмен жеткізсек тек қана ұжымның яғни халықтың біртұтас алып күшімен түсіндіруге болады. Бұл үйлесім, өз орайында, халықтық (ұжымдық) ойлау қабілетінің тұтастығы арқасында өмірге келді, бұл үдерістің үстінде (процесте) сыртқы форма эпикалық ой-пікірдің мәңгі бөлігі болды, сөз әр уақытта символ болып табылды, яғни сөйлеу халықтың қиялында бірқатар жағымды бейнелер мен елестер туғызды, халық олар арқылы өзінің ұғымдарын білдірді.

Ал жалқы адам бүкіл топтың қара күшінің, оның барлық мағлұматының – бүкіл психикалық қуатының бір бөлігі болып табылады. Өртүрлі зұлым күштердің әрекетіне тап келген жеке адам ғайып болады, ал тобыр бұл жоғалуды барлық адамның жолында күтіп тұрған қаскөй күштердің көрінісіндей қабылдайды. Халық өзінің бастаушысынан немесе қара күшінің бір бөлігінен айырылып қалғанына қайғырады. Өздерін сол күштерден қорғау мақсатында қара халықтың (ұжымның) күшінің бүкіл қарсыласу қабілетін, яғни, ажалдың күшіне қарсы қою қабілетін тудырады. Сондай-ақ, кек алу табиғи тілегі пайда болады. Басшысынан айырылған қара халықты қайғы, яғни, санадан тыс күш билейді: өлгенді қайта тірілту, өз орталарында қалдыру т.б. Басшысын жоқтау үстінде халық өзінің бүкіл ақыл-ойын, әдіс-айласын, күшін және жалқыны неғұрлым қуатты ететін барлық қасиеттерін байланыстыратын жеке тұлға жасап шығарады. Осы мезеттен бастап халықтың әрбір өкілінің жеке ерлігі, ой-тұспалы бүкіл мазмұны ерекшелігімен, яғни жеке «мені», осы ойдан сомдалған жеке адамға, немесе өлген басшының бейнесіне апарып телінген. Өйткені, ол заманда өз «менін» ұжымнан тысқары тұрған әлдеқандай бір болмыс түрінде түйсіну болмаған. Осылай бүкіл қуатты күштің жиынтығы – жаңа қаһарман бой көтерді де, өзінше бір психикалық орта жасалды, яғни, өлімді өмірге айналдырар ерікке ұмтылған шығармашылық пайда болды. «Меннің» жасалу процесі – халықтың мұқтаждығынан туындады, себебі тобырдың алдында «олармен (қаскөй күшпен)» және табиғатпен күресу міндеті болды. Бұл – халықтың біртұтас қуатының бөлшектелуінің басы болды. Өз ортасынан жеке адамды көсем ретінде бөліп ілгері шығара отырып, халық, өз психикасының бүкіл болмысын қаһарманның бейнесіне салғаны сияқты, жаңа «жеке адамға» өзінің бүкіл жеке тәжірибесін де теліді. Жеке қаһарманды сомдай отырып халық, өзінің күш бірлігін, тұтастығының символы – табиғи сананы жойған жоқ, керісінше бұл тұтастық жеке психикада жаңа сезіммен алмаса бастады. Халық сомдаған жеке тұлға өз міндетін алғашында тобырдың, яғни табиғи сананың бір бөлшегі ретінде атқарады да, кейіннен, ептілік қабілеті дамып, тобырлық тәжірибенің жаңа құбылыстарында жеке инициатива көрсетеді. Сөйтіп, өзін ұжымның рухани күштерінен тәуелсіз, жаңа бір шығармашылық күш ретінде сезінді. Өз бойына рух берген күштерді, жалғыз өзі ғана түйсінген жеке тұлға, өзінің маңызын басқаша сезіне бастады. Енді ол өзін қоршаған қоғамнан, өз айналасында психологиялық кеңістік сезіне алмады. Бұл – тұлғаның жеке жетіліп – дамуы болды да, ал оның жаңа сана-сезімі – дарашылдық драмасының, (идеялық жалғыздығының, яғни, тіршіліктің экзистенциалдық проблемасының) басы болып табылады.

Қорытынды. Мақаланың айтар ойын қорытындылайтын болсақ, әдеби көркем шығармалар да философия ғылымы сияқты болмыстың мәні, өмір сүру философиясы туралы ой толғайды. Әр халықтың ежелден қалыптасқан рухани әлемінің басты арнасы болып келе жатқан бұл тақырыптың – әр ұлтта түп негізден өрбіген өзіне тән сарыны мен сипаты, яғни ерекшелігі бар. «Өмір сүру философиясы өзінің Еуропада зерттелген түрінде бұрынғы және қазіргі заманғы көптеген қазақ ойшылдарының философиялық толғаныстары мен ұстанымдарына біршама жақын. ...Батыс зерттеушілері мен Қазақ даласының осы үндестігін оқырман қазақ жастары байқайтын болады және қазақ зиялылары жағымды қабылдайды деп үміттенеміз» [10, 16].

Жалпы алғанда барлық адамзатқа ортақ бұл тақырып ұқсас болып көрінгенімен, оның ұлттық ерекшелігін тиянақты зерделеу арқылы қазіргі әдебиет дәуірінде шетел әдебиетімен бір арнада қарастыру да түп негізі бөлек әдеби сәйкестік екені ескерілуі керек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 138 б.
2. Нысанбаев Ә., Есімов Ғ. Халықтық дүниетаным // Егеменді Қазақстан. 14.08. 1991, – 3 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – 4 том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 17 б.
4. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті». – Алматы: Атамұра, 2005. – 29 б.
5. Қыраубайқызы А. «Ежелгі әдебиет». – Астана: Елорда, 2001. – 7 б.

6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – 2 том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 12 б.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 204 б.
8. Рзаев А. «Қорқыт ата кітабы». – Баку: Гянджлик, 1988. – 104 б.
9. Ыбыраев Ш. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. /ғыл.док. дисс./ – Алматы, 1993. – 75 б.
10. Әлемдік философиялық мұра. Өмір сүру философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 16 б.

Ж.Е. БАЛТОГАЕВА

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ МЫСЛИ О СУЩНОСТИ БЫТИЯ (ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМА) В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. Статья посвящена исследованию созвучности (обусловленного природными факторами) характера казахской литературы, представлений о сущности бытия, жизненной философии, свойственных складывавшемуся на протяжении веков народному творчеству, и литературного экзистенциализма.

Истоки философских мотивов о бренности бытия, конечности жизненного пути в казахской литературе, восходящей к общетюркской литературе, лежат в глубокой древности.

Одним из основных направлений литературоведения, вытекающим из идеи философского течения, изучающего сущность современного бытия, является экзистенциализм. Казахская философия также основательно исследовала всемирное значение данного явления, присущего человеческой природе, рассматривая его в связи с репрезентацией в художественной литературе.

Таким образом, если считать мотивы, познаваемые нами благодаря истории литературы любого народа, отражением его поэтической интонации, непрерывно развивающейся в течение многих столетий, то концептуальное сходство казахской литературы с течениями зарубежной литературы следует рассматривать как литературное соответствие двух духовных миров, различных по своей природе.

Ключевые слова: экзистенциализм, философия, литература, поэтика, идея, форма, мотив, наука, литературоведение.

ZH.Y. BALTOGAEVA

Atyrau University named after H. Dosmukhamedova, Atyrau, Kazakhstan

FORMATION OF ARTISTIC THOUGHT ABOUT THE ESSENCE OF BEING (EXISTENTIALISM) IN THE HISTORY OF KAZAKH LITERATURE

Abstract.. The article is devoted to the study of the consonance of the nature of Kazakh literature caused by natural factors, ideas about the essence of being, life philosophy, characteristic of folk art that has developed over the centuries, and literary existentialism.

The origins of philosophical motifs about the impermanence of life, the finiteness of the way of life in Kazakh literature, dating back to the common Turkic literature, lie in ancient times. One of the main directions of literary studies, which follows from the idea of a philosophical trend that studies the essence of modern life, is existentialism. Kazakh philosophy also thoroughly investigated the global significance of this phenomenon inherent in human nature, considering it in connection with its representation in fiction.

Thus, if we consider the motives that we know through the history of literature of any nation as a reflection of its poetic intonation, which has been continuously developing for many centuries,

then the conceptual similarity of Kazakh literature with the trends of foreign literature should be considered as a literary correspondence of two spiritual worlds that are different in nature.

Key words: existentialism, philosophy, literature, poetics, idea, form, motive, science, literary studies.

References

1. Bajtursynov A. Sochinenija. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 138 s.
2. Nysanbaev A, Esimov G. Noradnoe mirovozzrenie. Egemen Kazshstan, 1991, 14.08. – 3 s.
3. Istorija kazahskoj literatury. Desjat' tomov. 4 tt. – A: KAZinform, 2005. – 17 s.
4. Kelimbetov N. Drevnjaja literatura. – A: Atamura, 2005. – 29 s.
5. Kyraubajkyzy A. Drevnjaja literatura. – Astana. Elorda, 2001. – 7 b.
6. Istorija kazahskoj literatury. Desjat' tomov. 2 tt. – A., 2005. – 12 s.
7. Margulan A. Drevnie pesennye legendy. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 204 s.
8. Rzaev A. Kniga Korkyt Ata. - Baku: Predislovie: Gjandzha, 1988. – 104 s.
9. Ibraev Sh. Pojetika kazahskih geroicheskikh pesen. /Dok. diss./. – Almaty, 1993. – 75 s.
10. Mirovovoe filosofskoe nasledie. Filosofija zhizni. 11 t. – Almaty, Pisatel', 2006 g. 16 r.

Автор жайлы мәлімет:

Балтоғаева Жайлы Елепқызы – ф.ғ.к., Х. Досмухаметов атындағы Атырау университетінің доценті, Атырау, Қазақстан.

Балтоғаева Жайлы Елеповна – к.ф.н., доцент, Атырауский университет имени Х. Досмухаметова, Атырау, Казахстан.

Baltogaeva Zhaili Yelepovna – candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.

Л. МҰСАЛЫ¹
Б. ДАУТОВА²

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
(E-mail: mj_laila@mail.ru, Dautova.bibigul1979@gmail.com)

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ КОНЦЕПТІЛЕРІ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдеріндегі уақыт концептілері және оның көркемдік қызметі туралы сөз болады. Әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі ретінде уақыт пен кеңістікке байланысты ерекшеліктер әлем әдебиетінде де, төл әдебиетімізде де жиі кездесіп жатады.

Данышпан ақын Абай поэзиясынан уақыт ұғымын беретін, бейнелейтін әрқилы сөздерді, сөз-концептілерді кездестіреміз. Уақыт концепциясы арқылы арқылы автордың идеясы, оның өмір сүрген кезеңінің жағдайы, тарихи хронотоптың функционалды-семантикалық ерекшеліктерінің берілуіне назар аударылады. Ақын лирикаларында көрініс табатын хронотоптардың көркемдік ерекшеліктері талданып, ең бастысы уақыт ұғымын беретін концептілер талданады. Белгілі категорияларды талдау арқылы әдеби туындыны, автордың идеясын, сюжетін, мәні мен мазмұнын тереңірек және толық түсінуге мүмкіндік береді.

Уақыт концептісі және оның көркемдік қызметін ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі адам өмірінің жастықтан кейінгі кемелдену кезеңін бейнелейді. Өлеңдегі «қарт», «қарттық», «қартаю» тағы басқа сөздер бұл кезеңнің концепттік өрісін құрайды. Авторлар осы сөздердің өлең контекстіндегі семантикалық-стилистикалық қызметіне талдау жасайды.

Түйін сөздер: уақыт, поэзия, лирика, уақыт, кеңістік, концепт, тарихи кезең.

Кіріспе. Әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі ретінде уақыт пен кеңістікке байланысты ерекшеліктер әлем әдебиетінде де, төл әдебиетімізде де жиі кездесіп жатады. Данышпан ақын Абай поэзиясынан уақыт ұғымын беретін, бейнелейтін әрқилы сөздерді, сөз-концептілерді кездестіреміз. Уақыт концепциясы арқылы арқылы автордың идеясы, оның өмір сүрген кезеңінің жағдайы, тарихи хронотоптың функционалды-семантикалық ерекшеліктерінің берілуіне назар аударылады. Көркем әдебиеттегі уақыт көркем мәтіннің ерекшелігімен, автордың ниетімен байланысты белгілі бір қасиеттерге ие. Мәтіндегі уақыт нақты анықталған немесе өте бұлдыр шекараларға ие болуы мүмкін (оқиғалар, мысалы, ондаған жылдар, бір жыл, бірнеше күн болуы мүмкін), олар жұмыста көрсетілуі мүмкін немесе, керісінше, тарихи уақытқа немесе уақытқа қатысты емес, оны автор шартты түрде орнатады.

Мәтіннің семантикалық құрылымының әмбебап компоненттерінің бірі – көркемдік уақыт. Ол оқиғалардың арақатынасын, олардың арасындағы ассоциативті, себептік және психологиялық байланыстарды бейнелейді, сюжетті дамыту барысында құрылған оқиғалардың күрделі сериясын жасайды. Әдеби мәтін күнделікті мәтіннен спикердің қиял әлемін құрып, оқырманға эстетикалық әсер ететіндігімен ерекшеленеді.

Көркем уақыт жүйелі. Уақыттың бұл қасиеті шығарманың эстетикалық нақтылығын, оның ішкі әлемін ұйымдастыруда, сонымен бірге автордың тұжырымдамасын, оның қоршаған шындықты қабылдауымен, оның әлемнің бейнесін көрсетумен байланысты. Шығарманың имманентті қасиеті ретіндегі уақыт пен оқырман уақыты деп санауға болатын мәтін ағымының уақыты арасындағы уақытты ажырата білу керек; осылайша, көркем мәтінді қарастыру барысында біз «жұмыс уақыты – оқырман уақыты» антиномиясымен

айналысамыз. Уақыттың өзі гетерогенді болуы мүмкін: уақыттық үзілістердің нәтижесінде орталық оқиғалардың бөлінуі, суреттелген уақыт қысылып, қысқарып, бір уақытта сипатталған кезде оны созуға болады. Көркем шығармадағы уақыт қайтымсыздан қайтымдыға ауысады, уақыт курсоры автордың сөйлеу шеңберіндегі көркемдік кеңістік арқылы еркін қозғалу мүмкіндігіне ие болады, бұл автордың бейнеленген әлемді қабылдаудағы жеке көзқарасын көрсетеді. Тіршіліктің объективті курсоры бейнелеудің субъективті курсорына немесе эстетикалық қайта құру курсорына айналады [1, 89].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында сипаттама, салыстырмалы және салғастырмалы талдау әдістері қолданылды.

Көркем шығармада уақыт көп өлшемді болуы мүмкін. Көркем уақыттың бұл қасиеті, біріншіден, авторы бар және оқырманның қатысуын, екіншіден, шекаралары: басталуы мен аяқталуы болатын әдеби шығарманың табиғатымен байланысты. Осылайша, мәтінде екі уақыт осьтері пайда болады – «оқиғаларды баяндау осі» және «сипатталған оқиғалар осі». Оның үстіне, «баяндаудың осі» бір өлшемді, ал «сипатталған оқиғалар осі» көп өлшемді. Осы «осьтердің» арақатынасы көркем уақыттың көпөлшемділігін тудырады және мәтіннің құрылымында уақытша орын ауыстырулар мен уақытша көзқарастардың көптігін тудырады. Көркем шығармаларда оқиғалардың нақты бірлізділігі жиі бұзылады, ал уақытты ауыстыру, уақыт тізбегінің бұзылуы үлкен рөл атқарады, бұл шығарманың көпөлшемділігі қасиетіне әсер етеді және автордың мәтінді семантикалық сегменттерге немесе эпизодтарға бөлуіне әсер етуі мүмкін. «Уақытша және кеңістіктік фактілердің дәйекті өзгеруінде негізінен үздіксіз бола отырып, мәтіндік көшірмедегі континум бір мезгілде жеке эпизодтарға бөлінеді.» Бұл эпизодтарды таңдау ең алдымен автордың эстетикалық ниетімен анықталады.

Пифагор, Аристотель, Г. Галилей, И. Кант, Г. Гегель, Ф. Энгельс, П.А. Флоренский, Н.Ф. Федоров, К.Е. Циолковский, В.И. Вернадский ғарыштың көп өлшемділігі туралы айтты. Эйнштейн өзінің еңбектерінде кеңістік пен уақыттың өзара тәуелділігін ғылыми-теориялық негіздеді: реляциялық тұжырымдама математикалық есептеулер арқылы кеңістік пен уақыттың өсіп келе жатқан жылдамдықпен әсерлесетінін дәлелдеді, сондықтан уақыттың қозғалысы объектілердің орналасуы мен қозғалыс кезінде олардың бір-біріне қатынасына байланысты.

Әр жазушы уақыт пен кеңістікті өзіндік жолмен түсіндіреді, автордың дүниетанымын көрсететін өзіндік ерекшеліктеріне ие болады. Нәтижесінде жазушының жасаған көркемдік кеңістігі ерекше және кез-келген басқа көркемдік кеңістік пен уақытқа ұқсамайды. Айтылым мазмұны мен кеңістік пен уақыт арасындағы байланыс, предикативтіліктің лингвистикалық категориясының өзінде берілген, ол сөйлемнің коммуникативті тіл бірлігі ретінде негізгі сипаттамасы болып табылады. Қоршаған әлемнің құбылыстары уақыт пен кеңістікте өмір сүретіндіктен, оларды білдірудің лингвистикалық формасы олардың негізгі қасиетін көрсете алмайды. Тілді қолдана отырып, оның мазмұнының сөйлеу сәтімен уақыттық арақатынасын білдірместен, тұжырымдаманы тұжырымдау мүмкін емес, оны оған сәйкес келеді, оның алдындағы немесе оны ұстану мүмкін емес. Сондықтан, әр жұмыста уақыт пен кеңістік бірлікте болады [2, 132].

Уақыт пен кеңістік категорияларының мағынасы, функциялары, құрылымы Б.М. Бахтин, Д.С. Лихачев, Н.К. Гей, Г.М. Фридендер, А.Я. Гуревич т.б. ғалымдарың еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселе З. Қабдолов, З. Ахметов, Ш. Елеуенов, Б. Майтанов, Т. Рахымжанов, Н. Джуанышбеков, А. Темірболат еңбектерінде сөз болады.

1. Реалды уақыт пен кеңістік бізден тыс объективті түрде болып жатқан құбылыстарда, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне қатысты. Адамзаттың ұғымында олар туралы түсініктің болуы да, болмауы да мүмкін. Концептуалдық уақыт пен кеңістік – табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы біздің заманымызда жинақталған ұғымдар.

Бұл іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі болып табылады. Бұған әр халықтың өзінше қолданатын ай, күн, календарлары, мүшел, жыл санау, жыл қайыру ерекшеліктерін жатқызуға болады. Перцептуалдық уақыт пен кеңістік ұғымы адамдардың сезім-түйсіктерінің, психологиялық суреттерінің өзгеріп отыруымен төркіндес. Мәселен, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы [3, 39].

Талқылау мен бақылау. Көркем әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік дегеніміздің өзі қаламгердің дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымында берік орын алған айрықша бір суреттің, сәттің, құбылыстың уақыт шаңына көміліп қалмай, аз да болса кідіріске ұшырауы, яғни оқырманға эстетикалық ләззат сыйлауы. Өз ауқымына қаламгердің эстетикалық ізденісін, туындының көркемдік әлемін сыйғызатын көркем уақыт пен көркем кеңістікті жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін проблема – шығармадағы адам концепциясы. Оған деген қаламгердің қарым-қатынасы, авторлық позициясы. Абай Құнанбаев шығармашылығындағы нақты уақыт пен абстрактылы уақытқа, тарихи уақыт пен мифтік уақытқа, сондай-ақ нақты кеңістік пен абстрактілі кеңістікке көңіл бөле отырып, олардың тығыз байланысына, органикалық бірлігіне кешенді түрде зерделеу жүргіземіз.

Әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселе уақыт пен кеңістікке байланысты ерекшеліктер мен жаңашыл үлгілер әлем әдебиетінде де, төл әдебиетімізде де жиі кездесіп жатады.

Осы тұрғыдан алғанда, данышпан ақын Абай поэзиясынан уақыт ұғымын беретін, бейнелейтін әрқилы сөздерді, сөз-концептілерді кездестіреміз. Поэзия шебері уақыт ұғымын түрліше құбылтып, өзінің авторлық концепциясын, идеясын жеткізу үшін қолданады. Мәселен, бәрімізге мектептен бастап белгілі «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде уақыт ұғымын беретін, уақыттың концепттік өрісін құрайтын бірнеше образды сөздер бар. «Жасымда» деген сөз арқылы өзінің жастық шағын көрсете отырып, өткен шаққа өкініш білдіреді. «Ер жеткен соң» деген тіркес те адам өмірінің белгілі кезеңін көрсетеді. «Ер жеткен соң түспеді уысыма» деген бейнелі тіркеспен уақыттан жеңілген, ұтылған халін сипаттайды. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» тармағындағы «мезгілінен», «кеш» сөздері де уақыт ұғымының концепттік өрісін құрайды. Өткен шақты білдіретін осы бір шумақ арқылы ақын өзегін өртеген өкінішін айта отырып, екінші шумақта, оның себебі мен салдарын көрсетеді:

Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім

Дегенмен де, ақын құр өкінумен қалып қалмай, қазіргі уақыттағы, осы шақтағы әрекетін атап өтеді, осылайша, өзінің жіберіп алған уақытын баланы оқыту арқылы қайтарып алғысы келгендей, уақыттан ұтылғысы келмей, нақты шешімі мен мақсатын атап көрсетеді.

Адамның бір қызығы – бала деген
Баламды оқытуды жек көрмедім
Баланы медресеге біл деп бердім
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [5, 22].

Осылайша, өз өмірінен мысал келтіре отырып, өз өкінішін көрсете отырып, осы арқылы ақын өз жұртын білімділікке, білімге құштарлыққа, зеректікке шақырады. Кез келген ақын үшін алдыңғы буынның олқылығын толтыру - болашақ ұрпақ міндеті. Абай өз өлеңдерінде әлеуметтік және психологиялық уақыттың атрибуттарын дәріптеу мен таңырқау, өкінумен береді. Абай тарихи-әлеуметтік уақытты психологиялық уақытпен тығыз байланыстырады. Өлеңнің соңында ақын адам мен қоршаған орта арасындағы толық келісім жоқтығын айтады. Осылайша, Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде

осылайша уақыт концептісінің өткен шақ, осы шақ кезіндегі адам өміріндегі білім, ғылым іздеу мақсатымен тығыз байланыстыра отырып көрсетеді.

Ақын «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңдерінде адам өмірінің жастықтан кейінгі кемелдену кезеңін бейнелейді. Уақыт концептісі бұнда негізінен, «қартайдық» сөзімен беріледі. «Қарт», «қарттық», «қартаю» ұғымдары бұл кезеңнің концепттік өрісін құрайды.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек.
Ашуың ашыған у, ойыңкермек.
Мұндасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек [5, 23].

Абайдың тағы бір жаңалығы – өз уақытынан асып, болашақ уақытпен сырласуында. Ол эмоционалды әсірелеу тәсілін де ой жігерін жандыру үшін қолданады. Абай сөзінің құдіреті күшті. Бұл өлеңде адамның жасөлшемін ғана емес, психологиялық жағдайын да суреттейді. Ол әр сөзді дөп басып, жетер жеріне, сана түкпіріне жеткізіп айтқан. Өлеңнің екінші шумағында:

Жас қартаймақ, жоқ – тұмақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [5, 23], – деп, өмірдің өткіншілігі, уақыттың қайталанбайтындығы туралы айта келіп, өзгермейтін «бір құдай» ғана деген қорытындыға келеді. Адам өмірінің қарттық кезеңін, ақылы толысқан кезеңін сипаттаудан басталған өлең осындай философиялық түйінмен аяқталады. Бұнда уақытқа байланысты көптеген бірліктер концепттік өрісті құрайды: *қартаймақ, тұмақ, өлмек, өткен өмір, қайта келмек, артта қалмақ*. Ақын өткен шақ пен келер шақты шебер қиыстырып, өзінің уақытқа қатысты көзқарасын осылайша сипаттайды. Жалпы, Абайдың шығармашылығында уақыт ұғымына қатысты көптеген образдар бар, олар авторлық идея мен стильге байланысты түрлі мазмұнда көрінеді.

Нәтижелер. Абай Құнанбаев өлеңдеріндегі хронотоп мәселесін зерттеу міндеті ақын поэзиясындағы іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын, тарихи кезең шындығын тұтастықта талдауды қажет етеді. Уақыт пен кеңістік категориялары арасындағы байланыстың түрі поэзияда суреттеу арқылы жүзеге асады.

Мақаламызда кеңістік пен уақыттың көркемдік категориялары функционалды-семантикалық біртұтастықта қарастырылып, бұл Абай поэзиясының бейнелі жүйесін осы автордың шығармашылығына сәйкес келетін типологиялық модельдер шеңберінде түсінуге мүмкіндік береді. Ақынның лирикасында кеңістік пен уақыттың көркемдік категориялары ерекше маңызға ие. Себебі, осы категориялардың қызметін анықтау қазақ даласындағы отарлау саясатының салдарын мейлінше айқын ашуға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, уақыт пен кеңістік поэзияда ақынның дүниетанымын, көркемдік әлемін байқатып қана қоймай, ақын өмір сүрген дәуірдің бейнесін көрсетеді.

Абай таптық қанауды, теңсіздікті, тағы басқа да қайшылықтарды түсіне білді. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлап берді. Бай мен кедейдің арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді. Мәселен, жыл мезгілдеріне арналған «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңдерінде мезгіл ерекшеліктерін бай мен кедей тұрмысымен параллель қойып салыстыра сипаттап береді. Абай жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінде әр мезгілдің өзіндік ерекшелігін, уақыттың бедерін суреттеген. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңінде жарқыраған жаздың беті қайтып, күз бен қыстың тоғысындағы суықтың қазақ даласындағы шаруаға жайсыздығын көркемдікпен суреттей отырып, белгілі бір мезгіл мен мекен аясында

қоғамдық орта ерекшеліктерін анық көрсетеді. Күздің соңы мен қыстың басында байға қызмет етіп жүрген жалшы, кемпір-шалдың суықта тоңып, берекесі кеткен қалыпта суреттелуі ақынның шындық әлем көрінісінен көркемдік сурет жасау шеберлігін аңғартады. Ақын көз алдындағы белгілі бір кеңістік пен мезгіл шегіндегі шындық болмыс негізінде ақын өзінің көркемдік әлемінің көркем суретін жасайды. Болмыстағы мезгіл мен мекен көрінісі өтпелі болса, ақынның көркемдік әлемінде туған сурет өзінің мезгілдік және мекендік табиғатын еш жоғалтпайды, өзгертпейді. Хронотоп категориялары арқылы ақын белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғам дамуының қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздік қырларын өзінің көркемдік әлемінде мәңгілік рухани құндылық деңгейіне көтеріп бейнеледі.

Бұл өлең 1888 жылы жазылған. Жазылған жылының өзі қоғамдағы бай мен кедей жағдайынан ақпарат беріп, уақыт ерекшелігін айқындайды. Осы өлеңнен айқындалған уақыттың белгілері: көшпелі қазақ ауылы, күн суып, қыс басталар тұс, айналысатын кәсібі – мал шаруашылығы. Бай мен кедей жағдайы, жалшының жұпыны өмірі айқын сипатталады. Бай оты жағылған жылы үйде отырса, отыны жоқ, суық үйде тоңып отырған жалшы өмірінің қиыншылықтары байқалады.

Өлеңдегі кеңістік мәселесінің көрінісіне назар аударсақ. Өлеңде «Ықтырмамен күзеуде отырар бай» деген сөйлем бар. Ықтырма – малды желден, бораннан, қардан қорғап тұратын ағаштан, не тастан жасалынған қорғаныш. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде қыстау, көктеу, жайлау, күзеу лексиконы бар. Бұл қоныстарға қазақтар әр мезгілде көшіп-қонып отырған. Сол себептен «көшпелі қазақ» деп аталынған. Ал, аталған өлеңдегі қыстауға жылжымай, күзеуде отырған бай суреттелінеді. Хронотоп: күзеу, киіз үй, киіз үйдің іші, кедей баласының паналайтын орны: ық жағы (жел жоқ жер), үйген жүктің күн жағы. Уақыт пен кеңістік шегінде табиғат суреті мен адамдар қимылы жымдаса бейнеленген.

Абай поэзиясында кеңістік пен уақыт нақты көрінеді, өлеңдерінде жиі айтылатын жол, тау, ауыл, өзен т.б. хронотоптар шартты түрде символикалық болып табылады, өйткені өлең мәтініндегі барлық кеңістіктік-уақыттық бағдарлар жеке адамның да, ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының да өмір жолының бейнесін жасайды. Әр туындысында кеңістік пен уақыт категорияларын белгілеп, кейіпкерлерінің, жалпы сөз етіп отырған халықтың орналасқан жерін, кеңістігін көрсетуге ұмтылады. Осы кеңістікті өзгертуге ғылым мен білімге ұмтылып, жаңа өмірді қалыптастыруды армандайды.

Қорытынды. Уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да, олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да содан туындайды. Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады, сол арқылы әлемнің жеке-авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тініне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Жазушы өз шығармасында оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды. Ол кеңістіктің ауқымы кеңейіп, оқиғадан да тыс көп дүниелерді қамтуы мүмкін. Авантюралық, саяхаттық немесе фантастикалық, модернистік романдарда оқиға жерден тыс басқа әлемдерде өтуі мүмкін. Сонымен қатар оқиға бір бөлменің ішінде ғана немесе бір күн, бір сағат ішінде өтуі де мүмкін. Кеңістіктің «географиялық орта» ретінде нақты, реалды түрі болады. Мысалы тарихи романдардағы кеңістік, ол ойдан шығарылған, фантастикалық сипатта болуы мүмкін. Сонымен қатар кеңістік пен уақыттың мифтік түрі де бар.

Абайдың шығармашылығында жарқын, шынайы көрініс тапқан құбылыстар ақынның көркемдік әлемінің семантикалық арқауы қызметін атқарады. Оның үстіне ақынның көркемдік әлемінің семантикалық арқауын түзетін осы құбылыстардың мезгілдік және мекендік кеңістігін нақты көрсетіп, белгілі бір шеңберге салып қалыптау мүмкін емес.

Ақынның көркемдік әлемінің семантикалық өрісі өмірдің шындық болмысының өткен немесе осы, болмаса келер шағының нақты мекендік кеңістігінің қалыбына сыймайды, бірақ сай болуы ғажап емес. Ақынның көркемдік әлемінің қастерлі құндылығы оның нақты мезгілдік және мекендік межеге сыймас мәңгілік мәнінде.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев поэзия тарихында өз заманының жыршысы болып қана қойған жоқ, болашақтың да ақыны болып қалды. Себебі, оның өлеңдерінің идеясы мен көркемдігі әлі де құнды, тіпті мәңгілікке ұласа береді деуге болады. Ақын шығармаларындағы уақыт ұғымы тереңдеп, кеңейіп, концептілік дәрежеге жетеді. Бір өлең немесе бірнеше шығарма аясында уақыт концептісін құрайтын түрлі образдар туындап, осы концептінің өрісін кеңейте береді. Қазақ әдебиетінің даму үрдістерін, жанрлық-стильдік толысу жолдарын ғана емес, әдебиеттанушылар әр дәуірдегі тарихи жағдайда өрбіген құбылыстардың көрінісін әдеби шығармалардан жіті бақылай отырып, мекеншак категориясына назар аудару орынды.

Әдебиеттер

1. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература 1975. – 235 с.
2. Нирё Л. О значении и композиции произведения // Семиотика и художественное творчество. – М.: Художественная литература, 1977. – 150 с.
3. Федотов О.И. Основы теории литературы: Учебное пособие: Литературное творчество и литературное произведение. – М.: Владос, 2003. – 85 с.
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2016. – 632 б.
5. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы. Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №1. – 79-83 бб.
6. Зобов А., Мостепаненко А. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства // Ритм, пространство и время в литературе и искусстве. – Л.: Наука, 1974. – 11 с.

Л. МУСАЛЫ

КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Б. ДАУТОВА

КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТ «ВРЕМЯ» И ЕГО ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Аннотация. В статье рассматриваются концепты времени в стихотворениях Абая Кунанбаева и его художественная функция. Проблемы художественного времени и пространства, являющиеся одной из самых актуальных проблем литературной критики, часто встречаются как в мировой литературе, так и в национальной литературе. В поэзии гениального поэта Абая Кунанбаева часто встречаются различные слова и понятия, передающие понятие времени, они воспринимаются как концепты. Через концепты времени раскрываются идея автора, состояние его души, передаются функциональные и смысловые особенности исторического хронотопа.

Анализируются художественные особенности хронотопа, отраженные в лирике поэта, а главное, анализируются концепты, дающие понятие времени. Это позволяет глубже и полнее понять литературное произведение, авторскую идею, сюжет, смысл и содержание посредством анализа определенных категорий. Концепты времени и их художественная функция анализируются на примере стихотворений Абая Кунанбаева «Состарились, думали о печали, потеряли сон», который отражает период зрелости человеческой жизни. Слова «старость», «старый», «старение» и другие в стихотворении образуют концептуальное поле этого понятия. Авторы анализируют смысловую и стилистическую функцию этих слов в

контексте этого стихотворения.

Ключевые слова: хронотоп, поэзия, лирика, время, пространство, концепция, исторический период.

L. MUSSALY

KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan,

B. DAUTOVA

KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan,

THE CONCEPT «TIME» AND ITS ARTISTIC FUNCTION IN THE WORKS OF ABAY KUNANBAEV

Abstract.. The article examines the concepts of time in the poems of Abai Kunanbayev and its artistic function. The problems of artistic time and space, which are one of the most pressing problems of literary criticism, are often encountered both in world literature and in national literature. In the poetry of the genius poet Abai Kunanbayev, various words and concepts are often found that convey the concept of time, they are perceived as concepts. Through the concepts of time, the author's idea, the state of his soul are revealed, the functional and semantic features of the historical chronotope are conveyed.

The artistic features of the chronotope, reflected in the poet's lyrics, are analyzed, and most importantly, the concepts that give the concept of time are analyzed. This allows a deeper and fuller understanding of a literary work, author's idea, plot, meaning and content through the analysis of certain categories. The concepts of time and their artistic function are analyzed using the example of Abai Kunanbayev's poems "Where old, thought about sadness, lost sleep", which reflects the period of maturity of human life. The words "old age", "old", "aging" and others in the poem form the conceptual field of this concept. The authors analyze the semantic and stylistic function of these words in the context of this poem.

Key words: chronotope, poetry, lyrics, time, space, concept, historical period.

References

1. Bakhtin M. *Voprosyliteratury i estetiki*. – M.: 1975. – S. 235
2. Niro L. *O znachenii kompozitsii proizvedeniya // Semiotika i khudozhestvennoye tvorchestvo*. – M., 1977. – S. 150.
3. Fedotov O.I. *Osnovy teorii literatury: Uchebnoyeposobiye: V 2 ch. – CH.1: Literaturnoye tvorchestvo i literaturnoye proizvedeniye*. – M.: Vados, 2003. – S. 85.
4. Abay. *Yekitomdyk, shygarmalarzhinagy*. Almaty: Zhazushy, 2016. – 632 b.
5. Maytanov B. *Abayzhaneuak, yt tygyrnasy. Abay instituty nyqkhabarshysy*. – 2010. – №1. – 79-83 bb.
6. Zobov A., Mostepanenko A.O. *Tipologii prostranstvenno-vremennykh otnoшений v sfere iskusstva // Ritm, prostranstvo i vremya v literature i iskusstve*. – L.: Nauka, 1974. – S.11

Авторлар жайлы мәлімет:

Мұсалы Ләйлә – ф.ф.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры м.а., Алматы, Қазақстан.

Мұсалы Лайла – к.ф.н., и.о. профессора КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Қазақстан.

Mussaly Laila – candidate of philological sciences, acting Professor KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

Даутова Бибігүл – филология магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты, Алматы, Қазақстан.

Даутова Бибигул – магистр филологии, докторант КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Dautova Bibigul – Doctoral student of the Department Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Л. МҰСАЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
(E-mail: mj_lailla@mail.ru)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ СИМВОЛИСТ АҚЫНДАР

Андатпа. Мақалада қазақ поэзиясындағы символисттік ағымның өкілдері М. Жұмабаев пен Б.Күлеев шығармаларындағы символ-бернелеу және оның көркемдік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Символ теориясы бойынша шетелдік және отандық әдебиеттанудағы зерттеулерге сүйене оырып, символ категориясының қыр-сырын ашуға талпынады. Сондай-ақ, қазақпоэзиясында қолданылатын ұлттық дүниетанымды білдіретін символдарды, жалпы көшпенділердің ойлау, жырлау мәнері мен тұрмыс-тіршілігінен ақпарат беретін концептілерді талдайды. ХХ ғасырдың басында қазақ поэзиясында символисттік арна пайда болып, М.Жұмабай, Б.Күлей секілді қазақтың талантты ақындарының өлеңдерінен символ-бернелеудің түрлі көріністерін тауып, оларды қазақ әдебиетіндегі алғашқы символист ақындар ретінде таниды. Бұл сөз-символдар ақындардың барлық өлеңдерінде әртүрлі мазмұнда, қилы пішінде көрінеді. Екі ақынның өмірлік, шығармашылық концепциясын бернелейтін бұл сөздер әр өлеңде түрлі қырынан ашылады.

Автордың пайымдауынша, бұл ақындарды символист деп атауға мүмкіндік беретін себептерді ұлттық дәстүр тереңінен іздеген жөн. Сонда ғана олардың поэзиясындағы символисттік арнаның мән-мазмұны ашылады.

Түйін сөздер: символизм, поэзия, лирика, суггестия, поэтика, символ

Кіріспе. Өнер түрлерінің ішінде көркем сөз өнерінің қызметі мен маңызы қаншалықты зор болса, поэтикалық амал-тәсілдердің арасында символдың да көркемдік қызметі орасан деп бағалауға толық негіз бар. Көркем әдебиеттің, оның бейнелеу құралы сөздің синкретті табиғатына орай, сөз-символдар да белгілі дәрежеде синкретті болып табылады.

Көркем символдар қазақ әдебиетінің табиғатына, жалпы ұлттық ойлау жүйесіне етене тән көркемдік құбылыс екенін ұлттық әдебиет тарихынан, көркем ойдың даму барысынан, ақындық жад арқылы поэтикалық зерде де үнемі жалғасып отыратынын көруге болады. Авторлық концепцияны белгілі бір символмен түйіндеп отыру әдісі ешқашан жат болмаған.

ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінде символдың көркемдік-шығармашылық сипат алып, арнаулы поэтикалық тәсілге айналуы жалпы көркемдік ой-танымның көкжиегі кеңейіп, деңгейінің биіктеуінің дәлелі болады десек артық айтпаймыз.

Символизм терминін поэтикалық бағыттың атауы ретінде ең алғаш рет француздың символист ақыны Ж.Мореас өзінің «Les Cantilnes» [1, 593]. деген жинағының алғы сөзінде қолданған және өзі жариялаған «Le Symbol» [2] түсіндіріп берді.

Символистер поэзияны көркем ойлаудың ерекше типі, оның мазмұнын проза құралымен жеткізуге болмайды деп таныды, поэтикалық форманың сыртқы белгілерін мойындамай, олар верлибрді енгізді. «Верлибр» сөзін әлем әдебиетінің классигі А. Рембо енгізген [3, 258]. Символистер образдың көп мағыналылығы мен амбиваленттілігін күшейтіп, осы арқылы шағын лирикалық формаларға интонациялық реңк берді. Сөздің қалыптасып қалған нақты мағыналарын бұзып, ассоциациялар ойыны, мағыналар ұштасуы арқылы оған астарлылық дарытты.

Поэзияны музыканың композициялық принциптерімен байытты, сөйтіп Вагнер үлгісімен театр, көркемсурет, музыка, поэзия синтезіне ұмтылып, көркемөнерлер шекарасын кеңейтті.

Символ туралы жұмысымызға поэтикалық материал ретінде ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясын кездейсоқ таңдап алған жоқпыз. Тап осы кезеңдегі поэзияда ұлттық сипаттағы таза символ мысалдары көрініп, символизмге бой ұру байқалады. Бұл ретте негізгі нысанамыз белгілі ақындар Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлей шығармашылығы болуы да заңды тәрізді. Жоғарыда айтылған «символизмге бой ұру» осы ақындар шығармаларынан байқалып, «сарыншыл», «символист» деп алдымен осы ақындар айыпталғаны белгілі. Сол тұстағы поэзияның ең алдыңғы қатарлы өкілі ретінде бұл ақындар символизмге соқпай өтуі мүмкін де емес еді. Мұның объективті, субъективті толып жатқан себептері бар еді. ХХ ғасыр басында орыс поэзиясында, тіпті бүкіл европалық өнерде бел алған басым бағыт – символизм болғаны бәрімізге белгілі. Ал символдың өзіндік сипаты мен ұлттық ерекшелігін, ұлттық өрнектерін даралап, поэтикалық зердедегі жалғастығын қазақ әдебиетіндегі символистік ағымның өкілдері М. Жұмабаев және Б. Күлеев шығармалары негізінде анықтау – бұл көркемдік құбылыс туралы жан-жақты ілімнің қалыптасуында үлкен орын алары даусыз. Себебі «символистер» атанған осы ақындардың өлең тәжірибесінде символдандыру нақты шығармашылық әдіс ретінде арнайы қолданылды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында, салыстырмалы талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Шетелдік және отандық гуманитарлық ғылымдарда поэзиядағы поэтикалық символдың көркемдік-эстетикалық мәні мен қызметін интерпретациялауға арналған зерттеу жұмысының өзіндік дәстүрі қалыптасқан.

Символ адам санасымен тығыз байланысты ежелгі ұғым болса да, оның философиялық-эстетикалық пайымдалуы кейінірек басталады. Бұл туралы «Краткая литературная энциклопедия» [4, 214] еңбегінде айтылған мәліметтерге шолу жасап өтер болсақ, адамзаттың ақыл-ойының даму тарихында символдардың елеулі орны болғанымен де, оны қабылдау, зерттеу барысында бірізділік сақтала бермегенін көруге болады. Хронологиялық тұрғыдан алып қарағанда, символдың алғашқы көріністерін көне замандардан табуға болады. Көне Шығыстың әдеби ескерткіштерінен, ежелгі түркілердің руникалық жазбаларынан, Орхон-Енисей жазуынан тұспалдау, астарлау әдістерін кездестіруге болады.

Ал жалпы ежелгі мифологиялық дүниетанымда символикалық мағына мен оның нақты мағынасы ажыратылмай, тепе-теңдік ретінде ұғынылды, яғни символ ешқандай рефлексияға ұшырамады. Ал антикалық мәдениетте Платонның ежелгі мифологияның екінші символикалық мағынасын қайта жаңғырту тәжірибесінен соң жаңаша көзқарас қалыптаса бастады. Платон үшін символды ең алдымен, философияға дейінгі мифтен бөліп алу керек болды, себебі эллиндік ойлау жүйесінде символды көбіне аллегориямен шатастыру белең алған болатын [5, 321].

Осындай көзқарастар тұрғысындағы ізденістер символдың дуальды, екіжақты немесе антитетикалық құрылу идеясына тәуелділігін, оған қоса оның материалдық және идеалдық, нақты және әмбебаптық сипаттарын анықтауға бағытталып, символ құрылымын түзетін сәйкестіктерді анықтауға күш салды.

Отандық әдебиеттанушы Б.А. Жетпісбаева символдардың уақытпен, тарихпен және болмыспен тығыз қарым-қатынастарға, сан қилы байланысқа түсе отырып, дамудың түрлі сатыларынан өтетінін [6, 147] атап көрсетеді. Расында да, символдың тарихына қатысты еңбектерді таразылау арқылы аталған ұғымның өрлеу мен құлдырау, тіпті символдану кезеңдерін бастан кешіргенін байқауға болады. Адам санасы жаңғырып, қайта түлеген Ренессанста символдың көп мағыналылығы ескеріліп, оны интуитивті түрде қабылдау үрдісі күшейді, бірақ символдың жаңа теориясы жасалған жоқ. Барокко мен классицизмде кітаби аллегорияға деген талғамның қайта өсуіне байланысты символ тағы да назардан тыс қала берді. Тек неміс романтизмінің эстетикалық теориясы ғана классицистік аллегорияға символ мен мифті идея мен образдың теңдігі ретінде саналы түрде қарсы қойды.

«Краткая литературная энциклопедия» еңбегінде символдың романтикалық теориясының қалыптасуында Ф. Крейцердің «Ежелгі халықтардың символикасы мен

мифологиясы» атты еңбегінің ролі ерекше болғаны айтылады. «Ол ежелгі грек мифологиясы материалында символ типтерінің классификациясын жасады. Форманың шексіздіктің тікелей көрінісі бола алмайтындығын, тұйықтығын көрсететін мистикалық символдар; символдың мағыналық шексіздігін қарапайымдылыққа, тұйықталған формаға сыйдыруға тырысатын пластикалық символдар т.б. деп бөлді» [4, 318]. Символдың кейбір жеке қасиеттерін тану үшін бұл жіктемеге де көңіл бөлген артық болмайды. Символды аллегорияға қарсы қоюда Шеллингпен бір көзқараста болған Крейцер символдың «сәттік тұтастығын», тікелей әсер ете алатын қабілет-қасиетін және құрылымының табиғилығын атап өтеді.

Символды танып-бағалауда неміс ойшылдарының да көзқарастары назар аудартады. Мысалы, неміс ақыны Ф. Шлегель үшін жалпы поэтикалық шығармашылық дегеніміз «мәңгілік символдандыру» [7, 25] болып табылады. Неміс романтиктері символды пайымдауда Гетеге көп сүйенеді, өйткені ол табиғат және адам шығармашылығының барлық формаларын мағынасы бар және сөйлейтін символдар деп бағалаған болатын. Гетенің пайымдауының романтиктерден басты айырмашылығы мынада: ол символдың көзге көрінбейтін дерексіздігі мен жіктелмейтін бүтіндігін басқа әлеммен байланыстыратын мистикалық тұрғыда емес, символ арқылы көрінетін бастаулардың өмірдің өзінен туындайтын табиғилығымен байланыстырады, бұл көзқарас әдебиет пен мәдениеттің дамуына біршама әсер еткенін атап көрсеткен жөн.

Неміс философы Гегель романтиктерге қарсы шығып, символдың құрылымындағы рационалистік, таңбалық сипатқа баса назар аударып «Символ, ең алдымен, қандай да бір таңба» [7, 36] деп білген Гегель оның шарттылығын, рухани еркіндік бермейтінін атап көрсетеді.

Символ жөнінде орыстың символист ақыны әрі символизм теоретигі А. Белыйдың да пікірлері назар аудартады. А. Белый үшін символ философиялық-шығармашылық контексті бар әмбебап категория болып табылады. «Символ есть предел всем познавательным, творческим, этическим нормам. Символ в этом смысле есть предел пределов» [8, 97] – деген тұжырымы А. Белыйдың символға қатысты жоғары көзқарасын айқындайды. Ғалымның үнемі қайталап отыратын «символ-құндылық» деген пікірі символдың ғалым үшін өте маңызды концепт екенін танытады. Жалпы, символды тану мен бағалауда символизм теоретигі А. Белыйдың анықтамаларына, әсіресе символды таныммен, шығармашылықпен байланыстыратын көзқарасына терең мән берген абзал. Символ, А. Белый үшін «шығармашылық таным, мазмұнның бірлігі».

Жалпы, символ терминінің этимологиясына үнілсек, әуел баста бұл терминнің әлеуметтік, қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметінің күшті болғанын көруге болады. «Символа» деп ежелгі гректер бөлініп қалған пластинканың бір-біріне сәйкес келетін сынықтарын атаған. Осы сынықтар арқылы достас, одақтас адамдар бір-бірін таныған, яғни, символ бойынша «өз адамдарын» танып, түсінетін болған. Басқа бөтендер де танып, түсіне алатын аллегорияға қарағанда, символда адамдарды біріктіре алатын жылы құпия бар. Бұл турасында А. Белыйдың мына пікірі ойға оралады: «Зат есім болатын «символ» сөзі gumballw (бірге лақтырамын, біріктіремін) деген етістіктен шыққан; символ біріктіру нәтижесі; «синтез деген зат есім» unvrio (бірге ойлаймын) деген етістіктен шыққан, бірге ойлаймын деген сөз әлі біріктіру емес, «синтез» сөзі бірге алынған идеялардың механикалық қосындысы ғана; ал «символ – органикалық бірігудің нәтижесі» [8, 125]. Ғалымның бұл пікірінің символды символ ететін өзіндік қасиетін тану үшін көп мәні бар. Символдың о бастағы этимологиялық мағынасы мүлде жоғалып кетпей, тек даму барысында түрлі қырынан жаңарып отырғанын көреміз.

Символ жөнінде нақты бір тұжырымға жету үшін, өзіміз танысқан пікірлер арасынан ең бір мәнді, дәлелді деп тапқан анықтауларды беріп өтсек дейміз.

Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде: «Символ-қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат. Жалпыға бірдей түсінікті символикамен қатар

әдебиетте ақындар тудырған индивидуалдық символдар бар. Олардың мәнін ашу үшін автордың поэтикалық әлеміне үңілу керек» [9, 232] екенін атап көрсетеді.

Заттық образ бен терең мағына символдың құрылымында бір-біріне елестетуге болмайтын екі полюс ретінде көрінеді, әрі олар екі айырылып, символ тудырады. А.Ф. Лосевтің ойынша, «символда сол заттың өзінің шегінен асатын жинақтау болмаса, ол символ емес» [11, 133], яғни нақтылай түссек, символда болатын жинақтау өз құрамында шексіз мағыналық тараптарға ажырап, түрлі қырынан ашылып, жаңа ассоциациялар тудыра алады деуге болады.

Демек, «символ – жинақтау» деген тұжырымға ойлану керек. Қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымы Ахмет Байтұрсыновтың «бұл лебіз мағынасы мен астыртын мағынасының жинағы» [12,147] деген пікірінің де жаны бар. Символ ешқашан бір мағына шегінде қалып қоймайды, оның мағыналық өрісі шексіз кең. Символ қай жағдайда да сол заттың өзінен басқа затқа меззеу, оның шегінен асу. Бір құбылыс келесі құбылыстың мәні арқылы ашылса, екі құбылыстың өзара әсерінен, әр тарапты байланыс-қатысынан ақиқат туралы жаңа білім туады. Бұл ақиқат – жинақталып барып туған жаңа ақиқат, ап-анық, түсініктірек, алдыңғы екі құбылыстан да мәндірек, сүзілген ақиқат. Мысалы, «қос аққу» символы - сол тұрған қалпында махаббаттың, адалдықтың нақ өзі екені туралы ақиқат болып адамдардың түсінігіне сіңісіп кеткен. Символдың мәні мен күші – осында, әрі қою әрі анықтығында. Ал қазақ тілінің ерекше саздылығы мен үн байлығы, әсіресе символикалық поэзиядағы ассонанстық жарасым ұлттық әдеби символдардың сазды-суггестивті сипатын күшейте түсетіні анық.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы символ проблемасы туралы сөз болғанда, ең алдымен А.Байтұрсыновтың «әдебиет танытқышына» тағы да жүгінеміз. Осы еңбектің «Сөз өнерінің ғылымы» атты тарауында «сөз талғаудың шарттарын» атап-атап көрсеткен. Осы шарттардың ішінде ақын тілі үшін аса қажеті – «тіл көрнектілігі» деп біліп, «сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуы да керек болады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, жансыз затты жанды заттай сипаттайды...» [12, 156] деп сөздің образды сипат алу барысын айта келіп, «Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: 1. Көріктеу. 2. Меңзеу. 3. Әсерлеу» деп поэтикалық әдіс-құралдарды жіктеп береді.

Әдебиеттанушы-ғалым З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде «...троптың бір түрі – астарлау, яки, символ (грекше, шартты белгі) – бір нәрсені тура суреттемей, бұларға ұқсас бір нәрсеге құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру» дей келе, «Ең бастысы, символ сөз өнерінде кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді» [13, 98] – деп, символдың функциясынан да хабар береді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында символдың көркем троптардың бірі ретінде ғана танылып, кейбір ерекшеліктер тұрғысынан ғана анықталуы ол туралы терең зерттеуді, дәйекті талдауларды қажет етеді.

Талқылау мен бақылау. ХХ ғасырдың басында қазақ поэзиясында символикалық арна пайда болып, М. Жұмабай, Б. Күлей секілді қазақтың талантты ақындарының өлеңдерінен символ-бернелеудің түрлі көріністерін табуға болады.

Сылдыр-сылдыр сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап... [14, 98].

Сылқ-сылқ етіп езу тартып күлді су,
Сәуле ме екен, елестеген неткен бу
Қанаты ма жарқыраған немеңе
Ұялассыз, мезгілсіз жүрген неткен қу... [15, 21].

Осындай қазақ тілінің өз табиғатына тән сыңғырлаған сингармонизм поэзия тілінің саздылығын арттырады. Туған тілінің осындай сазды-гармониялық мүмкіндіктерін Мағжан мен Бернияз шебер пайдалана білген, қазақ оқырманын баурап, көркем бернелердің суггестивті (еліктіруші) сипатын арттырған деуге болады.

Суггестивті символдар суггестивті идеялардан келіп туындайтыны өз-өзінен түсінікті. Өздері ұмтылған биік идеалдарға суреткер өз оқырманын да жетелеп, еліктіреді. Символистер Мағжан мен Бернияз жырларының иісі қазақ оқырманға әркез қымбат та жақын болу себебін де олар тудырған символдардың көркемдік мәнінен табуға болатын тәрізді. Суггестия-латынша, «ықпал, әсер» деген мағынаны береді, сондай-ақ, «ойға шақыратын және еліктіретін» деген мағыналары да бар. Әдебиетші Н. Жуанышбеков: «суггестивность – в поэзии активное воздействие на воображение, эмоции, подсознание читателя посредством «пленительной неясности» – логически неуловимых, зыбких, намекающих тематических, образных, ритмических, звуковых ассоциаций» [16, 121] – деген түсініктеме берілген. Бернияз, Мағжандардың жалынды жырларындағы образдық, ырғақтық, дыбыстық ассоциациялардың тындарманның ой-қиялы мен сезімін, жан-жүрегін баурап, еліктіріп әкететін әсерлілігі мен қуаттылығы, экстаздық сипаты, медитациялық ықпалы поэтикалық бернелердің суггестивтілігімен байланысты деуге болады.

Белгілі әдебиетші Б.Қ. Майтанов М. Жұмабаевтың суреткерлік шеберлігін саралаған зерттеуінде Мағжан ақынның поэзиясындағы символдық өрнектер, олардың поэтикалық қызметі туралы талдап-таразылайды. Мысалы, бір ғана «от» образы тұрғысында «Ежелгі түркі жұртының киелі тотемі саналатын от ұғымы түрлі этнографиялық, физикалық сипаттары түрінде сипаттала келіп, идеологиялық деңгейде символикалық мағынаға иеленеді. Ол -азиялық шығыс елінің жиынтық бейнесі» [17, 27] – деп көрсеткен.

Мағжан, Бернияз символдарына тән тағы бір ерекшелік – белгілі бір тірек-символдардың қалыптасуы.

Б. Күлеев және М. Жұмабаев поэзиясындағы символдардың поэзиядағы көркемдік қызметі күшті. Бұлар ақындардың идеялық концепциясының түйіні ретінде, эстетикасының ең айқын мотиві ретінде барлық өлеңдерінде тұрақты өрнек болып түзіліп отырады және басқа образдық қолданыстар осы тірек-символдардан өрбіп, оны сан қырынан ашып отырады. Мағжанның эстетикасына етене тән өмірсүйгіштік, адамсүйгіштік пафос, мойымайтын қайрат пен ерік күші, жүрек культі, еркіндік сүйгіш азатшыл, туған жері мен ұлтын сүйген патриоттық мотивтер белгілі символдарда көрініс тауып, түрлі реңкте ауысып отырады. Мысалы:

Күн, От, өмір сөздері – өмір сүруге үндейтін оптимистік мотивтің символдары;

Жел, Толқын сөздері - еркіндіктің, қимыл-әрекеттің динамикалық символдары;

өзен, Дала, Тау, Теңіз сөздері – табиғаттың кеңдік, биіктік, жомарттық т.б. қасиеттеріне үндейтін символдар:

Арыстан, Жолбарыс, Сұңқар сөздері – мойымас жігер, мұқалмас қайраттың символдары;

Қайың, жас тал, терек, жапырақ – балғын да аңғал жастықтың, тазалықтың символдары;

Күн, жұлдыз, ай сөздері – жарық пен жылудың, күш-қуаттың, онымен астасатын өмірдің мазмұны болып пішін табады. Мағжан Жұмабаевсимволдарының семантикасының байлығы сонша оларды бір ғана мағынаға байлай алмайсың, бір символ өз ішінен түрленіп, тіпті кереғар мағына жамалады (жібек жел – жыңды жел). Мұндай символдардың композициялық, идеялық, семантикалық - семиотикалық рөлі сан алуан.

М. Жұмабаев пен Б. Күлеев шығармашылығындағы символистік мазмұн мен пішіннің бір ерекшелігі де осында. Поэтикалық ойдың негізі болатын осындай символдардың басқа көркемдік құралдар, образдардың өрбіп таралып отыратынын көруге болады. Лириканың негізгі қасиеті – субъективизм десек, бұл қасиет Мағжан Жұмабай, Бернияз Күлей лирикасына етене тән қасиет.

Бернияз Күлеев – иррационалист ақын, ол өлеңдерінде ешқандай да объективті, нақты, материалданған ойды тақырып етіп алмайды. Поэмаларындағы шындық өмір деректерінен хабардар еткісі келген тұстарында да астарында сол құбылысқа деген өз көңілі эмоциясы жатады. Шығармашылығының соңғы кезеңінде өткенді аңсау, мұңға бату әуені күшейгенін көреміз.

«Ал жүрегім, өлейін», «Алшы, тәңірім алшы, ал» [15, 69] атты өлеңдердегі Бернияз Күлеевке тән арын, екпін күшейіп, тек басқаша пессимистік реңк табады. «Алшы, тәңірім, алшы, ал» атты өлеңінде:

Өлді жүрек, идеал жоқ,
Идеал табар, қиял жоқ.
Өрттен қалған көмірмін

атты символдық образ бар. Мұнда жүрек сөзінің семантикасы күрделенген, символдық астары тереңдеген. Автор өзінің барлық шығармашылық, ақындық болмысын, жан-дүниесін осы символға түйіндеген.

Бернияз Күлеев – жүректің ақыны, қашан да жүректің сөзін айтады, жүрекке табынады. Жүрек – бүкіл болмысының, рухани әлемінің символы. Ал бұл өлеңдегі жүректің өлуі – ақынның өз жаратылысының күйреуіне, өз өмірінің бітуіне мегзейді. Расында да, бұл өлеңдер Б.Күлеевтің Қазандағы трагедиялық өлімінің алдында жазылған шумақтары. Ақындық интуициямен өз қазасын болжай білген Бернияз Күлеев өлімінің бір себебі – шығармашылық дағдарыс екенін осы өлеңнен ұғуға болады. Жүректің өлімінің себебі – идеал жоқтығы, қиял қанатының кесілуі. Осындай ауыр шығармашылық сәттегі өзінің халін ақын «өрттен қалған көмірмін» деп сипаттайды. Бұл – от-жалынсыз суып қалған ақын-жүректің, сарқылған шабыттың, құлазып бос қалған шығармашыл әлемнің символы. Өрттен қалған шаланың, көмірдің сипаты арқылы ақын өзінің барлық қасіретін, шығармашылық зарын түйіндейді. Осындай мотивті беретін тағы да мынадай символдар бар:

Үзілген бұл, жас өмір
Үнсіз бұлбұл - қызыл тіл
Зардан басқа сыр білмес
Жан жаңылды тілегін
Шөлден көпкен жүрегім
өлді қайта тірілмес

«Үнсіз бұлбұл – қызыл тіл» – шығармашылық «үнсіздіктің» символы, «үзілген жас өмір», «шөлден көпкен жүрегім» образдары да торығу, түңілу мотивін әртүрлі қырынан, түрлі дәрежеде береді.

«Шөлден көпкен жүрегім» образының символдық астары мол. «Шөл» символы көп тарапқа меңзейді: рухани шөлдеу, дағдару, шығармашылықтың шөлі, идеал таба алмау, адасу жүректің кебу т.т. Ақынның сол сәттегі халін анық та әсерлі берген.

Нәтижелер. Мағжан мен Бернияз дәстүрлі құбылтуларды қолдануда аса ұстамды, поэтикалық материалды іріктеуде аса талғампаз, себебі ол сөздің қат-қабат мағыналық мүмкіндіктерін жақсы сезген. «...поэзия тіліндегі лексиканың жартысы ауыспалы мағынада қолданылған сөздерден тұрады. Сөздің мағынасын «филиациялау жолымен» жаңа сөз жасау поэзияның бірден-бір ерекшелігі. Бұл – поэтикалық лексика, яғни сөздердің образды, айшықты нақышта қолданылуы. Поэзия прозадан өзінің лексикасындағы ілгері планға шығаратын осы сияқты белсенді сөздермен бөлектенеді. Бұл белсенді өзге қалыпты «пассив» сөздердің аясында, құндағында соларды фонна алып тұрады. Белгілі бір компонентті бояулы беру - оны ілгері шығару тәсілі. өрнекті, бояулы компонент өзінің осы өрнегі, бояуымен көріну үшін, оған өзінен кейін тұратын, өзінің ерекшелігін көрсетуіне мүмкіндік беретін қалыптылық, қалыптағы фон керек. Міне, осы қалыпты фон сөздер тобы мен ілгері қатарға, көрініске шығатын белсенді (авангард) сөздердің өзара теңдік, үйлесімділік қатынасы поэтикалық тілдегі көркемдікті тудырады. Бұндай белсенді сөздер

тұрақты сипат алып, бернелік дәрежеге, символдық сипатқа көшеді. Жалпы, «поэзия тілі тарихы сөз болғанда, поэзия лексикасы екі бағытта: тектік – мағыналық әрі мағыналық жұмсалыс бағытында қатар қарастырылу керек» [18, 75] – деген пікірді символдарды саралауда да есте ұстаған жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, Мағжан мен Бернияз поэзиясында кей сөздер тектік-мағыналық тұрғыда жұмсалады, яғни белгілі бір тірек-сөздер қалыптасады. Басқа сөз-образдаросы негіз-сөздердің төңірегінде өрбиді. Мысалы, Мағжан мен Бернияз поэзиясындағы осындай негіз-сөздер қатарына жүрек пен өмір сөздерін жатқызуға болады.

Бұл сөз-символдар ақындардың барлық өлеңдерінде әртүрлі мазмұнда, қилы пішінде көрінеді. Екі ақынның өмірлік, шығармашылық концепциясын бернелейтін бұл сөздер әр өлеңде түрлі қырынан ашылады.

Қорытынды. «Қазақ әдебиетіндегі символизм қалыптаса бастаған кезеңде еуропа мен орыс символизмі толысу, тіпті тоқырау сатыларын өзегінен түгел өткеріп, жасарын жасап үлгерген еді. Сондықтан Мағжан мен Бернияз өз шығармашылықтарында атышулы әдеби ағымның кемелі мен кемшінін, өміршеңі мен өтпелісін саралап-сұрыптап пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Олар идеялық-эстетикалық мектептен тағылым-тәрбие алған жырлар жазу мұратына жолықты» [19, 87] – деген пікірге қосылуға болады.

Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлеевтің шығармашылығындағы символистік үрдістің, символдандыру тәжірибесінің бастаулары мен алғышарттары мүлде басқа арналардан келіп шығады. Қазақ символизмі ұлттық дүниетаным символдарынан, жалпы көшпенділердің ойлау, жырлау мәнері мен мазмұнынан нәр алады. Осы дәстүрлі рухани зердені қайта жаңғырта отырып, қазақтың аса талантты қос ақыны өз поэтикалық тәжірибелерінде жаңаша мазмұндап, өзгеше символмен бере алды. Бұл поэзияда мистика белгілері, оккульттік түсініктер, діни танымдар, философиялық қағидалар, ғылыми ұстанымдар, өмір бедерлері тағысын тағылар органикалық үйлесіммен бітсе сіңісіп аса күрделі көркем-суггестивті тың символистік мазмұн пайда болды. Ал бұл мазмұн сан қилы пішінде шебер кестеленген символистік өрнектермен безендірілді.

Көркем тілдің барлық бөлшектері (дыбыс, буын, сөз, оралым, ұйқас, ырғақ, т.б.) символдық сипат алып, қазақ поэзиясы тарихында символистік лирика пайда болды. Сонымен мақаламызда М. Жұмабаев және Б. Күлеев поэзиясындағы символистік мазмұн мен пішіннің туу, орнығу, толығу барысына талдау жасадық.

Дәстүр бесігінде тербеліп өскен ақындар енді заман талабына сай жаңаша ойлау дағдысын игере бастады. Өз заманының алдыңғы қатарлы ақыны ретінде поэтикалық өзгерістерді Мағжан мен Бернияз ең алдымен іске асырды. Дәстүрлі толғауды, қара өлеңді стильдеу үрдісін аяқтап, олар көркемдік ізденістерін енді дара ақындық контекст жасау бағытында жалғастырды. Символистік эстетика Мағжан мен Бернияздың көркемдік талғамын қанағаттандырды, бұл арнада олар көптеген поэтикалық табыстарға қол жеткізгенін білеміз. Дегенмен, ақындық дарындылығы ерен бұл суреткерлердің көркемдік әлемін символизммен де шектеуге болмайды деп білеміз. Бұл ақындардың шығармашылық жолындағы символистік арна ең бір жемісті, көркем арна болғанымен де, олардың шығармашылық әлемін тұтас қамти алмайтын тәрізді. Себебі, бұл арна олар үшін уақытша үйрену мектебі, өтпелі кезең, поэтикалық тәжірибе ғана болған тәрізді.

Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлеев орыс, француз символисттерінен тек пішін түрлендіру, сөз ойнату дағдысын үйренді десек, олардың ешқайсысын да кемітпейміз. Ал мазмұн, идея бұл ақындарда мүлде бөлек, шығыстық, ұлттық сипатта еді. Мағжан, Бернияздарды символист деп атауға мүмкіндік беретін себептерді ұлттық дәстүр тереңінен іздеген жөн болады. Сонда ғана олардың поэзиясындағы символистік арнаның мән-мазмұны ашылады деп санаймыз. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының поэзиясында символистік мазмұн мен пішін қалай көрініс тапқанына зер салып көргенде, бұл ақындардың поэтикалық тәжірибесінен ұлттық өлең дәстүрін жаңғырту мен жаңалаудың, қара өлеңді жаңаша мазмұндау мен өрнектеу, өлшем-ырғақты түрлендірудің сан қилы үлгілерін табамыз.

Сондықтан да, әлем әдебиетіндегі символ дәстүрін қарастыра отырып, қазақ поэзиясындағы символдың көркемдік-эстетикалық сипатын әлі де қарастыруды ұсынамыз.

Әдебиеттер

1. Embiricos A., Les étapes de J. Moréas, Lausanne. – P: sér., 1948. – 235 с.
2. https://fr.wikisource.org/wiki/Page:Le_Symboliste,_1886.djvu/
3. Рембо А. Поэтические произведения в стихах и прозе. / Пред. Л.Г. Андреева, комм. М. В. Толмачева. – М.: Радуга, 1988.5 – 506 с.
4. Краткая литературная энциклопедия: гл. ред. А.А. Сурков. – М.: Сов. энцикл., 1978. – 224 с.
5. Свасьян К.А. Проблема символа в современной философии: – Ереван: АН АрмССР, 1980. – 226 с.
6. Жетписбаева Б.А. Символ в движении литературы (на материале казахской литературы). – Алматы: Ғылым, 1999. – 288 с.
7. Андреев Л.Г., Козлова Н.П., Косиков Г.К. История французской литературы. – М.: Высшая школа, 1987. – 542 с.
8. Белый А. Символизм как миропонимание. – Москва: Республика, 1994. – 528 с.
9. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
10. Литературный энциклопедический словарь/под общ. ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева. – Москва : Сов. энцикл., 1987. – 751 с.
11. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – Москва: Искусство, 1976. – 367 с.
12. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
13. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1989. – 365 б.
14. Жұмабаев М. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, Жазушы, 2002. – 295 б.
15. Күлеев Б. Айтшы, ақ қайың. – Алматы: Жазушы, 1969. – 201 б.
16. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 239 б.
17. Майтанов Б. М. Жұмабаевтың поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 125 б.
18. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика, Москва, 1963. – 168 с.
19. Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.

Л. МУСАЛЫ

ҚазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Қазақстан

ПЕРВЫЕ ПОЭТЫ-СИМВОЛИСТЫ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. В статье рассматривается символ в творчестве М. Жумабаева и Б. Кулеева, а также его художественно-эстетическая функция. Основываясь на исследованиях зарубежной и отечественной литературной критики по теории символа, автор стремится раскрыть суть категории символ. Анализируются символы национального мировоззрения, используемые в казахской поэзии, концепции, дающие информацию об образе мышления, пении и жизни кочевников в целом.

В начале XX века в казахской поэзии появилось символическое русло, слова и символы, имеющие символические подтексты, появляются во всех стихах поэтов (в разных значениях и формах). Эти слова, воплощающие идею и творческий замысел двух поэтов, по-разному раскрываются в каждом стихотворении. По мнению автора, природу и причину символов в творчестве этих поэтов следует искать в глубине национальных традиций. Только тогда будет раскрыта сущность символического русла в их поэзии.

Ключевые слова: символизм, поэзия, лирика, внушение, поэтика, концепт.

L. MUSSALY

KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

FIRST SYMBOLISTS-POETS IN KAZAKH LITERATURE

Abstract. The article is devoted to the symbol in the work of representatives of the symbolist movement in Kazakh poetry M. Zhumabaev and B. Kuleyev and its artistic and aesthetic function. Based on the research of foreign and domestic literary criticism on the theory of the symbol, the author seeks to reveal the essence of the category of symbol, the symbols of the national worldview used in Kazakh poetry, concepts that provide information about the way of thinking, singing and the life of nomads in general.

At the beginning of the twentieth century, a symbolic channel appeared in Kazakh poetry. Words and symbols with symbolic implications appear in all poems of poets in different meanings and forms. These words, embodying the idea and creative intention of the two poets, are revealed in different ways in each poem. According to the author, the nature and cause of symbols in the work of these poets should be sought in the depths of national traditions. Only then will the essence of the symbolic channel in their poetry be revealed.

Key words: symbolism, poetry, lyrics, suggestion, poetics, concept.

References

1. Embiricos A., Les étapes de J. Moréas, Lausanne. – P: sér., 1948. – 235 str.
2. https://fr.wikisource.org/wiki/Page:Le_Symboliste,_1886.djvu/
3. Rembo A. Pojeticheskie proizvedeniya v stihah i proze. / Pred. L.G. Andreeva, komm. M. V. Tolmacheva. – M.: Raduga, 1988.5 – 506 s.
4. Kratkaja literaturnaja jenciklopedija: gl. red. A.A. Surkov. – Moskva : Sov. jencikl., 1978. – 224 s.
5. Svas'jan K.A. Problema simvola v sovremennoj filosofii, Erevan, 1980. – 226 s.
6. Zhetpisbaeva B.A. Simvol v dvizhenii literatury (na materiale kazahskoj literatury), Almaty: Fylym, 1999. – 288 s.
7. Andreev L.G., Kozlova N.P., Kosikov G.K. Istorija francuzskoj literatury. – M.: Vysshaja shkola, 1987. – 542 s.
8. Belyj A. Simvolizm kak miroponimanie, Moskva: Respublika, 1994. – 528 s.
9. Literaturovedenie. Terminologicheskij slovar' (Sostaviteli Z. Ahmetov, T. Shanbaev), – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 s.

10. Literaturnyj jenciklopedicheskij slovar'/pod obshh. red. V.M. Kozhevnikova, P.A. Nikolaeva. – Moskva : Sov. jencikl., 1987. – 751 s.
11. Losev A.F. Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo, Moskva: Iskusstvo, 1976. – 367 s.
12. Bajtursynov A. Sochinenija. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 320 s.
13. Kabdolov Z. Soz oneri. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 365 s.
14. Zhumabaev M. Polnoe sobranie sochinenij v dvuh tomah. – Almaty, Pisatel', 2002. – 295 s.
15. Kuleev B. Ajtshy, ak kajyn. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 201 s.
16. Zhuanyshbekov N. Problemy sovremennogo sravnitel'nogo literaturovedeniya. Almaty: Kazak universiteti, 2000. – 239 s.
17. Majtanov B. M. Pojetika Zhumabaeva. – Almaty: Kazahskij universitet, 2001. – 125 s.
18. Vinogradov V.V. Stilistika. Teorija pojeticheskoy rechi. Pojetika, Moskva, 1963. – 168 s.
19. Eleukenov Sh. Magzhan. – Almaty: Sanat. 1995. – 384 s.

Автор жайлы мәлімет:

Мұсалы Ләйлә – ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры м.а., Алматы, Қазақстан.

Мусалы Лайла – к.ф.н., и.о. профессора КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mussaly Laila – candidate of philological sciences, acting Professor KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

Ы. ҚҰТТЫМҰРАТОВА

Әжнияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,
Нөкіс, Өзбекстан (E-mail: shirazova@mail.ru)

**Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ДАЛАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕР**

Аңдатпа. Мақалада қазақ еліндегі ашылған алғашқы мектептер, оны ашудағы негізгі мақсаттар айтыла отырып, Ы.Алтынсариннің ағартушылық еңбектері қарастырылады. Ресей империясының қазақ халқын сауаттандыруда ұстанған принциптерінің ұлт үшін зиянды әрі пайдалы тұстары болғандығы айтылады. Орыс миссионерлерімен тығыз байланыста болған Ы.Алтынсариннің ұстанған бағытына назар аударылады. Ағартушының балаларға арналған аударма шығармалары талданып, аударма жасау тәсілдері айқындалады. Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің әдеби мұрасында аударма үлкен орын алатынын, оның аударма еңбектері арқылы бүкіл қазақ сахарасына орыс мәдениетінің енгенін екі халықтың рухани жағынан жақындаса түсуіне ықпалы зор болғандығы сараланады. Сондай-ақ, мақалада Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметіне, білім берудегі ұстанымына назар аударып, балаларға арналған аударма туындыларының идеясына талдаулар жасалынады.

Түйін сөздер: көркем аударма, әңгіме, педагогика, ағартушы, бейімделген аударма, еркін аударма, ақпараттық аударма, прагматика.

Кіріспе. XIX ғасырдың бірінші жарты жылдығынан бастап, қазақ даласына Ресей империясының халыққа білім беру тәжірибесі таратыла бастады. Мақсат: халықтың сауатын орыс тілі арқылы ашумен қатар, ақыл-ойын орыстандыру еді. Десек те, қазақ халқын орыстандыру саясатының ұлттың болмысын, дінін, дәстүрін сақтау тұрғысынан келгенде кері әсері де, ал, интеллигенцияның қалыптасуы тұрғысынан келгенде пайдалы тұстары да болды. «Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Жүргізіп жатқан ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты» [1,193].

Оқудың қажеттілігін түсінген ықпалды тұлғалар халықтың сауатын ашу үшін ел ішінде шағын мектептер аша бастайды. Мәселен, Кіші жүздің Әбілқайыр хандығынан бөлініп шыққан Бөкей ордасының соңғы ханы Бөкейұлы Жәңгір хан (1801 – 1845), 1841 жылы өз қаражатына хан ордасында «Жәңгір» училищесін ашады. Онда оқушылар орыс тілін үйренумен қатар, орыс тілі, арифметика, география, құдай заңы пәндерін меңгереді. Училищеде оқытушы болып, Ордада мал дәрігері болып жұмыс істейтін Константин Петрович Ольдекоп тағайындалады.

Жәңгір ханды әкесі Бөкей Астрахань губернаторы Андреевскийдің қолына беріп, еуропаша білім алуына септігін тигізген. Сол кездегі маңызды мәселе, хандықты әкімшілік тұрғыдан басқару әдісін үйрену еді. Жәңгір хан хандықты өз қолына алғаннан кейін патша өкіметінің саясатын жүргізіп, патша тарапынан қолдауға ие болады. Орыс, татар, парсы тілдерін жетік меңгерген Жәңгір Ресей үкіметінің көптеген наградаларымен де марапатталып, беделі артады [2, 63].

1839 жылы Жәңгір хан жоғарғы оқу орындарына Ресей тарапынан қазақ балаларын қабылдау жөнінде рұқсат сұрайды. Нәтижесінде, қазақ балалары әскери маман дайындайтын Орынбордағы Неплюев Әскери кадет корпусына, азаматтық инженерлер училищесіне және Қазан университетіне түсіп оқуларына рұқсат беріледі. Сонымен, қазақ

даласында бұған дейін «Қадым» мектептерінде (мұсылмандыққа бағыттайтын діни мектептер) сауат ашып жүрген балалар еуропалық білімге қол жеткізеді. Десек те, мектеп ашу, оны дамыту оңайға соқпайды. Алғашында ауылдағы молдалар діни сауат ашу үшін көбінесе араб сөздерін, құранның араб тіліндегі мәтінін жаттатуды мақсат етсе, бірте-бірте халық ағартушылары білім беруді орыс мектептері үлгісінде құруды көздейді. Мәселен, 1864 жылы Торғай қаласына мектеп ашуда ағартушы педагог Ыбырай Алтынсариннің үлесі зор.

Ресей өкіметінің қазақ жеріне мектеп ашуға рұқсат берудегі саясаты негізінде Ресей миссионерлері ұлт психологиясына зерттеулер жүргізе отырып, Ы. Алтынсарин сияқты зиялылар арқылы мақсатқа жету жолында еңбек етеді. Десек те, Ы. Алтынсарин миссионерлердің бағытын толығымен қостамай, олармен араласа отырып, қажетін алып, халықтың сауатын ашуда өз жоспарын жүзеге асырды.

«Өз халқының тілдік және мәдени мұраларын, рухани мұраларын үздіксіз өркендететін, мәдениетті, рухани тұлғалы қазақ интеллигентін қалыптастыруды көздеген болатын. Ыбырайдың осындай өркениеттік көзқарастары империяның ағартушы-ғалымдарына ой салды. Тіпті Ильминскийдің өзі Ыбырайға жоғары баға берді [3, 204].

Біз аталған мақаламызда Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметіне, білім берудегі ұстанымына назар аудара отырып, балаларға арналған аударма туындыларының идеясына талдаулар жасаймыз.

Ыбырай Алтынсарин 1804-1889 жылдары өмір сүрген педагог, жазушы, этнограф, аудармашы. Әкесінен ерте айрылып, атасы старшын болған Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленеді. 1850 жылы атасының қолдауымен Орынборда ашылған орыс-қазақ мектебіне 9 жасында қабылданады. 1857 жылы оқуын үздікке аяқтап, тілмаштық қызметін атқарады. 1859 жылы Ыбырай Алтынсарин Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевпен араласады. Ғалымның кітапханасындағы орыс жазушыларының туындыларымен танысып, білімі кеңейеді. Ресей империясының орыстандыру саясатын қазақ даласына жүзеге асыруды көздеген белгілі миссионер Н.И. Ильминский Ы. Алтынсаринге өте жақын болған.

«Қазақ қоғамында және түркі тілдес халықтарында болып жатқан әртүрлі көзқарасты байқаған орыс миссионерлері бүкіл түркі жұртының мәдени, рухани құндылықтарын жою үшін, сонымен бірге тілдік болмысын құрту үшін саяси астармен «араб жазуы қолайсыз», «қазақ және басқа түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін беруге икемсіз» деген желеумен орыс графикасына негізделген қазақ әліпбилерін және оқулықтарын шығара бастайды. Олар орыс жазуына көшуді насихаттауды орысша оқыған қазақ жастары арқылы жүргізуді көздеді» [4]. Демек, миссионерлер Ы. Алтынсаринге мектеп, училище ашу ісіне көмектесе отырып, өз жоспарларын жүзеге асырған деуге негіз бар.

1864 жылы Ы. Алтынсарин жаңадан ашылған Торғай мектебіне мұғалім болады. Мектеп орыс мектептері үлгісінде құрылады. Ы. Алтынсарин балаларға орыс тілін үйрете отырып, қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды жоспарлайды. Ауыл-ауылдарды аралап, балаларды оқуға шақырады. Әрине, қара халық балаларын оқуға беруге жүрексінеді. Орыстармен жақын араласқан Ыбырайға сенімсіздікпен қарап, «балаларымыз шоқынады» деп қорқады. Сонда да, Ыбырай өзінің үгіт-насихат жұмыстарын жалғастырады. Нәтижесінде, 1887 жылы қыздар мектебінде ашып, ескі дәстүрге шырмалған қазақ қыздарының көзін ашып, еркін өмірге бағыттайды.

Ы. Алтынсарин мұғалім ғана емес, Торғай даласы бойынша облыс мектептерінің инспекторы қызметінде атқарады. Омбы қаласында мұғалімдер мектебі, техникалық білім беретін қолөнер мектебін ашады. Мектеп-интернат ашу ісінде қолға алады. «Марқұм инспектор Ы. Алтынсарин ыждаһатымен 1883 жылы Торғайда өнер мектебі (ремесленный школ) ашылған еді. Бастауыш дәрежелі орысша оқудан басқа үш түрлі өнер үйретіледі. Тігіншілік, ағаш ұстасы...» [5, 116] – деп жазған екен алаштанушы М. Дулатов.

Ы. Алтынсарин мектеп ашу ісімен айналыса отырып, оқулықта жазады. Оқулық 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы» деген атаумен жарыққа шығады. Оқулыққа балаларды адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейтін новеллалар, аудармалар аңыз-әңгімелер, өлеңдер

енгізіледі. Сондай-ақ, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын да жазған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ы. Алтынсариннің ағартушылық, жазушылық қызметі туралы бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектер бар. Әдебиеттанушы Ә.Ж. Дербісалин «Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» [6, 63] – деген еңбегінде Ы. Алтынсариннің шығармаларымен қатар, аудармаларында қарастырған. Ә.Ж. Дербісалиннің статистикасына жүгінсек, Ы. Алтынсариннің аударған шығармаларының жалпы саны отыз бес екен.

Қазақ әдебиетін оқыту методикасымен айналысқан ғалым Ә. Қоңыратбаев еңбектерінде де қазақ даласына мектеп ашып, әдебиетті оқу методикасының негізін қалаған Ы. Алтынсарин екені айтылып, педагогтың оқыту әдістерін айта отырып, «Алтынсариннің материалды балалардың жас ерекшелігіне, түсінігіне лайықтап, нормалап беру тәсілі де логикалы, жаңа. Ал, сол материалды оқушыларға жеткізу, яки оқыту әдісіне келгенде, оның өзін екі арнаға бөлеміз. Бірі – қазақ балаларына орыс тілін оқытудың әдісі, екіншісі – бастауыш мектептің екінші сатысында ересек балаларға әдеби мәтінді оқыту әдісі» [7, 25] – деп тұжырымдап, ғалым Ы. Алтынсариннің шығармаларын оқытудағы методикалық әдістерін ашып көрсетеді. Ал, оның әңгімелерінің тілі мен стилін зерттеген ғалым С. Хасанова Ы. Алтынсариннің тілі оқушының қабылдау қабілетіне, жас ерекшелігіне лайықталынып жазылғандығын айтады. Өзі өмір сүрген дәуірдегі сауаты жоқ қазақ халқының мәдениетін көтеру үшін, орыс интеллигенциясымен араласып европалық оқуға назар аударды.

Аударматанушы Ә. Сатыбалдиев «Рухани қазына» атты еңбегінде қазақ өмірінде көркем аударма (орысшадан қазақшаға аудару) тарихының алғашқы бетін Ыбырай Алтынсарин ашқандығын, оның аударма еңбектерінің ерекшеліктерін талдай отырып, Ы. Алтынсариннің 1879 жылы шыққан «Киргизская хрестоматия» кітабы орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы болу керектігін мақсат еткендігін айтады. Ә. Сатыбалдиев Ы. Алтынсариннің аудармаларын талдай отырып: «Алтынсариннің аударғандары, негізінен алғанда Л.Н. Толстойдың, И.А. Крыловтың, К.Д. Ушинскийдің, И.М. Паульсонның шығармалары. Ол өзінің ағартушылық идеясына сай келетін, орыс тілін жаңадан үйрене бастаған, ғылымның алғашқы сатысына енді ғана аяқ басқалы отырған қазақ балаларының оқуына лайықты келетін шығармаларды іріктеп алды» [8, 32] – деген екен.

Орыс жазушыларының көрнекті өкілдерінен шығармалар аударып, оларды өз халқының мүддесіне пайдалану Ы. Алтынсариннің басты мақсаты еді. Ы. Алтынсарин орыс интеллигенциясымен жақсы қарым-қатынаста болып, ағартушылық жолдағы қиындықтарын айтып, олармен хат алысып, кеңес алып тұрды. Мәселен, 1871 жылы 31 августе қазақтар үшін орыс әліппесін алудың пайдасы жайлы Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында Ыбырай: «Орысәрпін қолданумен байланысты қазақ тіліне орынсыз кірген араб, татар сөздерінен тазарады. Орыс әрпімен жазғанымызда ғана сөзіміз дұрыс жазылатын болады. Қазір молдалар оқытып жүрген араб, парсы, татар тілдерінде шыққан діни кітаптар бізді кері кетіреді, таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толтырады, таза тілімізді шұбарлайды» [9, 36] – дейді. Бұл хатта Ы. Алтынсарин еңбектерінде орыс кириллицасын басшылыққа алу мақсаты анық байқалып тұр.

Ы. Алтынсариннің өмірін, шығармашылығын қарастырған әдебиеттанушы ғалымның бірі Х. Сүйіншәлиев. Ол Ыбырайдың әңгімелерінің идеясын талдай келе: «Ыбырай орыс тіліндегі оқулықтардың материалдарын үлкен бір талғаммен сұрыптап, ең қажет дегенін, қазақ балаларына лайықтысын таңдап аударған не сол сюжетті өз көзқарасына сай өңдеп, қазақ балаларының ұғымына лайықтап, ықшамдап, қайта баяндаған. Осыдан келіп, оның кейбір әңгімелері аудармадан гөрі, төл туындыға көбірек ұқсайды» [10, 67] – деген қорытындыға келген.

Ы. Алтынсарин шығармашылығын зерттеген бұдан басқа да ғалымдардың еңбегінде ағартушының орыс тілінен аударған әңгімелері түпнұсқадан қысқартып қолданғаны, автор

идеясын сақтай отырып, сол кездегі қоғам өміріне лайықталынып берілгені дәлелденген.

Ал, біздің қарастыратынымыз, Ы. Алтынсарин аударған мәтіндердің формасы мен мазмұнын түпнұсқаның формасымен және мазмұнымен салыстыра отырып талдау жүргізу. Аударманың ішкі механизмін ашып, форма мен мазмұндағы өзгерістерді анықтау.

Талқылау мен бақылау. Қазақ көркем аударма теориясында өзге де аударма түрлерімен қатар «Еркін аударма» түсінігі термин ретінде қалыптасты деп айта аламыз. «Еркін аударма – түпнұсқаның тілін жетік білмеуден, немесе сол түпнұсқаның (оригиналдың) ұғымды болуынан көрі, өзіне тиімділігін-оңайлығын көздеуден туады» [11, 47] – деген анықтама да жиі айтылады. «Түпнұсқаның тілін жетік білмеуден туады» – деуге толығымен келісуге болмайды. Себебі, еркін аударуда да белгілі бір мақсат көзделеді. Мәселен, XIX ғасырдың II жартысында Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев сынды тұлғаларымыз қазақ топырағына алғашқы аударма әдебиеттің үлгілерін әкелді. Олардың аудармалары аударманың еркін аударма түріне жатқызылады. Бірақ, жоғарыдағы анықтамада айтылғандай Ыбырай, Абайлар өзі аударып отырған туындысының тілін түсінбеді деп айта алмаймыз. Мейлі түпнұсқадан аударсын, мейлі ара тілден аударсын аударатын шығарманы ағартушылық қызметке пайдалану себепті, аудармаларына өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндегені анық.

Ы. Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде И.И. Паульсоннан, К.Д. Ушинскийден, Л.Н. Толстойдан алынған әңгімелердің аудармалары енгізілген. Оның аудармалары негізінен орыс тілін жаңадан үйреніп жүрген қазақ балаларының ұғымына жеңіл, тартымды болып келеді. Сондай-ақ, хрестоматияда балаларды оқуға шақыратын өлеңдер мен мақал-мәтелдерде топтастырылған.

«Алтынсарин шығармаларының тақырыбына қарап оның қайсысы аударма, қайсысы өзінікі екенін, ал аударма болса, қайсысы қай автордың қай шығармасы екенін айырып алу қиын. Себебі, ол көбінесе шығарманың тақырыбын өзінше қояды. Сонымен қатар, оның еркін аударған шығармаларында кісі аттары да өзгертіліп, қазақша алынған жерлері де бар» – дейді, аударматанушы Ә. Сатыбалдиев [8, 42].

Орыс тіліндегі аудармаларынан Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеясын байқаймыз. Мәселен, оқудың пайдасы, еңбекті сүю, өнерге ұмтылу, адамгершілікке баулу, тіпті тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Мәселен, Л.Н. Толстойдың «Петр I и мужик» деген әңгімесін сол кездегі қоғамның ұғымына сай аударған.

Түпнұсқа мазмұнында Петр патша орман аралап жүріп ағаш кесіп жатқан бір мужикке кездеседі. Патша одан: «Отбасыңда неше адам бар?» деп сұрайды. Мужик: «екі ұл, екі қызым бар» деп жауап береді. Патша: «ақшаны қайда жіберіп жатырсың?» – дейді. Сонда мужик: «Тапқан ақшамды үшке бөлемін, бірімен қарызымды өтеймін, екіншісін қарызға беремін, үшіншісін суға тастаймын» – дейді. Патша мұның мәнісіне түсінбейді. Сонда мужик: «Қарызымды өтеймін дегенім – ата-анамды асыраймын, қарызға беретінім – ер балаларымды бағамын, ал суға тастайтыным – қыздарымды өсіремін» [12, 29] – деп жауап береді. Ы. Алтынсарин осы әңгімені қысқартып, «Малды пайдаға жарату» деген әңгіме жазған. Түпнұсқадағыдай «Патша мен Мужик» емес, диалог үйші мен көршісінің арасында жүреді. Ы. Алтынсариннің негізгі идеясы «қарызын өтеу» мен «қарызға берудің» астарын түсіндіру еді.

«Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе» [13, 19] – дейді үйші.

Тақырыпты «Малды пайдаға жарату» деп алуының өзі қазақтың тұрмысына бейімдеп алуды мақсат еткені байқалып тұр. Себебі, мал – қазақ үшін тіршілік көзі, қымбат дүниесі.

Малды өсіріп, пайда табуда мақсат болу керек екенін, малды ақшаға айналдыру арқылы баланы оқытуға жағдай жасау керектігін ұғындырады. Түпнұсқадағы «суға тастайтыным – қыздарымды өсіремін» деген жол қазақ тілінде жоқ. Себебі, қыздарға

арнайы мектеп ашып, қыздарын оқытуға үгіттеп жүрген Алтынсарин, «Қыздан пайда жоқ екен» деп аударып, қосуды түсініп қалатын қазақ үшін бұл жолды артық деп есептейді.

Егер аудармада түпнұсқаның барлық элементтерін беру мүмкін болмаса, аудармашы баламалы ауыстыруларға жүгіне алады, соның арқасында аудармада баламалы эффект жасалады. Сондай-ақ, аудармашы автор шығармасын аудару барысында аударып отырған тілінде түсінікті, ұғынықты болу үшін түпнұсқаға бірқатар өзгертулер енгізеді. Мәселен, сөз мағынасын түрлендіреді, сөздерді, сөз тіркестерін алмастырады т.б. өзгертулер енгізеді. Мұндай өзгертулер аударматануда трансформациялау деп аталынады.

Трансформациялық тәсіл аударма зерттеушілері үшін түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы коммуникативтік, функционалдық қарым-қатынастарын айқындауға септігін тигізеді.

Мәтіндегі ақпарат рецепторға тереңірек әсер етіп, өміріне мотивация болуы, сезімдеріне әсер етуі мүмкін. Аудармашы орыс тіліндегі әңгімелерді қазақ тіліне аударып отырып, өзінің ойын, идеясынкіріктіріп, мазмұнынан белгілі бір қорытындылар шығарады, тұжырымдар жасайды. Яғни, оқырманға прагматикалық тұрғыда әсер етуді мақсат етеді. Нәтижесінде қоғамға немесе ұлтқа бейімделген аударма ұсынылады. Бұл орыс аударматануында «адаптированный перевод» деп аталынып жүр.

«Адаптированное транскодирование – это вид языкового посредничества, при котором происходит не только транскодирование (перенос) информации с одного языка на другой (что имеет место и при переводе), но и ее преобразование (адаптация) с целью изложить ее в иной форме, определяемой не организацией этой информации в оригинале, а особой задачей межъязыковой коммуникации» [14, 140]. Демек, бейімделген аударманың мақсаты оқырманның қабылдау деңгейіне лайықталынатындығы. Аудармашының мақсаты оқырман аудиториясын анықтап алу. Оқырман немесе тыңдаушы кім екенін анықтап алғаннан кейінолардың қабылдау деңгейіне бейімдейді. Ы. Алтынсариннің аудармаларын аударманың осы түріне жатқызамыз. Ы. Алтынсарин мәтінді түрлендіреді, мәтінге лингвоэтнокультурлық сипат береді.

Нақтырақ айтсақ, бейімделген аударманың мақсаты:

- Түпнұсқа мазмұнын жеңілдетеді;
- Күрделі сөйлемдер, жай сөйлемге ауыстырылады;
- Аудармашы өз жанынан ой қосып, автор идеясын толықтырады;
- Шығармадағы кейбір атауларды (тақырыбы, кейіпкерлердің есімдері, зат, құбылыс т.б) аударып отырған тіл оқырмандарының қолданысындағы атаулармен алмастырады.

Ең бастысы, бейімделген аударма түпнұсқаны дәл, толық аударуды беруді мақсат етпейді.

Аударматанушы В. Комиссаров айтпақшы: «Специфика адаптированного транскодирования определяется ориентацией языкового посредничества на конкретную группу Рецепторов перевода или на заданную форму преобразования информации, содержащейся в оригинале» [14,149].

Біз сөз етіп отырған Ы. Алтынсариннің аударма-әңгімелері бейімделген аудармаға жататынын айттық. Ағартушы оқырманға бейімдей отырып, ықшамдап береді.

Ы. Алтынсарин Лев Толстойдың «Пожарные собаки» әңгімесін қазақ тіліне аударды. Әңгімеде Лондонда өртеніп жатқан үйден балаларды өрттен алып шығуға үйретілген иттер болатыны туралы айтылады. Автор он екі баланы өрттен шығарып алған Боб туралы айтады.

«Один раз загорелся дом. И когда пожарные приехали к дому, к ним выбежала женщина. Она плакала и говорила, что в доме осталась двухлетняя девочка. Пожарные послали Боба. Боб побежал по лестнице и скрылся в дыме. Через пять минут он выбежал из дома и в зубах за рубашонку нес девочку. Мать бросилась к дочери и плакала от радости, что дочь была жива. Пожарные ласкали собаку и осматривали ее — не обгорела ли она; но Боб рвался опять в дом. Пожарные подумали, что в доме есть еще что-нибудь живое, и пустили его. Собака побежала в дом и скоро выбежала с чем-то в зубах. Когда

народ рассмотрел то, что она несла, то все расхохотались: она несла большую куклу» [12, 56].

Әңгіменің басты идеясы – иттер адамның адал достары, олар адамдар үшін өз өмірлерін қатерге тіге алады. Сондықтан да адамдар төрт аяқты достарымызға қамқор болуы керек. Ы. Алтынсарин осы әңгімені аудару барысында аударма теориясындағы түсіндірмелі тәсілді қолданған. Мәселен түпнұсқада «В Лондоне» деп оқиғаның мекенін берсе, Ы. Алтынсарин «Англия жұртының ең үлкен Лондон деген қаласында» деп, сол кездегі оқырман үшін беймәлім Лондон қаласы туралы түсініктеме беріп, аудармадағы сипаттамалы (описательный) тәсілін қолданған.

«Описательный перевод – это лексикограмматическая трансформация, при которой лексическая единица исходного языка заменяется словосочетанием, эксплицирующим ее значение, т.е. дающим более или менее полное объяснение или определение этого значения» [15, 69]. Демек, осы әңгіме арқылы енді ғана білім алып жүрген оқырман Англия, Лондон туралы ақпарат алады. Сондай-ақ, Ы. Алтынсарин әңгімеге кіріспе қосып, адамдарға қызмет ететін иттерге сипаттама беріп кетеді. Иттің адамға дос екенін, оның адамдарға жасайтын қызметтері туралы кеңінен әңгімелейді. Мақсаты оқушының дүниетанымын кеңейту.

Әңгіме тақырыбын түпнұсқадағыдай «Пожарные собаки» (Қызметші иттер) деп дәл бермей, «Айуанның естісі бар, бірақ адамдай толық ақылы жоқ» деп береді. Ы. Алтынсариннің негізгі идеясы ит пен адамның айырмашылығы бар екендігін, бірақ адамның айуанның деңгейінде қалып қалмау керектігін түспалдап жеткізеді.

Ы. Алтынсарин оқулығына К.Д. Ушинскийдің бірқатар әңгімелерін аударып басқандығын айттық. Енді аударма деңгейіне назар аударайық. Орыс жазушысы Константин Дмитриевич Ушинскийдің «Играющие собаки» [17] – әңгімесінде Полкан атты ит пен Мопс есімді күшіктің қылығы айтылған. Күшік үлкен итпен ойнағысы келіп, оның әр жерін тістелеп мазасын алады. Оны байқап тұрған Володя ит ызаланып, күшікті тістеп алады деп ойлайды. Бірақ, ит өзін сабырлы ұстап, күшікке тиіспейді. Володя үлкен иттің сабырлығына таң қалады. Баласының таңданғанын көрген әкесі Полканның Володяға қарағанда ақылды екенін түсіндірді, өйткені ол кішкентайларды ренжітпеу керектігін біледі. Кішкентайлардұрыс емес әрекет жасаса да. Бұл оқиға жақсылыққа, шыдамдылыққа үйретеді. Қарапайым мысалды қолдана отырып, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым психологиялық сәттерді түсінуге көмектеседі. Ертегі жас және орта жастағы мектеп оқушыларына сыныптан тыс оқу және тәрбиелік әңгіме ретінде ұсынылған. Ы. Алтынсарин бұл әңгімеге мағыналық өзгеріс енгізбеген. Идеясын сақтаған. Тек, тақырыбын «Играющие собаки» деп бермей, «Полкан деген ит» [18, 48] – деп берген. Мақсаты аталған иттің сабырлығы туралы болғандықтан, екпін түсіре айтқанды жөн көрген. Күшіктің есімін түпнұсқадағыдай «Мопс» деп бермей, қазақ ұғымындағы «кішкентай қанден ит» деп берген.

Ы. Алтынсарин аудармаларында аударма теориясындағы *ауыстыру* тәсілі кездеседі. Ауыстыруды қолдану – аудармашының шеберлігінде көрсетеді. Аудармашы түпнұсқадағы орыс есімдерін алып тастайды да, қазақ есімдерімен алмастырады. Сондай-ақ, адам есімдерінің орнына «бір кісі», «бір бала», жер-су аттарын «бір қалада», «бір өзен жағасында» т.б. жалпылау есімдіктерін қолданады. Бұл тәсілді орыс бастауыш мектебінің негізін қалаушылардың бірі, педагог-әдіскер И. Паульсон (1825-1898) әңгімелерінің аудармаларынан кездестіреміз.

И. Паульсонның «Чудесная травка» әңгімесінде төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп келе жатқан үй қызметкерлері Анна мен Катеринаның диалогтері беріледі. Анна шаршадым деп қиналып келе жатса, Катерина керісінше көңілді келе жатады. Анна Катеринаға таң қалып, шаршамай келе жатқанының сырын сұрайды. Катерина жәшігінің ішіне ауырды жеңілдететін шөп салғанын оның аты «Сабыр» екенін айтады. Идеясы: қандай жағдайда да сабырлық таныту. Ы. Алтынсарин Аннаны – Злиха, Катеринаны – Батима деп қазақ есімдеріне ауыстырған. Сол кездегі қазақтардың ұғымына сай, айтуларына жеңіл, қолданыстағы есімдерді алған.

Ы. Алтынсарин аударма шығармалардың барлығында дерлік кісі есімдерін ауыстырмаған. Тарихта болған белгілі тұлға болса түпнұсқадағы есімін қалдырған. Мысалы: «Тэкаппарлық» әңгімесіндегі кейіпкер «Вениамин Франклин» есімі, «Медера» атты қала атауы өзгертілмеген. Л. Толстойдың «Царица Силинши» әңгімесіндегі жібек құртын пайдаға жаратқан Силинші есімі, сондай-ақ, аталған автордың «Верное средство разбогатеть» әңгімесіндегі «Антон» есімі, «Зерсаль», «Брюссель» қала атаулары өзгертілмей дәл берілген. «Зеректік» әңгімесінде «Англия», «Бруун» есімдері дәл берілген.

Нәтижелер. Ы. Алтынсарин оқырманның оқуға тарту үшін түпнұсқадағы кейбір детальдарды тастап кетуге, сөйлемдерді қысқартуға барады. Сол арқылы, Ы. Алтынсарин аударма әңгімелер арқылы тәлім-тәрбие ғана емес, оқырманға ақпарат беруді мақсат етсе керек. Аудармадағы маңызды, оқырманға қажетті деген ақпараттарды түсініктеме тәсілі арқылы да беріп отырады. Мысалы:

Франк – француз жұртының теңгесі, біздің ақшамызға шаққанда, бір франк жиырма бес тиын күміске есеп;

Лекарьлерге – дәрігерлерге т.б.

Жалпы, көркем аударма адамзаттың мәдени дамуында орасан зор рөл атқаратыны белгілі. Аударманың арқасында бір елдің адамдары басқа елдердің өмірімен, тұрмысымен, тарихымен, әдебиетімен және ғылыми жетістіктерімен танысатынын Ы. Алтынсарин ертеден-ақ біліп, аударатын шығармаларға талғаммен қарағандығы байқалады. Оның аударма шығармалары қазіргі кезде ұлттық әдебиеттің бір бөлігіне айналып отыр.

Ыбырай Алтынсариннің аударған әңгімелері бастауыш мектеп оқушыларына арналған. Түпнұсқа сөйлемдерін дәл бермей, сол кездегі қазақ балаларының күнделікті тұрмыста көріп, байқап, пайдаланып жүрген дүниелерді қосу арқылы тәрбиелік мәні бар шығармалар аударды. Сонымен қатар, оның мәтіндері формасы мен құрылымы жағынан қарапайым. Қазіргі кезде де оның әңгімелері балалардың қиялын ойлауды дамыту үшін өте пайдалы материал болып табылады.

Балаларға арналған шағын әңгімелерін жазуда, ол жоғарыда келтірілген орыс жазушыларының, орыс педагогтерінің шығармаларын таңдап-талғап қазақ тіліне аударды. Орыс әңгімелерін дәлме-дәл, сөзбе-сөз аударған жоқ, қазақ балаларының мінез-кұлқына, қабылдау деңгейіне сәйкестендіре, өзгертіп аударды. Сондықтан да, оның аудармалары аударманың *бейімделген түріне* жатқызылады.

«Ыбырай Алтынсариннің бүкіл әдеби және ғылыми мұрасында аударма үлкен орын алады. Оның аударма еңбектері арқылы бүкіл қазақ сахарасына орыс мәдениетінің, орыстың демократияшыл ой-пікірінің лебі есті, екі халықтың рухани жағынан жақындаса түсуіне деген тарихи адым жасалды» [8, 56]. Демек, Ы. Алтынсарин өзінің ағартушылық-педагогтік қызметінде аударманы құрал етіп, орыс шығармаларының үлгілерін көрсете білді. Ыбырайдың аударма әңгімелерінің идеясын талдап айтсақ:

Адам мінезіне байланысты: *сабырлылыққа, салмақтылыққа;*

Білімнің қажеттілігіне байланысты: *ынта мен зеректілік;*

Еңбектің пайдасына байланысты: *жалқаулықтың зияны, еңбексүйгіштік;*

Адам еңбегін бағалауға байланысты: *әділдік, мейірімділік, қарапайымдылыққа* үндейді.

Қорытынды. Ы. Алтынсариннің қай шығармасын алып қарасақ та, жастарға өнегелі тәрбие беруді көздейді. Көркем аударманың басты мақсаты – көркем образ жасау арқылы белгілі бір эстетикалық әсерге қол жеткізу. Сонымен қатар, мәтіндегі оқырманға таныс емес қажетті ақпараттарды жеткізу болып табылады.

Ы. Алтынсариннің әңгіме аудару тәсілдеріне келсек, кейде аудармашы адаптивті транскодтау элементтерін енгізіп, түпнұсқаның кейбір бөлшектерін қысқартып, кей жерлерге өз жанынан сөйлем қосып аудармадағы ұлғайту әдісін қолданады. Ең бастысы, Ы. Алтынсарин аудармада қандай тәсілді қолданса да өзінің ағартушылық миссиясын жүзеге асыра білді. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің жазушылық және ағартушылық қызметімен, орыс мәдениетіне жол ашты.

Ыбырай Алтынсариннің творчестволық еңбектерінде аударма үлкен орын алатынына көз жеткіздік. Орыстың ұлы адамдарының еңбектерін аударып отырып, солардан үйренуді, үлгі алуды, сөйтіп, көркем сөзбен халқына қызмет етуді мақсат тұтты. Аударма арқылы өз жұртының санасын оятып, орыстың күллі бай мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымын меңгеруді арман етті. Ы. Алтынсариннің аудармаларына біз қазіргі аудармаларға қоятын талаптарды қоя алмаймыз. Себебі, ол өзінің сол кездегі оқушыларымен санасуға тиісті болды. Егер ол түпнұсқаны сақтаймын деп, баламалы аударма жасаса оқушыларына түсініксіз, пайдасыз болар еді. Сондықтан да, Алтынсарин аударған шығармаларды аудармашылар қазіргі көркем аударма талабына сай қайта аударып шықса, түпнұсқа идеясын жаңаша тануға мүмкіндік болар еді.

Қазіргі кезде ағартушының еңбектері мектеп оқулықтарына енгізілген. Жоғары оқу орындарында филология, педагогика мамандықтарында оқытылуда. Оның әдеби мұрасын оқытып қана қоймай, бала оқытуда қолданған методикасын болашақ педагогтарға тереңірек таныстыру керек. Сондай-ақ, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын электронды оқулық ретінде шығарса, онлайн оқу барысында маңызды болар еді. Оның аударма шығармалары мен өзінің төл туындыларын мультфильм, ертегі ретінде жасалса бастауыш мектеп оқушылары мен балабақша балаларына пайдалы болары анық.

Әдебиеттер

1. Асылбеков М.Х., Алдажұманов Қ.С. Қазақстан тарихы. – 3 том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 765 б.
2. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгір хан. – Алматы: 1992. – 92 б.
3. Сыдықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық пікірлер және ағартушылық қызметі. – Алматы: ҚазмемОҚБ, 1950. – 188 б.
4. <https://stom.tilimen.org/umkd-042-16-0603-2013-orfografiya-jene-puntuaciya-meseleleri.html?page=3>.
5. Субханбердинова Ү. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1989. – 554 б.
6. Дербісалин Ә.Ж. Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. – Алматы: Қазмемоқупедбас, 1957. – 116 б.
7. Қоңыратбаев А. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: МерСал, 2005. – 520 б.
8. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1965. – 258 б.
9. Мәдібай Қ.Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 258 б.
10. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 388 б.
11. Дәуренбекова Л.Н. Көркем мәтін және аударма. – Астана: Фолиант, 2015. – 123 б.
12. Толстой Л.Н. Собрание сочинений в 22 тт. – М.: Художественная литература, 1982. – 170 с.
13. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. – Алматы: Қаз. мем. оқу құралдары басп., 1948. – 74 б.
14. Комиссаров В.Н. Теория перевода. – М.: Высшая школа, 1990. – 250 с.
15. Швейцер А.Д. Теория перевода. Статус проблемы, аспекты. – М.: Высшая школа, 1998. – 118 с.
16. Аяған., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
17. Ушинский К.Д. Играющие собаки // <https://mishka-knizhka.ru/rasskazy-dlya-detej/rasskazy-ushinskogo/igrayushhie-sobaki>.
18. Алтынсарин Ы. Әңгімелер. – Алматы: Мектеп, 1980. – 101 б.

Ы. КУТТЫМУРАТОВА

Нукусский государственный педагогический институт им. Ажнияза,
г. Нукус, Узбекистан

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Ю. АЛТЫНСАРИНА И ПЕРВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ШКОЛЫ В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические работы Ы. Алтынсарина, а также говорится о первых казахских школах и основных целях их открытия. Отмечается, что принципы воспитания Российской Империи были как вредными, так и полезными для казахского народа. Обращает на себя внимание курс обучения, который прошел Ы. Алтынсарин, тесно контактировавший с русскими миссионерами. Проанализированы его переводческие работы и определены методы перевода. Отмечается, что перевод занимает большое место в литературном наследии Ы. Алтынсарина. Благодаря его переводческим произведениям, проникновение русской культуры в казахскую среду оказало большое влияние на духовное сближение двух народов. Также в статье анализируется идея перевода произведений для детей, акцентируется внимание на образовательной деятельности Алтынсарина, его позиции в образовании.

Ключевые слова: художественный перевод, повествование, педагогика, педагог, адаптированный перевод, вольный перевод, информационный перевод, прагматика.

I. QUTTIMURATOVA

Nukus State Pedagogical Institute named after Azhniyaz, Nukus, Uzbekistan

Y. ALTYSARIN'S PEDAGOGICAL ACTIVITY AND THE FIRST EDUCATIONAL SCHOOLS IN THE KAZAKH STEPPES

Abstract. The author of the article considers Y. Altynsarin's educational works, the first schools opened in the Kazakh country and the main goals of their opening. It is noted that the principles of the Russian Empire regarding the education of the Kazakh people were harmful and useful for the nation. Attention is drawn to the course followed by Y. Altynsarin, who was in close contact with Russian missionaries. Translation works of the educator for children have been analyzed and methods of translation have been determined. At the same time, it is noted that translation occupies a great place in the literary heritage of Y. Altynsarin, through his translation works, the penetration of Russian culture throughout the Kazakh Sahara had a great influence on the spiritual rapprochement of the two peoples.

Also in the article by Y. Altynsarin the idea of translating works for children is analyzed, focusing on the educational activities of Altynsarin, his position in education.

Key words: literary translation, storytelling, pedagogy, educator, adapted translation, free translation, informational translation, pragmatics.

References

1. Asylbekov M.H., Aldazhumanov K.S., Istorija Kazahstana. 3- tom. – Almaty: Atamura, 2002. – 765 s.
2. Kulkenov M., Otambaev R., Zhangir han «Olke», Almaty, 1992, https://fr.wikisource.org/wiki/Page:Le_Symboliste,_1886.djvu/
3. Sydykov A. Pedagogicheskie vzgljady i prosvetitel'skaja dejatel'nost' Y Altynsarina. – Almaty: KazmemOKB, 1950. – 188 s.

4. <https://stom.tilimen.org/umkd-042-16-0603-2013-orfografiya-jene-puntuaciya-meseleleri.html?page=3>.
5. Subhanberdinova U. Kazahskaja gazeta. Almaty: Kazahskaja jenciklopedija, 1989, – 554 s.
6. Derbisalin A.Zh. O pisatel'skoj dejatel'nosti Y. Altynsarina. – Almaty: Kazmemoqurpedbas, 1957. – 116 s.
7. Konyratbaev A. Mnogotomnoe sobranie sochinenij. Almaty: MerSal, 2005. – 520 s.
8. Satybaldiev A. Duhovnoe sokrovishhe. Almaty: Pisatel', 1965. – 258 s.
9. Madibej K.K. Kazahskaja literatura XIX veka. – Almaty: Kazahskij universitet, 2015. – 258 s.
10. Suinshaliev H. Jetapy stanovlenija kazahskoj literatury. – Almaty: Kazahstan, 1967. – 388 s.
11. Daurenbekova L.N. Hudozhestvennyj tekst i perevod. – Astana: Foliant, 2015. – 123 s.
12. Tolstoj L.N. Sobranie sochinenij v 22 tt. – M.: Hudozhestvennaja literatura, 1982. – 170 s.
13. Altynsarin Ja. Kel, balalar, okylyk. – Almaty: Izdatel'stvo Kazahskogo gosudarstvennogo uchebnika, 1948. – 74 s.
14. Komissarov V. Teorija perevoda. – M: Vysshaja shkola, 1990. – 250 s.
15. Shvejcer A.D. Teorija perevoda. Status problemy, aspekty. – M: Vysshaja shkola, 1998. – 118 s.
16. Ajan., Abzhanov H.M., Mahat D.A. Istorija sovremennogo Kazahstana. – Almaty: Raritet, 2010. – 448 s.
17. Ushinskij K.D. Igrajushhie sobaki // <https://mishka-knizhka.ru/rasskazy-dlya-detej/rasskazy-ushinskogo/igrajushhie-sobaki>.
18. Altynsarin Y. Rasskazy. – Almaty: Shkola, 1980. – 101 s.

Авторлар жайлы мәлімет:

Ырысты Құттымұратова – ф.ғ.к., Әжнiяз атындағы Нөкiс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, Нөкiс, Өзбекстан.

Ырысты Қуттымуратова – к.ф.н., доцент Нукусского государственного педагогического института им. Ажнiяз, Нукус, Узбекистан.

Iristi Quttimuratova – candidate of philological sciences, dosent of the of Nukus State Pedagogical Institute named after Azhniyaz, Nukus, Uzbekistan.

А.А. АЗАТБАҚЫТ¹

А.М. КАРТАЕВА²

С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: aigani.86@mail.ru¹, kartaeva2011@mail.ru²)

М.ӘУЕЗОВТИҢ ӘНГІМЕ-ПОВЕСТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада әлемдік кеңістікте құрметті есімге айналған М. Әуезовтің қаламгерлік шеберлігі, жазушылық таланты сөз етіледі. Жиырмасыншы жылдары алғашқы әңгімелерімен, повестерімен әлемдік деңгейге көтерілген жазушы М. Әуезовтің туындылары күллі адамзатқа ортақ проблеманы көтереді. Бір ұлттың ғана емес, күллі адамзаттың мәселесін көтерген алғашқы әңгімелері көркемдік-идеялық негізімен, көтерген проблематикасымен ерекшеленді. Осы тұрғыдан алғанда, жазушының алғашқы әңгімелері мен повестерінің көркемдік-идеялық ерекшелігін жоғары оқу орнында оқытудың жолдары қарастырылады. Ол туралы озық тәжірибеге негізделген әдеби талдаулар мен әдістемелерді жинақтап, тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады. М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқыту барысында «антропоэзектік» парадигманы кеңінен қолданудың тиімділігін көрсетеді. Жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін қазіргі білім беруде қолданылып жүрген түрлі әдістермен парадигмалар негізінде оқытқанда жазушының өзі қолданған реалистік суреттеу әдісін де қатар қолданудың маңызын саралап береді. М. Әуезовтің көлемді де көркемдік-идеялық жағынан ауқымды «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін оқытуда мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, проблемалық жағдаят, сұрақ-жауап, диалог алаңы, зерттеушілік әңгіме т.б әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесін талдап береді. Автор М. Әуезов туындыларының ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын атап көрсетеді. Қазіргі оқыту жүйесіндегі маңызына тоқталады.

Түйін сөздер: әңгіме, повесть, көркемдік идея, проблемалық сұрақ, әдеби талдау, көркем шындық.

Кіріспе. Бір ғана ұлттың емес, күллі әлемнің жұртшылығына танымал болған М.Әуезовтің есімі – ұлтымыздың мақтанышы. Талантты жазушының шығармалары – ұлттық әдебиетіміздің кеңістігінен асып, әлем айдынында орын тепкен жауһар туындылар. Қарымды қаламгердің әңгімелері мен повестері, драматургия саласындағы еңбектері, прозалық туындылары, күллі әлемге танымал «Абай жолы» роман-эпопеясын ерекше сезіммен айтамыз. Жазушының алғашқы туындыларынан-ақ сөз зергерлігі мен шеберлігін, ең бастысы ұлылығын танимыз. Күллі адамзат мәселесін көтерген туындыларында өмір шындығы, адам болмысы мен тағдыры шебер суреттелінеді.

М. Әуезовтің артында қалдырған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге қосылады. Себебі жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. М. Әуезовтің алғаш әңгімелері мен повестерін жазған тұста-ақ оның суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейдегі жазушы деген бағаға ие болғаны бүгінгі жұртшылыққа белгілі. Академик жазушы С. Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді», - деп әділ баға берген еді [1, 25-26]. «Жазушының жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын еуропалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды» [2, 39].

М. Әуезовтің күллі прозасына тән болып қалыптасқан шеберлік қырлары да осы әңгімеден кейін жалғасын табады. 20-30-жылдары жазған прозалық шығармалары ұлттық

әдебиетімізде жаңашылдықтың жаршысы болды. Сан алуан ұлттық рухани игіліктерімізді жаңғыртып, екшеп, жаңа түрмен алдымызға әкелді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада антропоэзектік парадигма және әдеби талдау әдістері қолданылды.

М. Әуезов – жиырмасыншы жылдардың бас кезінде жазылған алғашқы туындыларымен-ақ жазушылық шеберлігін танытқан талантты, дарынды жазушы. «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Жетім», «Қыр суреттері», «Қаралы сұлу» сынды өзге де әңгімелері жазушының шебер қырын танытады. Бір ұлттың ғана емес, күллі адамзаттың мәселесін көтерген алғашқы әңгімелері көркемдік-идеялық негізімен, көтерген проблематикасымен бағаланды. Жазушы қорғансыздар проблемасын алғашқы әңгімелерінің өзегі етіп, қорғансыз жандардың тағдырын шынайы суреттеді. Қоғамның өз ортасындағы мәселенің күллі адамзатқа ортақ проблемаға ұласуы жазушының шеберлігі.

«М. Әуезов әңгімелері-адам рухын, адам психологиясының шексіз әлемін ақтару арқылы заман мен орта, ұлт және мемлекет ара қатынасындағы құбылысты мейлінше сезімталдықпен бедерлеген дүниелер» [3, 45]. Жазушы әңгімелерінде табиғат пен адам арасындағы тұтастық, кейіпкерлерінің тағдыры шынайы суреттелінді. Әр туындысын оқыған сайын ұлы суреткердің талант қыры ашылып, оқырманын тәнті етті.

Жалпы орта мектепте болсын, жоғары оқу орнында болсын М. Әуезов шығармашылығын оқытуды ең алдымен жазушының эпикалық шығармаларының ішіндегі тамтұмдап әдебиет әлеміне қадам басқанда қалам тербеген әңгімелерінен бастаған жөн. Болашақ кемеңгер жазушы өз шығармашылығын шыңдауда осы әңгіме жанрына терең мән беріп, оны жазуда көркемдік ойлауы мен гуманистік сарынды осы жанрда көрсете білген. Алғашқы әңгімелерінен бастап - ақ панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылған, ауыр қайғы-қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін, тебірене жазған. Әр жазушы – өз заманының перзенті, олай болса М. Әуезовтің өмірі мен шығармаларын оқытуда сол заманның тарихына, жазушының өмір сүрген ортасына, қоғамдық жағдайларға оралмай өту мүмкін емес. Заман озған сайын өткен тарихымызды зерделей келе, бүгінгі көзқараспен де бағалап, оқытып келеміз. Қазіргі жас ұрпақ мектеп табалдырығынан бастап М. Әуезов мұрасымен сусындап, кейін келе жоғары оқу орындарында рухани азығын толықтыра түседі. Жоғары оқу орындарында Әуезовті тану әлемі тереңірек әрі ғылыми арнаға бұрады. Студенттерді эстетикалық ләззатқа, адамгершілікке, рухани тазалыққа жетелеуде дәріс сабақтарының, практикалық сабақтардың маңызы зор. Ең бастысы, рухани құндылықтарымызды дәріптеуші оқырман тәрбиелеуді мақсат етеміз.

Бүгінгі таңда М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытқанда «антропоэзектік» парадигманы кеңінен қолдану орынды болмақ. Себебі, ұлы жазушы өз әңгімелерінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі мәселелерін көтергенде оларды адами құндылықтармен сабақтастыра байланыстырып басты нысанаға адамды алып отырған. Сондықтан көркемдік шеберлікпен қатар реалистік суреттеу әдісін кеңінен пайдаланып түрлі кейіпкерлердің бастан кешкен тағдырын адами факторлар арқылы тереңінен танытқан. Мұндай суреттеулердің көпшілік жағдайында жазушының басты кейіпкерлері ауыр трагедиялық тағдырға душар болып, көркем әңгімелеріндегі өмір шындығының көріністерінің суреттелуі салмағы арта түсті. Мәселен, жазушының тұңғыш көлемді әңгімесі «Қорғансыздың күнінде» суреттелген оқиғалар желісі мен басты кейіпкерлері өмірде болған нақты тарихи жағдайдан алынған. Қазіргі таңда әдебиет зерттеушілері мен әдебиетті оқытушы ұстаздар заманға сай интерпретациялап жазушының осы әңгімесін түрліше талдап мәні мен мағынасын, автордың негізгі идеясын жас ұрпаққа сан қырынан түсіндіріп келеді. Бұл бүгінгі оқыту жүйесіндегі әдістемелік технологиялардың сан түрлі стратегияларын қолдану арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыруда орынды да болар. Дегенмен, осы тұста ұлы реалист жазушының әңгімелеріндегі тарихи факты мен өмір шындығының суреттелуін әсте естен шығармағанымыз абзал. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Қорғансыздың күні» әңгімесі өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған.

Тіпті шығармадағы тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар.... Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны» әлі де көрінеді [4, 420]. Ал шығармадағы кейіпкерлер аттары көркем әдебиеттің ішкі заңдылығына сәйкес протатиптік бейнелермен беріліп өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс – Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір – Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған Ғазиза – М. Әуезовті жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы жазушының тетелес інісі Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967), «Жас Мұхтар» (1977), Ғайса Сармурзиннің «Өмір сабақтары» (1975), «Өнеге» (1977), Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе!...» (1997) атты кітаптарында толық мағлұматтар берілген.

Ғылыми негізделіп нақты деректермен қамтылған аталмыш еңбектерге сүйене отырып жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін қазіргі білім беруде қолданылып жүрген түрлі әдістермен парадигмалар негізінде оқытқанда шығарманы жазуда жазушының өзі қолданған реалистік суреттеу әдісін де қатар қолданғанымыз жөн. Ал біз сөз етіп отырған «антропоэзектік» парадигманы реалистік суреттеу әдісімен қатар оқытып, жастардың санасына сіңірсек бүгінгі оқытудың бір мақсатына қол жеткізгендігіміз болмақ. Ол үшін шығармадағы оқиғаның өмірде болған шынайы оқиғаның негізінен алынып кейіпкерлердің аттары өзгертілгенімен басты нысан ретінде адам мен оның бойындағы ала-құлалы қасиеттердің қатар көрініс табуын ашып көрсеткеніміз орынды. Жазушының Ақан болыстың озбырлығы мен зұлымдығы Ғазизаның пәктігі, арлылығы секілді қарама-қарсы адами қасиеттерді ашып суреттеуі де жайдан-жай емес. Мұндай бояуы анық жазылған шығарманы оқушы оқырмандар адамның адамшылығы ең алдымен оның бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты болатындығын аңғарып, жамандық пен зұлымдықтан бойларын таза ұстауға ұмтылып дүниедегі барлық тіршіліктің өлшемі адамға байланысты екендігін түсінеді.

М. Әуезовтің көлемді де көркемдік-идеялық жағынан ауқымды «Қараш-Қараш оқиғасы» әңгімесін санаулы сағаттарда оқытудың күрделі әрі жауапты екендігі белгілі. Аудиторияда оқылған дәрістер мен практикалық сағаттардың барысында әңгіменің көркемдік-идеялық ерекшелігіне талдау жасатып, көркемдік әлеміне бойлату маңызды. Олай болса әңгіменің композициялық құрылысын, көркемдік идеясын, образдық кейіпкерлер бойынша талдау жасату, жазушының кейіпкер сомдаудағы шеберлігін қарастырғанда студенттердің өз беттерімен ізденісін ұйымдастырған тиімді болмақ. Бақтығұл бейнесі арқылы заман шындығын ашқан жазушының табысы, шешімі туралы ой қозғау үшін студенттермен проблемалық сұрақтар, зерттеу сұрақтары арқылы диалог жүргізуді ұйымдастыру көздейміз. Ол үшін төмендегі детальдан бастаған орынды. Кез келген мәтіннің оқырманын дайындау өз қолымызда десек, сол мәтіннің көркемдік-идеялық ерекшелігін талдау барысында, шағын жоспар құрғызып, төмендегі кестені ұсынған тиімді. Әр студенттің өз ойы, өз қиялы, өз болжам-пікірі бар десек, сол еркіндікпен өз тұжырымдарын жасап, мәтінмен жұмыс жасауға болады. Бұл, әрине, тәжірибелік кезеңде жүзеге асырылатын жұмыстар.

Кесте 1

Бөлімдер	Тақырып	Басты оқиғалар	Кейіпкерлер
I	Іштегі кек		
II	Жортуыл		
III	Қашқын		
IV	Пана іздеу		
V	Адасқан өмір		
VI	Екі жүзділер		
VII	Қуғын		
VIII	Алынған кек		

Келесі кезеңдерде, «Бақтығұлдың мақсаты қандай?», «Жарасбайды өлтіргенімен Бақтығұл өз мақсатына жетті ме?» деген сауалдарды қоя отырып, әр студенттің ойын, пікірлерін тыңдау. М. Әуезовтің басты кейіпкер Бақтығұл арқылы шығарманың негізгі идеясын ашуға ой салдырады. Әңгімені бас кейіпкер тағдыры арқылы шебер қиюластырады. Жауыздық пен мейірімділік, екіжүзділік пен сатқындық сынды қасиеттердің тартысын, адамның ішкі жан күйзелісін жазушы шебер суреттейді. Міне, осы мәселелерде, жазушының суреткерлік шеберлігі мен шығарманың көркемдік-идеясын ашудағы шеберлігіне талдау жасатуда іздену қажет.

Тәжірибеде кеңінен тараған келесі талдаудың тағы бір тиімді түрі – проблемалық талдау. Ол туралы әдіскер-ұстаз Қ. Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде: «Проблемалық талдау танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді...» [5, 68].

Жай сұрақтар	Проблемалық сұрақтар
1. Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па?	1. Қалай ойлайсыңдар? Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?
2. Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді?	2. Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?
3. Ұрлыққа, барымтаға бару себебін түсіндіріңдер. Оны мұндай әрекетке кім жұмсайды?	3. Жаратылысында ары таза Бақтығұл соншама азғындап, ұрлық жолына неге түседі? Кінәлі кім?

Проблемалық сұрақ бір мәселені ғана қамтымайды, яғни әрі әдеби айтыс, әрі зерттеушілік әңгіме, диалог төңірегінде болады. Проблема шешу үшін студенттің ізденуіне, өз ойын дәлелді айтуына мүмкіндік орнату маңызды. Әңгіменің көркемдік-идеялық ерекшелігін, ондағы көтерілген мәселені шешуде проблемалық сұрақтың маңызы зор. Бұл тапсырмалардың студенттер үшін бірлескен топта тәжірибелік жұмыстар жасауына әкеледі. Ал әңгімені тереңірек талдауда оқиғалар да қоюланып, тартыстар да шиеленісе түсетіні белгілі.

Талқылау мен бақылау. «Қараш-Қараш оқиғасында» практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан-дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі, тілі де күрделі (сөйлеулердің ұзақ, құрмалас сөйлемдерге құрылуы, пейзажды беруде бейнелі, образды суреттеулердің молынан кезігуі диалогтер мағынасының астарлы ойларының тереңдігі, т.б.)» [7, 104].

Әңгімені талдау барысында табиғат суреттеріне барлау жасатудың да өз тиімділігі бар. Автордың шешімі, көзқарасы осы бір тұста көрініс тапқанына назар аударту. Дәріс сабағы болса да, тәжірибелік сабақ болса да мына мәселе төңірегінде ойландырамыз: «Жазушының Бақтығұл бейнесін сомдаудағы көздеген мақсаты, шешімі» деген мәселе төңірегінде іздендіру жұмысын жүргізу тиімді. Іздендіру, зерттеу жұмыстарын да тиімді жолға қою, студенттерге проблемалық сұрақтар төңірегінде ғылыми реферат, ғылыми хабарлама, ғылыми жоба жазуға тапсырмалар беру олардың қызығушылығын, дүниетанымын, зерттеушілік қабілеттерін арттырады. Мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, проблемалық жағдаят, сұрақ-жауап, диалог алаңы, зерттеушілік әңгіме т.б. әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады. Талдау барысында әдеби-теориялық ұғымдармен жұмыс жасатудың да маңызы зор. Сондай-ақ жазушының «табиғат пен адам» тұтастығын берудегі шешіміне назар аударту маңызды. Әңгіменің өн бойындағы оқиға желісі мен кейіпкердің ішкі жан күйзелісін табиғат суреттерімен астастыра берудің де мәні бар. Психологиялық иірімдер, табиғат суреттері кейіпкерлердің іс-әрекет, жан-дүниесімен астаса өріледі. Ол да әңгіменің көркемдік-идеялық ерекшелігінің бір қырын аша түсері анық. Ол туралы: «Демек, шығармадағы табиғат суреттеріне назар аударудың үлкен мәні бар екен. Өйткені ол айтылмақ негізгі идеяны, басты кейіпкердің жан-дүниесіндегі психологиялық нюанстарды студент санасына әсерлі жеткізуге көмектеседі. Шығармадағы қайғылы уақиғалардың қауіпті де, қорқынышты қалтарыстарына сай табиғат та өзінің көңілсіз, күнгірт суреттерімен көрінеді. Сондықтан жазушы табиғатты әр кезеңде күнгірт, қоңыр, сұрғылт бояуынан ажыртпайды», - дейді Р.Х. Құтхожина [6, 156]. Талдаудың бұл түрі көркем шығарманың идеясын тереңірек түсінуге жетелейді.

Нәтижелер. Бір әңгіменің ғана төңірегінде бірнеше мәселені ашуға болатындығына көз жеткізіп отырмыз. Осы тақырыпты терең зерделесек, тақырыпты қосымша материалдармен, ғылыми еңбектермен байыту тиімді. Тақырыпқа сай ғылыми еңбектерді сұрыптап беріп, ары қарайғы ойдың ғылыми дәлелдермен өрбуіне де негіз болу өз қолымызда. Әңгіменің желісін талдау бірте-бірте күрделене түседі, көлемді мақалалармен, ғылыми еңбектермен жұмыс жасауға дағдыландыруға болады. Сонымен қатар студенттердің тілін ұстартуда, шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының түрі көп. Олардың ойлау қабілеттерін, қосымша ғылыми еңбектермен жұмысқа төселтіру дағдыларын дамытуда да орайлы берілген жазба жұмысы нәтижелі болады. Әрі ауызша сөйлеу дағдыларының ендігі кезекте жазбаша дамытуына жол салады.

Қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады, басқаша айтсақ жеке тұлға білім алу арқылы дамитын болса сол білімге жаңа әдістемелерді енгізуге өзі де үлес қосады. Ұлы жазушы М. Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалардың негізінде оқып, тану арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, М. Әуезовтің туындылар қазақ әдебиетін озық әдебиеттердің қатарына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, талантын, ұлттық характерін бүкіл әлемге танытты. Халқымыздың кемеңгер жазушысы, сөз зергері, қоғам қайраткері, ғалым, ұлт жанашыры Мұхтар Әуезовтің есімін мақтанышпен айта аламыз. Әлем жұртшылығы М. Әуезовтің «Абай жолы» арқылы ұлтымызды таныды, қаламгердің ұлылығын, шеберлігін мойындады. Ол туралы біршама зиялы, ойшылдарының пікірлері жазылды. Жазушының биік талғамын, мәдениеті мен шебер суреткерлігін таныту әр заманның еншісінде қала бермек. Заман озған сайын жаңа буын, жаңа ұрпақтың келуі – заңдылық, ал М. Әуезовтің мұрасы қаншама ғасыр өтсе де ұрпақ тәрбиелеу мәселесінде құнды болмақ.

Қазір жоғары білім беру жүйесінде оқыту үдерісін ұлттық құндылықтарға бағыттау, соның негізінде тәрбиенің құралы ету маңызды болып отыр. «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға

мойынұсынушылық», – деп атап көрсеткендей, ұрпақ тәрбиесіне арқау болған ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, жаңғырту, тәрбие құралы етіп пайдалану маңызды. Ендеше, М.Әуезов мұрасының бергенінен берері әлі де мол, уақыт озған сайын өз іздеушілерін табады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Жазушы жолы / Кітапта: Мұхтар Әуезов тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
2. Серғалиев М. «Қорғансыздың күні» – композициясы мен тілі. // Абай. – 1997. – №2-3. – 39-42 бб.
3. Рахманова Н.М. Әуезовтану дәрістері. Оқу құралы. – Алматы: Кітап, 2010. – 354 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – 2 том. – Алматы: Дәуір, 2014. – 480 б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Рауан, 1997. – 272 б.
6. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 282 б.
7. М. Әуезовтің педагогикалық, психологиялық көзқарасы және оның творчествосын орта мектепте оқытудың методикасы. – Алматы: Жібек жолы, 1987. – 175 б.

А.А. АЗАТБАҚЫТ

ВКУ им. С. Аманжолова, г. Усть-каменогорск, Казахстан

А.М. КАРТАЕВА

ВКУ им. С. Аманжолова, г. Усть-каменогорск, Казахстан

МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ РАССКАЗОВ М.АУЕЗОВА

Аннотация. В статье рассматривается творчество М. Ауэзова. Произведения писателя в 20-е годы поднимают общечеловеческие проблемы. Первые рассказы отличались художественной и идейной основой, поднятыми актуальными вопросами. Рассматриваются способы обучения художественным и мировоззренческим особенностям рассказов писателя. М. Ауэзов собирает литературный анализ и методы, основанные на передовой практике, предлагает новые эффективные методы. Демонстрируется эффективность широкого использования «антропоцентрической» парадигмы в исследовании художественной литературы М. Ауэзова. Анализируется важность использования авторской методики реалистического описания при изучении рассказа «Сиротская доля» на основе парадигм с различными приемами, применяемыми в современном образовании. Анализируется опыт художественно-идеологически масштабного рассказа М. Ауэзова «Событие на Караш-Караш» в использовании выразительного чтения, ролевой игры, проблемных ситуаций, вопрос-ответ, диалоговой площадки, исследовательской беседы и др. Автор подчеркивает важность творчества М. Ауэзова в воспитании подрастающего поколения в современной системе образования.

Ключевые слова: рассказ, художественная идея, проблемный вопрос, литературный анализ, художественная реальность.

A.A. AZATBAKYT

East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan

A.M. KARTAYEVA

East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan

METHODS OF TEACHING M.AUEZOV'S STORIES

Abstract. The article is devoted to the creative skills and writing talent of M. Auezov, who has become an honorary name in the world. The works of the writer M. Auezov, who rose to the world level with his first stories in the twenties, raise a problem common to all mankind. The first stories, which raised the issues not only of one nation, but of all mankind, were distinguished by the artistic and ideological basis, the issues raised. From this point of view, the ways of teaching the artistic and ideological features of the first stories and short stories of the writer in higher education are considered. It collects literary analysis and methods based on best practices and offers effective methods. The authors showed the effectiveness of the widespread use of the "anthropocentric" paradigm in the study of M. Auezov's fiction. They analyze the importance of using the writer's own method of realistic description when teaching the story "Korgansyzdyn kuni" on the basis of paradigms in different ways used in modern education. The experience of M. Auezov's large-scale and artistically-ideologically large-scale story "Karash-Karash okigasy" in the use of expressive reading, role-playing, problem situations, question-answer, dialogue platform, research conversation is shown. The author emphasizes the importance of M. Auezov's works in the upbringing of children in modern education system.

Key words: story, artistic idea, problematic question, literary analysis, artistic reality.

References

1. Muqnov S. Jazyshy joly / Kitapta: Muhtar Áýezov taǵlymy. Ádebi-syn maqalalar men zertteýler. Qurast. R.Nurǵaliev. – Almaty: Jazyshy, 1987. – 432 b.
2. Serǵaliev M. «Qorgansyzdyn kuni» - kompozitsiýasy men tili. - // Abaı. – 1997. – №2-3. – B. 39-4.
3. Rahmanova N.M. Áýezovtaný dáristeri. Oqy quraly. – Almaty: Kitap baspasy, 2010. – 354 b.
4. Áýezov M. Shyǵarmalarynyń elý tomdyq tolyq jınaǵy. – Almaty: «Dáýir», «Jibek joly», 2014. 2-tom: Maqalalar, ángimeler, aýdarmalar, pesalar. 1921-1925. – 480 b
5. Bitibaeva Q. Ádebietti tereńdetip oqytý. – Almaty: Raýan, 1997. – 272 b.
6. Bitibaeva Q. Ádebietti oqytý ádistemesi. – Almaty: Raýan, 1997. – 282 b.
7. M.Áýezovtiń pedagogikalıq, psihologialıq kózqarasy jáne onyń tvorchestvosyn orta mektepte oqytıdyń metodıkasy. Metodikalıq jınaq. – Almaty: 1987. – 175 b.

Авторлар жайлы мәлімет:

Азатбақыт Айнур Амангелдіқызы – С. Аманжолов атындағы ШҚУ докторанты, Өскемен, Қазақстан.

Азатбақыт Айнур Амангельдиқызы – докторант ВКУ им. С. Аманжолова, Усть-каменогорск, Қазақстан.

Azazbakyt Ainur Amangeldikyzy – doctoral student of East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Kazakhstan.

Картаева Айжан Маратбекқызы – ф.ғ.д., С. Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Картаева Айжан Маратбековна – д.ф.наук, профессор ВКУ им. С. Аманжолова, Усть-каменогорск, Қазақстан.

Kartayeva Aizhan Maratbekkyzy – doctor of philological sciences, Professor of East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Kazakhstan.

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА

КеАҚ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

sareke.kk@gmail.com

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатыны жайында қарастырылып, ойшыл-ақынның ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігі айқындалған. Абай Құнанбайұлы ғылым мен білімді жай ғана сауатты болу үшін емес, оған белгілі бір мақсатты айқындап бергендігін және білім мен ғылымды үйренудің басты екі мақсатын көрсеткені айтылған. Оның бірі – Абай шығармаларының басты концепциясы «кемел адам» болу үшін қажет екендігі, екіншісі білім мен ғылым арқылы Қазақтың Тәуелсіздігіне қызмет ету керек екендігі ақынның өлеңдері мен Қарасөздерін арқылы дәлелденеді. Білім мен ғылымды игерген тұлға ретінде өзінің ұлы Әбіштің бейнесі арқылы көрсетілгендігі айтылады. Абай Құнанбайұлы шығармаларында келтірілген ғылым мен білімге қатысты тұжырымдардың қазіргі таңда да күн тәртібінен түспеген өзекті мәселелер екені қазіргі жағдаймен салыстырыла зерделенеді.

Түйін сөздер: қазақ, Абай Құнанбайұлы, Қарасөздер, өлең, білім, ғылым, сөз мағынасы.

Кіріспе. Абай Құнанбайұлының шығармаларында ең негізгі тірек ойдың бірі – ғылым мен білім. Жалпы кез келген адам, кезген келген ұлт дұрыс өмір сүру үшін, ең алдымен ғылым мен білім керектігін ойшыл ақын дөп басып айтқан. Хакім Абайдың қара сөздерінде де, ақын Абайдың өлеңдерінде де тірек ұғымның бірі – ғылым мен білім.

Абай Құнанбайұлының еңбектері бойынша ғылым мен білімге қатысты қандай мәселелерді қарастыруға болады десек, мынадай мәселелерді көрсетуге болады деп ойлаймыз. Ең алдымен, ұлы ойшыл-ақын үшін ғылым мен білім дегеніміз не, яғни оған қандай анықтама беруге болады? Ары қарай, анықтамасын біліп алғаннан кейін ғылым мен білімге қол жеткізудің жолдары, зерттеудің әдістері, ғылымның салалары, ғылым мен білім нәтижесі, ғылым мен білімді сақтау жолдары, ғылым мен білімді сақтауға кесірін тигізетін нәрселер мен ғалым деген кім деген мәселелердің ерекшеліктерін Абай Құнанбайұлының Қара сөздері мен өлеңдерінде арқылы түсіндіруге болады деп ойлаймыз.

Біз бұл мақаламызда Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ғылым-білімнің пәні мен нысанын және оның қандай мақсатта пайдалануға болатынын түсіндіруге тырыспақпыз.

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімді жеріне жеткізіп айтқаны, өзі ғылым мен білімді өте жақсы білген және түсінгендігін Ахмет Байтұрсынұлының пікірімен келтірсек: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап, тартынбаған. Хақиқаттыхақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған [1].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған, сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар», – дейді, кезінде «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы [2, 593].

Ғылым-білімнің пәні мен нысаны және оның мақсаты. Абай Құнанбайұлы ғылым мен білімді жай ғана сауатты болу үшін үйрен демейді, оған белгілі бір мақсатты айқындап береді. Білім мен ғылымды үйренудің басты мақсаты – Абай шығармаларының басты концепциясы «толық адам» болу үшін, ең алдымен, адамға білім мен ғылым керек екендігі Қара сөздерінде де, бірнеше өлеңінде де қайталап айтылады. Әйгілі Отыз сегізінші Сөзінде: «Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді». Сонымен қатар тағы да былай қосады: «біздің бастағы тағриф бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болады. Белгілі жәуанмәртлік үш хаслатбірлән болар деген, сиддиқ, кәрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддиқғадаләт болар, кәрәмшафағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында алла табарақауатағалатәхмин бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халіншекәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. Бұлар – өз иждиһадіңбірлән ниет халисбірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ», – деп, нағыз адамгершілікті адам болу үшін ізденіп, білім мен ғылымды үйрену керек екендігін айтады. Бұл сөздің қорытындысын Оныншы Сөзден табамыз: «малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды». Бұл айтылғандар, адамның адам болуы үшін, адамгершілікпен өмір сүруі үшін, яғни алланы тану үшін, жасаған ғибадатыңның мән-мағынасын білу үшін ғылым мен білімді үйренуді мақсат етеді. Мақала жазу барысында талдау, салыстыру, түсіндірмелі әдістер басшылыққа алынды.

Талқылау мен бақылау. Ғылым мен білімді үйренудің тағы бір мақсатын өзінің жиырма бесінші Қара сөзінде жақсы айтады: «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. *Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!»*

Бұл жердегі орыстың ғылымы деп айтқанын, әлемнің ғылымы деп түсінуіміз керек. Себебі сол кездегі Қазақ қоғамы үшін Батыс мәдениетіне, ғылым мен білімге орыс арқылы шығатынымыз белгілі еді. Мұны орысқа табыну деп түсініп, басқа мағынаға бұрудың қажеті жоқ. Себебі осы жиырма бесінші Қара сөзінде келтірген мына сөзді тағы да қайталап келтіріп отырмыз, «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. «Ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік», – деп, орыстың бодауында қорлық көре бермей, өзіміздің құқығымызды аяққа таптатқызбау керектігін, олардың айтқанына көне бермеу керектігін айтып отыр.

Белгілі Абайтанушы, профессор Т.Қ. Жұртбай: «Абай жаһангерлік бодандықты, рухани тәуелділікті, ұлттық езгіні өте жақсы сезінді. Сонда өз қолыңнан билігің кетіп отырған нәрсені не? Тәуелділік! Тәуелділік болғанда жай тәуелділік емес, толық тәуелділік!»

Осы толық тәуелділік дегеніміз не? Ол – экономикалық, саяси-әлеуметтік, әкімшілік және ең бастысы рухани тәуелділік! Абай сол тәуелділіктің әр қайсысын терең сезініп, құмыға отырып өлеңмен ой түйген. «Үмітсіздіктің басы» жеке өзінің тағдырында емес, Елінің басыбайлылығында жатыр. Ол – елінің ертеңін ойлап түңілген. Абай жеке өзінің ғана емес, мұқым елінің рухани бостандығын аңсаған. Ол Елін емінтіп қойған басыбайлылықты «өңшең нольден» көрген. Соған іші удай ашыған», – дейді [3,18-19].

Жиырма бесінші Қарасөздегі ойларын Абай Құнанбайұлы «Интернатта оқып жүр» өлеңінде де толық береді.

Абай Құнанбайұлы Білім мен ғылымды тек айтып немесе үгіттеп қана қоймайды, өзі соған бас болып, ең алдымен, өзінің сүйікті ұлы Әбдірахманды оқытады. Және ғылым мен білімді жақсы меңгерген адамның бейнесін де осы өзінің көп үміт артқан ұлы Әбдірахманға арнап жазған өлеңдерінде Әбіштің бейнесі арқылы береді. Бұл өлеңдер Әбішті жоқтап жазған өлеңдері еді. Ал қазақ халқында жоқтау өлеңдерінде адамның тек шынайы бейнесі ашылатыны белгілі. Дана ақынымыз Абай Құнанбайұлы Әбіштің адамдық қасиеттерімен қоса, оның ғылым мен білімге құштар болғанын жақсы көрсетеді. Өлеңге сөз берсек:

*Кешегі өткен ер Әбіш
Елден асқан ерек-ті.
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
**Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.**

*Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
**Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің.***

Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған.
Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.*

Ғылым оқып білгенше
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздеп жатпаған.

*Аз өмірін ұзайтқан,
Ғылымға бойы толған соң.
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.
Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібірқалмады.
**Хабарланып әр тұстан,
Көрмейдамылалмады.**

***Тәуекелзор, ақыл мол,
Қорықпайтосқантағдырын.
Қиынсынбайөлімдіол,***

Білдірмеген еш сырын.

Данышпан Абай Құнанбайұлы өзі көп үміт артқан сүйікті ұлы Әбіштің ғылым мен білімге қабілетін біліп, өзі арнайы оқуға береді. Біз келтірген өлеңдері, негізінен, Әбіш о дүниеге аттанған соң жазылған, яғни қазақтың «Әке балаға сыншы» деген мақалында айтылғандай, хакім атамыздың қазақты қалай көргісі келсе, соны өзі бастап, өз ұлы Әбіштің ғылым, білімге деген талпыныс мен қабілет-қарымын байқап, сол білім мен ғылымды үйренуіне бар жағдайды жасайды. Абайтану ілімінің негізін қалап, алғашқы зерттеу мақаланы Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан жазғаны белгілі. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты азалы ғұмырнамасында Әбіш туралы: «Екінші баласы Әбдірахман қалалық училищені бітіргеннен кейін Абай оны жылына бірнеше жүз сом қаржы шығара отырып Тюменьдегі Реалды училищеге береді. Абай – оқу үшін осынша көп ақша шығарған алғашқы қазақтың бірі. Әбдірахман Тюменьнің реалды училищесін тәмамдаған соң Петербургтегі технологиялық институтқа аттанады. Онда бір танысының (Лосевский мырзаның) кеңесімен Михайлов артиллерия училищесіне түседі. Өкінішке қарай, өз еліне қамқорлығы тиеді деп үміт еткен Әбдірахман Артиллерия академиясына баруға дайындалып жүрген кезінде, 1895 жылы өкпе ауруынан қайтыс болады» [1].

Білім мен ғылым мәселесінің өзектілігі күн тәртібінен түспейтінін ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтады: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. ... Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу» [4].

Ғұлама Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ең негізгі тақырып Ғылым мен білім екенін «Абай тілінің сөздігіндегі» сөздердің қолданылу жиілігінен де көре аламыз. *Алу, беру, болу* секілді қазақ тіліндегі ең белсенді қолданылатын етістіктерді айтпағанда, *Адам, бала* секілді зат есімдерден кейінгі орында тұрған осы ғылым, білім сөздері екендігіне көзіміз жетті. Мысалы, «Ақыл» сөзі – 199 рет, білім – 31 рет, білімді – 8 рет, ғалым – 15 рет, ғылым – 111 рет, ғылым-білім – 4 рет жеке тұрған сөз ретінде пайдаланылған. Бұл біз негізгі сөздерді ғана келтірдік, білім мен ғылымға қатысты сөздерді барлығын келтірсек, бұл тізімді ары қарай толықтыра беруге болады [5].

Нәтижелер. Академик З.Ахметовтың «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім артады» [6, 75] – деген пікірі де сөзімізді нақтылай түседі.

Бұл пікірді, Абай шығармаларының тілін арнайы қарастырған академик Р.Сыздықтың «Азаматтық сипаттағы оқу-ағарту мен ғылым-білімге қатысты сөздер Абай өмір сүріп, жазушылық құрған ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ тілі тарихында маңызды рөл атқарған мәдени факторлардың бірі – білім тарату ісі болды. Мұның өзі екі түрлі: діни және дүнияуи, яғни азаматтық (орысша светское, гражданское образование). ... Сондықтан Абай лексикасынан азаматтық уклондағы оқу-ағартуға және жалпы білім-ғылымға байланысты

көне-жаңа едәуір сөзді тауып, талдауға болады, – деп, Абай Құнанбайұлы шығармаларында кездесетін білім-ғылымға байланысты *мектеп, школ, медресе, оқу, интернат, ұстат (ұстаз), шәкірт, білім, ғылым, ғалым, хакім, сабақ, жазу, хат, түркітану, кітап, қарін, қалам, сия, қағаз т.б.* білім-ғылымға қатысты сөздерге толықтай лексикалық талдау жасайды [7, 217-225].

Қорытынды. Жалпы ғылым дегеніміз не деген сұраққа жауап іздер болсақ, Түсіндірме сөздіктерде: «Ғылым (лат. scientia – білім) – уақыт пен кеңістікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын объективті түсіндіретін, эксперимент пен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы. Жалпы тұрғыда ол жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді. Яғни, ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе», – деп түсіндірілген [8, 183].

Яғни Ғылым деген сөзді латын тілінен аударса, білім деген сөзбен түсіндіріліпті. Абай Құнанбайұлының Бірінші Сөзіндегі: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік», – деп, ғылым туралы ойын айтып алады. Ал Отыз сегізінші Сөзінде: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады», – дейді. Яғни әр нәрсенің түбін, кереметін білмекке деген ынтаның өзі, сөздікте түсіндірілген: «зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын жайында жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы» деген анықтаманы басқаша түсіндіру деп есептейміз.

Сонымен, мақаламызды қорытындылай келе айтарымыз, ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған және өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқан Абай Құнанбайұлының еңбектерігуманитарлық білімде дидактикалық тұрғыда да қарастырылуы керек.

Әдебиеттер

1. Бөкейхан Әлихан. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы // <https://abai.kz/post/12396>
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
3. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
4. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // www.akorda.kz
5. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
6. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
7. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ел-Шежіре, 2014. – 384 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

К.К. САРЕКЕНОВА

НАО Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ЦЕЛЬ ОСВОЕНИЯ ЗНАНИЯ И НАУКИ ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ

Аннотация. В статье рассматриваются отношения к науке и образованию в произведениях Абая Кунанбайулы. Поэт был философом и просветителем. Абай Кунанбайулы подчеркивал, что наука и знание должны преследовать две главные цели. Первая цель – быть «совершенным человеком», вторая – служить независимости казахов. Выводы, касающиеся науки и образования, приведенные в произведениях Абая Кунанбайулы, остаются актуальными и сегодня.

Ключевые слова: казах, Абай Кунанбайулы, смягчение слова, стихотворение, образование, наука, значение слова.

К.К. SAREKENOVA

L. N. Gumilyov Eurasian national University
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

THE GOAL OF MASTERING KNOWLEDGE AND SCIENCE BASED ON THE WORKS OF ABAI KUNANBAYULY

Abstract. The author of the article examines the subject and object of science and knowledge in the works of the main Kazakh poet Abay Kunanbayuly and for what purposes it can be used, reveals that the poet is a philosopher who perfectly possessed knowledge and science and spread knowledge and science to his native land. Abay Kunanbayuly stressed that science and knowledge should not just be literate, but set a specific goal for him and outlined two main goals in the study of knowledge and science. One of them is that the basic concept of Abay's works is necessary in order to be a "perfect person", the other is to serve the independence of the Kazakhs through knowledge and science. As a person who has mastered knowledge and science, it is expressed through the image of his son Abish. The conclusions concerning science and education presented in the works of Abay Kunanbayuly are studied in comparison with the fact that at present issues that were not included in the agenda remain relevant. In the works of Abay Kunanbayuly, a language analysis of words related to education and science is carried out, statistical data on their meanings and frequency of use are provided. In conclusion, it should be noted that the issues of knowledge and science occupy a special place in the works of Abay Kunanbayuly, which reflect national identity, world, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit.

Key words: Kazakh, Abai Kunanbayuly, softening of the word, poem, education, science, meaning of the word.

References

1. Bokejhan Alihan. Abaj (Ibragim) Kunanbaevich // <https://abai.kz/post/12396>
2. Bajtursynov A. Problemy kazahskogo jazykoznanija. – Almaty: Abzal-Aj, 2013. – 640 s.
3. Zhurtbaj T. Kujesin, zhurek... sujесin. – Almaty: Sanat, 2001. – 408 s.
4. Tokaev K.K. Abaj i Kazahstan v XXI veke // www.Akorda.kz
5. Slovar' abajskogo jazyka. – Almaty: Iskusstvo, 2011. – 616 s.
6. Ahmetov Z. Pojeticheskij mir Abaja. – Almaty: Ana tili, 1995. – 272 s.
7. Syzdykova R. Jazyk proizvedenij Abaja – Almaty: Jel'-Shezhire, 2014. – 384 s.
8. Tolkovyj slovar' kazahskogo jazyka. – Almaty: Dajk Press, 2008. – 968 s.

Автор жайлы мәлімет:

Саркенова Қ.Қ. – ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Саркенова Қ.Қ. – к.ф.н., ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

Sarekenova K.K. – candidate of Philological Sciences, associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.
2021. – 4. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 78 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.